Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
(оқыту қазақ тілінде емес)

7-сынып
ОҚУЛЫҒЫ

1-бөлім

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің
Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы ұсынған

Рекомендован Республиканским научно-практическим центром экспертизы содержания образования
Комитета по обеспечению качества в сфере образования
Министерства просвещения Республики Казахстан

Көкжиек-Горизонт
2025

Репликак-Оригинал

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз+83.3 (5Қаз)
Қ17

Авторлар: ***Оразбаева Фаузия Шамсиқызы***
Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы
Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы
Рауандина Айтжамал Қалкенқызы
Мукеева Бибігүл Қазбекқызы

Баспаішілік сараптама: ***Сеилханова Рахила Бексовна***, ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), білім саласының профессоры

Рецензенттер: ***Шойбекова Газиза Бейсенбековна***, ф.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры
Ерназарова Гульжахан Пердахановна, педагог-зерттеуші

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған оқулық (оқыту қазақ тілінде емес). Екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мұкеева. — Қайта басылым. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2025. — 152 б.

ISBN 978-601-363-131-8 (1-бөлім)
ISBN 978-601-363-129-5 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз+83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-363-131-8 (1-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2025
© Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева, 2025

Құрметті жас дос!

Бұл оқулық сені айналаңдағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірлесуге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

Оқулық сабақтарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысасың. Тіл мен әдебиетті қатар меңгересің. Сені қызық тапсырмалар күтеді: қазақша сөйлей білуді, пікіріңді дәлелдеп айтуды үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысасың, мақал-мәтел арқылы ойыңды түйіндеп жеткізесің; дербес, жұптық топтық тапсырмаларды орындайсың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуге көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, қоршаған ортаңды танып, өз ойыңды еркін жеткізуге, сырыңды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындай отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсең, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақтардың шешуін тапсаң, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсең, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Шартты белгілері:

 — жұптық жұмыс

 — топтық жұмыс

 — жобалық жұмыс

 — функционалды сауаттылық

 — сыни тұрғыдан ойлау

 — тыңдалым

1 ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ — ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫП-ҮЙРЕНЕМІЗ
ҮШ ТІЛДІ БІЛУ — ҮЛКЕН ӨНЕР
М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі

1—2 САБАҚ

Көп тіл білгім келеді

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

көптілді, оқып-үйрену, бап, аударма сөздік, туған тіл, жетік деңгей, меңгеру

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөйлемдерді оқы. Өз ойыңды айт. Қазақ тілін білу не үшін керек?

1. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңының 4-бабында былай деп жазылған: «Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі».
2. Мемлекеттік тілді білу — Қазақстанның әр азаматының міндеті.
3. Әр қазақстандық мемлекеттік тілді оқып-үйренуі керек.
4. Қазақ тілін білген адам қазақ халқының тарихын, мәдениетін біледі.
5. Көптілді адам болу — үлкен жетістік.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
1. Қанатты сөздерді оқы. Тіл туралы өзіңе ұнаған мақал-мәтел мен нақыл сөздерді жазып ал.
2. «Сөзден сөз туады» ойыны. БІЛІКТІЛІК сөзінің құрамындағы әріптерді қолданып, жаңа сөздер тудырып жаз.

Үлгі: *біл, тіл, ...*

1. Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл.
(Мәтел)
2. Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.
(Мақал)
3. Көп тіл білген адамның жолы даңғыл.
(С. Шаймерденов)
4. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.
(Бауыржан Момышұлы)
5. Ана тілін білмейтін адам бір қолы жоқ шолақ адам сияқты.
(Ғабиден Мұстафин)

ТІЛДІК БАҒДАР

Көмекші есімдер

Көмекші есім — лексикалық мағынасынан айырыла бастаған, **сөйлемде зат есімдермен тіркесіп қолданылатын есім сөздер.** Көмекші есімдер: *түбі, шеті, бойы, жаны, маңы, төңірегі, қасы, арасы, ортасы, іші, басы, жағы, соңы. Мысалы: өнер алды — қызыл тіл, тілді оқып-үйрену курсының басы.* Көмекші есім тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұрады: *ауылдың жаны, үйдің қасы.*

Кейбір көмекші есімдер толық мағыналы сөз ретінде қолданылып, **сөйлем мүшесі** бола алады. Олар: *төңірек, айнала, маң, жақ*. *Мысалы:* Төңірек мүлгіген орман.

Көмекші есімдер **зат есіммен** тіркесіп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Мысалы: Тіл үйрену курсының соңында сертификат беріледі.



ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Кестеге көмекші есімдер тіркескен сөздерді жазып, толықтырыңдар.

Үлгі: *мектептің маңы.*

сырты	іші	қасы	асты	үсті	жаны

Мектеп Оқулығы.kz

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Керекті сөздер: ішінде, алды, артында, сыртында, артта, арты

1. Өнер ... — қызыл тіл. 2. Үй ..... кісі бар, әр нәрсемен ісі бар. 3. Мал аласы ....., адам аласы ..... 4. Адасқанның алды — жөн, ... — соқпақ. 5. Бала — ..... қалған із.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
«Кім жылдам?» Жұптық жұмыс. Бірінші оқушы зат есімді айтады, екінші оқушы оған тіркесетін көмекші есімді жылдам тауып айтуы керек. Қай жұп көп әрі дұрыс сөз тіркесін құраса, сол жұп жеңімпаз болады. Мысалы: 1-оқушы: «Көше» десе, 2-оқушы: «Көшенің бойы» деп айтуы керек.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді түсініп оқы. Мазмұнын өз сөзіңмен айт.

ТІЛДІ ОҚЫП-ҮЙРЕНУДІҢ ҚҰПИЯСЫ

Көптілді адам болу — үлкен мақсатқа жетудің бір жолы. Бірақ көп тіл білудің өз құпиялары да бар. Кез келген тілді жетік деңгейде үйрену үшін көп жаттығу керек. Әрине, алғашқыда оңай болмайды. Сөздердің аудармасын білу үшін сөздік қолданасың.

Басқа тілді үйрену үшін, ең алдымен, туған тіліңнің қыр-сырын жақсы білуің керек. Өз тіліңді жақсы білсең ғана, басқа тілді үйрене аласың.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, басқа тілде өз ойыңды жеткізу үшін 2 мың белсенді сөзді білген дұрыс. Сонда ғана кітап оқып, емін-еркін ақпарат алуға болады. Ол үшін тіл үйрену курстарына барған дұрыс. Кем дегенде 5 мың сөз игерсең, ақпарат есігі ашылады.

Қазақ тілі — көркем тіл. Ол синоним сөздерге, фразеологизмдерге, мақал-мәтелге бай. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Қазақ тілін білген адамға өзге де түркі тілдерін түсіну оңай.

Орыс тілі славян тілдері тобына жатады. Олай болса, орыс тілін білетін адам украин, белорус, поляк, чех тілдерінің ерекшеліктерін тез меңгереді.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Басқа тілді үйрену үшін ана тіліңді жақсы білуің керек.		
Басқа тілде өз ойыңды жеткізу үшін 5 мың белсенді сөз білген дұрыс.		
Тілді тез меңгеру үшін тіл үйрену курстарына барған дұрыс.		
Бір тілде 5 мың сөз игерсең, ақпарат есігі ашылады.		
Қазақ тілі славян тілдері тобына жатады.		
Қазақ тілін білген адамға өзбек, қарақалпақ тілдерін түсіну қиын.		
Орыс тілі түркі тілдері тобына жатады.		
Орыс тілін білетін адам ағылшын тілін де тез меңгереді.		

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
«Тіл үйрену қиын емес» тақырыбында эссе жаз. Эссенің құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсет.

Талаптар:
- оқылым мәтініндегі ақпараттарды қолдану;
- өз пікірін жазу;
- көлемі – 80-100 сөз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

9 -тапсырма.
Тіл үйренушілердің өз тәжірибесі туралы пікірін тыңда.









ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Тіл үйренушілердің пікірінен қандай ой түйдің? Тіл үйренуде өзіңнің қандай тәжірибең бар? Тіл үйренушілердің пікірімен келісетініңді я келіспейтініңді дәлелдеп айт.

Тіл үйренушілерден түйгенім	Тіл үйренудегі өз тәжірибем

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Сөйлемдерді толықтырып жаз.

1. Қазақстан Республикасының ... тілі — қазақ тілі. 2. Қазақ тілі — қазақ халқының ... тілі. 3. Біздің елімізде .... тілі — ресми тіл. 4. Ал ... тілі — халықаралық қатынас тілі. ... тілінде шағын әңгімелер оқимын, теледидардан деректі фильмдер көремін, ... тыңдаймын. ... тілінде шетелдегі достарыма хат жазамын. 5. Болашақта ..., ..., ... тілдерін меңгергім келеді. 6. Сөйтіп, ... адам болуды армандаймын.

Қажетті сөздер: *ана, мемлекеттік, ән, француз, көптілді, қытай, итальян, ағылшын, орыс, қазақ, корей.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Топтық жұмыс. Рөлдік ойын. «Кел, сырласайық!» Сынып төрт топқа бөлініңдер. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, суреттегі кейіпкерлердің өмірбаянымен танысыңдар. Қажетті мәліметтерді жазып алыңдар. Әр топтан 4 оқушы кейіпкерлер рөлінде қазақ тілін қалай үйренгенін және оның қандай пайдасы барын айтып, ой бөліссін. Сынып ойбөлісте шеберлік көрсеткен ең үздік топты анықтасын.

Көпшілік-Тоғжан



Ғалым
Асылы Осман



Диктор
Ирина Тен



Депутат
Геннадий Шиповских



Актриса
Майя Веронская

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.
«Көп тіл білу үшін...» тақырыбында диалог құрыңдар. Диалогте тіл туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданыңдар. Сөздеріңе көмекші есімдерді кірістіріңдер.

ЕСТЕ САҚТА!

Тіл үйренемін.
Тіл үйрену курстарына барамын.
Көптілді адам болуды армандаймын.
Қазақ тілінің ерекшеліктерін үйренемін.

Көркем-Принт

Талаптыға нұр жауар

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

қызығушылық, орысша, ағылшынша, халықаралық, білім, дағды, жеңімпаз

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Буындардан сөз, ол сөздерден сөйлем құрап жаз. Құралған сөйлемнің мағынасын өз ойыңмен таратып айт.

нұр	жа	Та	ты	уар	ға	лап

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Берілген қатардан «талапты» сөзіне синоним болатын сөздерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, тіл үйренуге байланысты 3 сөйлем құрап жаз.

білім	дарынды
дағды	ізденімпаз
деңгей	еріншек
халықаралық	өнерлі

ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Сөздерге тиісті көмекші есімдерді жалғап жаз.

Көмекші есімдер: бойында, жанында, маңында, қасында.

Елдардың үйінің ... тіл үйірмесі бар. Оның үйі көшенің ... орналасқан. Көшенің ... тал көп. Алуаның үйі мектептің ... . Мектептің ... кітап дүкені бар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

Ерекшелік-Орамзо.kz

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Құрамында көмекші есімдер бар сөйлемдерді теріп жаз.



Анна — өте талапты, ақылды, көптілді оқушы. Орыс тілі — оның туған тілі. Анна қазақша, ағылшынша жақсы сөйлейді. Әсіресе қазақ тілінде сөйлеу дағдысы жақсы. Өйткені ол түрлі әдеби шығармаларды, поэзияны ерекше ұнатады. Анна оқу жылының басында Мұқағали Мақатаев шығармашылығы туралы көп материал жинады. Ол жоба жұмысын да жоғары деңгейде дайындады. Анна жоба жұмыстары бойынша мектеп оқушыларының қалалық байқауына қатысты. Байқауда терең білімін, тіл байлығын, шешендік өнерін көрсетіп, жеңімпаз атанды. Байқауға қатысушылардың арасынан ол өзіне жақсы достар тапты.

Болашақта халықаралық байқауларға қатысуды армандайды. Өйткені Аннаның тілді оқып-үйренуге қызығушылығы өте жоғары.

«Талаптыға нұр жауар» деген — осы.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Әр сөйлем бойынша сұрақ қой.

1	Анна — өте талапты, ақылды, көптілді оқушы.	
2	Ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады.	
3	Болашақта халықаралық байқауларға қатысуды армандайды.	
4	Ол оқу жылының басында М. Мақатаев туралы көп материал жинады.	
5	Анна жоба жұмысына көп дайындалды.	
6	Анна байқауда тіл байлығын, шешендік өнерін көрсетіп, жеңімпаз атанды.	
7	Байқауға қатысқандардың арасынан ол өзіне жақсы достар тапты.	

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
АННА – ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫ.
Тірек сөздер мен мақал-мәтелдерді қолданып, сипаттау мәтінін құрап жаз.

Тірек сөздер: көптілді, талапты, байқау, ізденді, қызығушылығы, жетік деңгей, халықаралық.

Мақал-мәтелдер: Ізденген жетер мұратқа. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл. Тіл — білімнің кілті.

Талаптар:

- тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды қолдану;
- өз пікірін қосып айта алу;
- меніңше, менің ойымша және т.б. сөздерді қолдану;
- көлемі – 80-100 сөз.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Тыңдалым және оқылым мәтіндерінің мазмұны бойынша Аннаның қазақ тілін үйрену баспалдақтарын сызба бойынша жаз.

4
3
2
1

АЙТЫЛЫМ

9 -жағдаяттық тапсырма.
Диалог. Рөлдік ойын. Жағдаят: Анна жеңіске жеткеннен кейін одан «Хабар» телеарнасының тілшісі келіп, сұхбат алуы керек. Тақта алдына екі оқушыдан шығып, Анна мен журналистің сұхбатын көрсетіңіздер. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.



АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
«Оймоншақ». Топқа бөлініңдер. «Анна жоба жұмысында қалай жеңімпаз атанды?» деген сұраққа топтағы әр бала кезекпен 1 сөйлемнен құрай отырып жауап беріңдер. Сөйлемдерің бір-бірімен байланысып, соңында тұтас мәтін болып шығуы тиіс.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма. Қазақ тілін тез үйренуге бола ма? «ПОПС» формуласы бойынша өз пікіріңді жаз.**

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».
Екінші сөйлем. «Себебі мен оны .... деп түсінемін».
Үшінші сөйлем. «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
«Қазақ тілі олимпиадасына қатысқым келеді» тақырыбына мәтін құрап жаз. Мәтінде көмекші сөздерді қолдан.

АЙТЫЛЫМ

13 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: полилог. Сынып 4 топқа бөлінсін. Мектептің жанынан «Қазақ тілі үйірмесі» ашылғалы жатыр. Үйірме жұмысы оқушылардың қалауы бойынша жұмыс бағыты мен уақыт кестесін құратынын хабарлады. Сендер үйірмеде нені үйренгілерің келетінін, қай уақыт қолайлы екенін шешу үшін пікірлесіңдер, ортақ келісімге келіңдер. Сөздеріңде тілге, білімге қатысты мақал-мәтелді қолданыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Анна қазақ тілін жетік деңгейде біледі. Оның білімі терең, қазақ тілінде сөйлеу дағдысы жақсы. Ол республикалық байқауда бірінші орын алды. Болашақта ағылшынша үйренуді және халықаралық байқауға қатысуды армандайды.

Көркемөнер Горизонт

«Қазақ тілі» өлеңі

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттегі адамды танисың ба? Ол туралы не білесің? Оның қандай шығармаларын оқыдың?
2. Тіл туралы қандай өлең, әндер білесің? Айтып көр.
3. Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесің?

ЖАҢА СӨЗДЕР

ой, тең, білік, әлемдік, тұғыр, терең, ұлттық рух, жаңашылдық



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта. Мағжан Жұмабаевтың өміріне қатысты деректерді жаз. Оларды қатыстырып, түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Әлемдік, ұлы, тең, тұғыр, суреткер, білік, рух, жаңашылдық сөздерінің мағынасын анықта, олардың синонимдерін жаз.


Мағжан Жұмабаев — әлемдік деңгейдегі ұлы ақындармен тең, тұғыры биік суреткер. Оның шығармаларында терең ой бар. Ақынның шығармалары ақынның білімі мен білігін танытады.

Мағжан — «Батыр Баян», «Қорқыт», «Ертегі» атты поэмалардың және «Педагогика» оқулығының авторы. Мағжан поэзиясында отаншылдық, ұлттық рух, патриотизм бар. Оның тілі көркем, жаңашылдығы жоғары.

(Ғаламтор материалдарынан)

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Мағжан кім?» деген сұраққа жауап беру үшін төмендегі диаграмманы толтыр. Мәтіндегі деректерді кірістіріп, ақын туралы өз пікіріңді айт.



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Ақынның суретіне қара. Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, оның бейнесін сипаттап жаз.

Тірек сөздер: келбетті, бұйра шашты, кең маңдайлы, мейірімді, қыр мұрынды, қара қасты және т.б.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Өленді мәнерлеп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» көмегімен анықта.

Қазақ тілі

Күш **кеміді, айбынды** ту құлады,
Кеше батыр — бүгін қорқақ, **бұғады**.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек **солғын** соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, **қайрат, бақ, ардың**
Жауыз тағдыр жойды бәрін, не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, **кен** тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

(М. Жұмабаев)

Тегін мектеп-гимназия

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Тілге қатысты мақал-мәтелдерді, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, жоғарыдағы өлеңнің мазмұнын дамытып айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Берілген сөздердің синонимін, антонимін тауып жаз.

СӨЗ	өткір	айбынды	батыр	күшті	қос	солғын	бірлік
синонимі							
антонимі							
СӨЗ	бақ	жауыз	бағасыз	белгі	ұзақ	тарау	тарту
синонимі							
антонимі							

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
М. Жұмабаев өлеңінің мазмұны бағанда жазылған қай сөйлеммен сәйкес келетінін айт.

Ана тілім, енді ұзақ уақыт жарыққа шыға алмай жатарсың. Бірақ бізді өзіңнің бауырыңа тартарсың. Өйткені сен ең күшті тілсің!	Қатал тағдыр бізде-гі асыл, жақсы қасиеттердің барлығын жойып, жоқ қылды. Тек, ана тілі, сен ғана қалдың.	Туымыз құлады, кешегі мықтылықтан еш нәрсе қалған жоқ, батырымыз ер-кіндікке жете алмай, күрестен үмітін үзді.	Біздің ең асыл тұлғаларымыздың аты жоқ болды. Туған жеріміз естен шықты, күшті елдің үні өшті.

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма. «Қазақ тілі» өлеңін талдау үшін мынадай сұрақтарға жауап жаз.**

1. Өлең не туралы?
2. Автор оны не үшін жазған?
3. Автор өз ойын әсерлі жеткізу үшін қандай сөздерді қолданған?
4. Өлеңді оқыған соң саған қандай ой келді?

АЙТЫЛЫМ

11 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңінің мазмұны туралы досың екеуің сөйлесіңдер. Бір-біріңнің ойыңды жалғастыра отырып, автордың бұл өлеңді кімге арнағаны, не үшін жазғаны туралы айтыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

12 -тапсырма. **Өлеңді оқы. Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңімен салыстыр. Кестеге жаз.**

Туған тілім

Кімнен тудым?
Нәсілім кім?
Ұлтым кім?
Әлде мен бір аспанның сұр бұлтымын?
Бұлт емеспін.
Мен қазақпын,
Халықпын,
Көне күннен келе жатқан тарихпын!

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім.
Туған тілім – анам тілі – өз тілім.
Туған тілім – далам тілі – өз тілім.
Туған тілім – адам тілі – өз тілім.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туған тілде әнім менен сәнім бар!
Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар,
Нанбасаңдар,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

(Дихан Әбілев)

Сұрақтар	Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңі	Дихан Әбілевтің «Туған тілім» өлеңі
Өлең не туралы?		
Тілді неге теңейді?		
Қандай ортақ ой бар?		
Қандай ерекшелік бар?		

ЖАЗЫЛЫМ



13 -тапсырма. **Дереккөздерден Мағжан Жұмабаев туралы ақпарат жинаңдар. Соның негізінде «Мағжан Жұмабаев — ұлы тұлға» тақырыбында постер жасаңдар.**

ЕСТЕ САҚТА!

Мағжан Жұмабаев — әлемдік деңгейдегі ұлы ақындармен тең тұлға. Ақынның ойы терең, тұғыры биік. Мағжанның білімі мен білігі тең.

Біз отбасымызбен мемлекеттік тілде сөйлейміз

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

әңгімелесу, жолсерік, аралас, сұхбат, оқыту, тілмаш, еркін

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Ана тілім,
Жүрегісің анамның.
Жүрек-ана,
Мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мынау керегі не ғаламның?!

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын,
Ана тілім,
Егер сені білмесем?!

Сенің арқаң — дүниеден сыр ұқсам,
Сенің арқаң — жүзіп ішсем тұнықтан.
Туған анамды ұмытқаным емес пе,
Туған тілім,
Егер сені ұмытсам?!

(Н. Айтов)

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Қосжазба күнделігі». Ақынның сөзін өз ойыңмен түсіндіріп жаз.

Сөйлем	Түсіндірме
Ана тілім — жүрегісің анамның	
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем	
Туған анамды ұмытқаным емес пе, Туған тілім, Егер сені ұмытсам?!	

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мағжан Жұмабаев пен Несіпбек Айтұлының тіл туралы ойларында қандай байланыс бар? Өз сөзіңмен айтып бер.

1-шумақта:

2-шумақта:

3-шумақта:

НАЗАР АУДАР!

ЕКПІН

Екпін — сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі бір буынның басқаларына қарағанда, арнайы ерекшеленіп айтылуы.

Сөз екпіні	Ой екпіні
Сөздің ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады. *Мысалы*: Мен мектеп**ке** бардым. Бала**лар** ойнады. Қазақ тілінде сөз екпіні тұрақты болады. Екпін сөздің ең соңғы буынына түседі.	Сөйлем ішіндегі бір сөзді бөліп айту ой екпіні деп аталады. Мысалы: Мен **мемлекеттік тілде** сөйлеймін. Ол **қазақша ән** айтады.

ОҚЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой. Сөйлемдерге ой екпінін қойып оқы.

Қажетті сөздер: тілмаш, аралас, оқытады, сұхбат, әңгімелеседі

1. Анам құрбысымен қазақша ... .
2. Менің ағам министрлікте ... болып жұмыс істейді.
3. Мен ... мектепте оқимын.
4. Журналист бізбен мемлекеттік тілде... жүргізді.
5. Сара апай бізге қазақ тілін... .

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы.

Менің отбасым үлкен. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам, жеңгем, інім бар. Бәріміз бірге тұрамыз. Біз отбасымызда мемлекеттік тілде сөйлесеміз.

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Елімізде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге көп мүмкіндік жасалған.

Атам Мағжан Жұмабаевтың, ал әжем Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін сүйіп оқиды. Ата-анам жұмыста қазақ тілінде қызмет көрсетеді. Әкем — пойызда жолсерік, ал анам — дүкенде сатушы.

Менің ағам көп тіл біледі. Ағам министрлікте тілмаш болып жұмыс істейді. Жеңгем де француз тілін үйреніп жүр. Біз отбасымызбен мемлекеттік тілде еркін сөйлейміз, өзге тілдерді де жақсы білеміз.

Інім аралас мектепте оқиды. Ол қазақ тілі үйірмесіне барады, қазақша көркем-әдеби кітаптар оқиды. Ол жақында Мағжан ақынның «Қазақ тілі» өлеңін жаттап алды.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтіннің мазмұны бойынша кейіпкердің отбасында кім қай тілде сөйлейтіні туралы айт.

КІМ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ?


Атам ...


Әжем ...


Әкем ...


Анам ...


Ағам ...


Жеңгем ....


Інім ...

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
«Мағынасын анықта!». Мәтіндегі туыстық атауды білдіретін сөздердің мағынасын анықтап жаз. Туыстық атауларды сөз екпінін қойып айт.

ОҚЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына жақша ішінен тиісті нұсқасын қойып, оқы. Сөз екпіні, ой екпінін сақта.

Менің отбасым ... (үлкен, шағын, онша үлкен емес). Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам, жеңгем, әпкем, інім — бәріміз ... (бірге, бөлек, кейде бірге) тұрамыз. Біз отбасымызда ... (қазақ, орыс, неміс, француз, түрік, ағылшын) тілдерінде сөйлесеміз. Қазақ тілі — ... (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) Республикасының мемлекеттік тілі. Елімізде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге көп ... (мүмкіндік, сыйлық, орын) жасалған.

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Суреттерге қарап, кімнің қай тілде сөйлей алатыны туралы айтып бер.



Атам мен әжем ... сөйлеседі.



Ағам ... сөйлейді.



Ағам жеңгеме ... тілін үйретіп жүр.



Інім ... Мағжанның өлеңін жатқа айтады.

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мәтіндегі зат есімдерді түрлеріне қарай бағандарға бөліп жаз.

Дара	Күрделі	Жалпы	Жалқы	Деректі	Дерексіз
әке	ата-анам	тіл	Қазақстан Республикасы	әже	мүмкіндік

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Төмендегі зат есімдерге көмекші есім сөздерді тіркестір. Оларды қатыстырып, қазақ тілін үйренуге байланысты мәтін құрап айт.

Оқу жылы, тіл үйірмесі, бес ай, «Тілашар» кітабы, тілмаштар, сұхбат, әңгімелесу.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
«10 сөз». Мемлекеттік тілді үйренуге қатысты ең маңызды деп санайтын он сөз жаз. Сыныпта оқушылар әр оқушыға бес сұрақтан қояды. Сұраққа жауап беретін оқушы өзі жазған сөздерді ғана қолдану керек.

Ескерту: Сұрақтарға жауап бергенде он сөзді қайталап қолдана беруге болады.

ЖАЗЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
Төменде берілген мақал-мәтелдерді оқы. Өзің қалаған мақалдың мағынасын таратып айт. Өз пікіріңді дәлелде.

1. Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл.
2. Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі болмайды.
3. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құметте

АЙТЫЛЫМ

14 **-тапсырма.**
Парталас досыңмен диалог құрыңдар. Бір-біріңнің отбасында кім қандай тіл білетіні туралы әңгімелесіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

15 **-тапсырма.**
Тірек сөздерді пайдаланып, бес сұраулы сөйлем құрап жаз.

Тірек сөздер: қазақ тілі, орыс тілі, үйрену, халықаралық тіл, білу, меңгеру, мемлекеттік тіл, тілмаш, аралас, оқыту.

АЙТЫЛЫМ

16 **-жағдаяттық тапсырма.**
Қазақ тілі — мемлекеттік тіл. Оны тез әрі сапалы меңгеру үшін не істеу керек? Досыңмен ақылдасып, жоспар құрыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Менің туыстарым қазақ тілінде жақсы сөйлейді. Ағам қазақша жоба жұмысын жазды.

Тіл табыса білу – өнер

9—10 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

кейде, көңіл, қасиет, өнер, мүмкіндік, қоғамдық, қарым-қатынас, әдеп

ТЫҢДАЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Мазмұнын болжап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
1. Сөздік дәптеріңе тыңдалған мәтіндегі көзқарас, ниет, өзгеру, дауыс көтеру, берік сөздерінің аудармасын жаз.
2. Тыңдалған мәтін бойынша өз ойыңды 3 сөйлеммен тұжырымдап жаз.

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Өз ойыңды нақты мысалдармен дәлелдеп айт.

1. Адам неге «Мен бақыттымын!» деп айтуы тиіс?
2. Адамдарға достық ниетпен қарау дегенді қалай түсінесің?
3. Ерік-күшті тәрбиелеу дегенді қалай түсінесің?
4. Өзін тәрбиелеу деген не? Сен бұл бағдарды орындауды неден бастар едің?
5. Алленнің бағдарлары саған ұнады ма? Неге?

ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Автордың стилін сақтай отырып, өзіңнің қазақ тілін үйренуге қатысты бағдарларыңды 7 пункт етіп жаз. Осы бағдарларды не себепті таңдағаныңды түсіндір. Жазғаныңды көрінетін жерге іліп қой да, күн сайын оқып жүр.

Үлгі: *1. Бүгіннен бастап күн сайын қазақ тіліндегі белсенді сөздік қорымды 5 сөзге көбейтіп отырамын. 2. Осы аптада Мағжан ақынның «Қазақ тілі» өлеңін жаттаймын...*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Тірек сөздер, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта.

Тіл — адамзат баласына берілген ұлы **қасиет**, ерекше **қабілет**, табиғаттың **ғажап сыйы**. Тілді дұрыс қолдану – өмірде жетістікке жетудің кепілі. Өйткені тіл адамның өзі өмір сүріп отырған ортада өзгелермен тіл табыса білуіне, өзгелерді тануына, өзін танытуға мүмкіндік береді.

Адамдармен тіл табыса білу — үлкен өнер. Тілсіз адамның биік нәтижеге жетуі, рухани дамуы мүмкін емес. Өйткені адам тек тіл арқылы басқалармен қарым-қатынас жасап, бірлесе өмір сүреді, биік арманға қол жеткізеді. Тілдің көмегімен білім алып, өз **көзқарасын** қалыптастырады. Тек тіл арқылы көңіл күйін, ішкі сезімін білдіреді, өзіне өмірлік дос табады.


Кез келген ортада өзін ұстай білетін, ақылды, мәдениетті сөйлейтін адамның беделі жоғары болады. Ол үшін адам таныс-бейтаныс адамдармен сыпайы сөйлесе алуы, сөзді дұрыс қолдануы қажет.

Сонымен, тіл адамдардың өзара пікір алысуының, ой бөлісуінің ғана құралы емес, тіл — қоғамдық мәні зор, ерекше **құбылыс**. Әр тілдің өзіне тән ерекшелігі, қарым-қатынас ережелері болады. Сондықтан адам қанша тіл білсе, сонша түрлі қарым-қатынас әдебін де үйренеді.

(«Тілтаным» журналынан)

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінге сүйеніп, төмендегі сызбаны толтыр.



АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтінге сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап бер. Мәтінге тақырып қой.

1. Тіл деген не?
2. Адамға тіл не үшін керек?
3. Тіл табыса білу өнер ме? Көп тіл білу ше?

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтін бойынша кестедегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Әр сөйлемдегі ойға қатысты өз пікіріңді айт.

		Дұрыс	Бұрыс
1	Тіл — адамзат баласына ғана берілген ұлы қасиет.		
2	Тілді орынды қолдана алу — білім алудың ғана ең басты шарты.		
3	Тілсіз де адамның биік нәтижеге жетуі, рухани дамуы мүмкін.		
4	Тілдің көмегімен ғана дүние туралы білім алып, өз көзқарасын қалыптастырады.		
5	Тіл арқылы адамзаттың өмір тәжірибесін үйренеді.		
6	Әр тілдің өзіне тән ерекшелігі, қарым-қатынас ережелері болады.		
7	Адам қанша тіл білсе де, қарым-қатынас әдебін үйрене алмайды.		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мазмұнын өз ойыңмен дамытып айт.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бар: 1) қазақ тілі — әлемдегі ең бай тілдердің бірі; 2) қазақ тілі — ең оралымды, сыпайы тіл; 3) қазақ тілінің сөздік қорында қарым-қатынас әдебіне байланысты сөздер мен сөз орамдары өте мол.

Қазақтар өзінен үлкен адамның атын, оның әкесінің атымен қоса атамайды. Үлкенге де, кішіге де бауырмалдық танытатын халықтың мейірімділік қасиеті тілде айқын көрінеді. Қазақ тілінде жасы үлкен бейтаныс адамдармен де "ата", "апа", "ағай", "апай", "тәте" деп сөйлесу - әдептіліктің белгісі. Ал жасы үлкен кісілердің жастармен "айналайын", "қарағым", "шырағым", "бауырым", "балам" деп сөйлесуі қарым-қатынас мәдениетін танытады. Қазақтарда ата-анасына "сен" деп айту дөрекелікке, әдепсіздікке жатады. Сондықтан қазақ отбасында ата-анасымен "сіз" деп сөйлесу оларға деген ерекше құрметтің белгісі саналады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Тіл туралы мақал-мәтелді керекті сөздермен толықтырып жаз. Нақыл сөздердің мағынасын талдаңдар.

1. Тіл — адам ойының ... . 2. Аңдамай сөйлеген ... . 3. Ойнап сөйлесең де, ... 4. Тисе — терекке, тимесе — ... . 5. Айтылған сөз ... оқпен тең. 6. Бал тамған тілден ... тамар. 7. Көп сөз — ... . 8. Көп сөз — күміс, аз сөз — ... . 9. Сөйлей-сөйлей ... . 10. Таза сөйлеу — биік ... . 11. Көңілсіз ... — ойға олақ.

Керекті сөздер: құлақ, шешен боласың, мәдениеттілік, у, атылған, бос сөз, айнасы, ауырмай өледі, ойлап сөйле, алтын, бұтаққа.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
«Не істеу керек?» ойыны. Сынып екі топқа бөлінсін. Екі топ бір-біріне кезектесіп, тосын сұрақтар қойып, жауап берсін. Сұрақтар сөз әдебіне, сөйлесу мәдениетіне қатысты болсын.

1. Жақын адамыңды ренжітіп қойсаң, не істеу керек?
2. Саған танысың себепсіз дөрекі сөйлесе, не істеу керек?
3. Өзіңе қай мінезің ұнамайды? Не істеу керек?
4. Досың жаман сөздерді жиі қолданады. Не істеу керек?
5. Сыныптастарыңның көбі мемлекеттік тілде сөйлей алмайды. Не істеу керек?



ЕСТЕ САҚТА!


Әр адамның тағдыры өз қолында. Қарым-қатынас әдебін сақтау қажет. Досың уәдесінде тұрса, сен оны сыйла.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
«Мен үшін мемлекеттік тілді үйрену ...» тақырыбында SWOT кестені толықтырып жаз. Кестеге сүйеніп ой бөлісіңдер.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Дереккөздерден әлемдегі атақты полиглоттар туралы ақпарат жина. «Атақты полиглоттар» тақырыбында фотоколлаж дайында. Оны сынып алдында айт.

АЙТЫЛЫМ

3 -жағдаяттық тапсырма.
Сенің досың қазақ тілін үйренгісі келеді. Ол сенен кеңес сұрады. Қандай кеңес бересің? Екеуің ақылдасып, «Бүгіннен бастап ... » бағдарын жасаңдар.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Полилог. «Баспасөз конференциясы» ойыны. 5 оқушы психолог ғалым болады. Қалғандары — баспасөз конференциясына келген журналистер. Журналистер психолог мамандарға адам өміріндегі сәттілік, өз өмірін жоспарлау, тіл табысудың шарттары, көп тіл білудің маңызы, мәдениетті қарым-қатынас жасауға үйренудің жолдары, табысты өмірдің құпиясы және т.б. мәселелер жөнінде сұрақтар қойсын. Психологтер оларға жауап берсін.

Сөйлеуге қойылатын талаптар:

- дауыс ырғағын сақтап, екпінді дұрыс қойып сөйлеу;
- этикеттік сөз орамдарын қолдану (амандасу, журналистің өзін-өзі таныстыруы, бір-біріне алғыс айту, қоштау және т.б сөз орамдарын қолдану)

2 ТАҚЫРЫП

УАҚЫТ — ҰЛЫ КҮШ

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ
«САҒАТТЫҢ ШЫҚЫЛДАҒЫ ЕМЕС ЕРМЕК» ӨЛЕҢІ

1—2 САБАҚ

Уақыт — сый

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Бір-біріңнен «Сағат неше болды?» деп сұраңдар. Суреттерді пайдаланыңдар.



ЖАҢА СӨЗДЕР

қарай, арасы, уақыт өлшемі, таңсәрі, тал түс, ақшам, түс ауа, ымырт

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Сөздерден сөйлем құра.

Үлгі: *Рұқсат етсеңіз, кешкі сағат сегізден кейін келуге бола ма?*

Сағат онға бес минут қалды, кешіріңіз, кешкі сағат сегіз, ғафу етіңіз, таңертең сағат тоғызда, екіден он бес минут кеткенде, мүмкін болса, түнгі он екіде, қаласаңыз, тоғыз жарымға дейін, рұқсат етсеңіз, сағат алтыға қарай, уайымдамаңыз, сегіз бен тоғыздың арасы, кешірім өтінемін.

ТІЛДІК БАҒДАР

Сын есімнің шырайлары

Сын есім сөздері заттың түрі мен түсін, сапалық қасиеттерін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар түр, түс, сапалық белгілердің әрқилы деңгейлері мен реңктерін де білдіреді. Өйткені заттағы сындық сапа, түр, түс, басқа да белгілер олардың барлығында бірдей дәрежеде болмай, әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: *қызыл, қызғылт, қызғылтым, қызылырақ, қызылдау, қып-қызыл, өте қызыл* дегендер — қызыл түстің әртүрлі реңдерінің атаулары. Мұндағы *қызыл* деген түс сындық белгінің негізгі қалыпты дәрежесін білдірсе, *қызылырақ, қызылдау* дегендер қызыл түстің төменгі солғын, әлсіз дәрежесін білдіреді. *Қып-қызыл, өте қызыл* сөздері қызыл түстің жоғарғы қанық дәрежесін білдіреді. Бұл келтірілген мысалдар заттағы сындық белгілердің негізгі, қалыпты, төменгі, солғын және жоғарғы қанық дәрежелерінің болатынын көрсетеді.

Заттағы сындық белгінің, сапаның әртүрлі дәрежесін білдіретін сын есімнің түрі шырай формалары деп аталады

Қазақ тілінде сын есімнің үш түрлі шырайлық белгісі бар. Олар: 1) жай шырай; 2) салыстырмалы шырай; 3) күшейтпелі шырай.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Диалогті тыңда. Түсінгеніңді баянда. Мәтіндегі негізгі үш ақпаратты жаз.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтіндегі «Уақыт — керемет сый», «Уақыт — ең қымбат дүние» деген тақырыптар бойынша тұсаукесер дайындаңдар.

ОҚЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерін есіңе сақта.

Қазақ халқы уақытқа **үлкен** мән берген. Әр күннің әр сағатын **белгілі** бір өлшеммен дәл атаған. Таңсәрі деп жарықтың түсе бастаған кезін айтады. Бұл — бүгінгі өлшеммен сағат 6. Одан кейін ертеңгілік, ол — сағат 7. Ал сағат сегізді қазақ күн шыға деп атаса, сағат тоғызды күн көтеріле деп белгілеген. Одан кейін сағат 10-дарда сәске келеді.

Түстің уақытын қазақтар үшке бөліп түсіндірген. Сағат 11 — **сәске түс**, сағат 12 — **талма түс**, сағат 13 — **тал түс**. Тал түс – нағыз көлеңкенің қысқарып, күннің тас төбеде тұратын уақыты.

Қазақтың уақыт өлшемдерінде **түс ауа, түс қайта** дейтін ұғымдар бар. Бұл шамамен сағат 14-15-ке келеді. Одан кейін бесін уақыты, оның екі кезеңі айтылады. **Кіші бесін** — сағат 16, ал **ұлы бесін** — сағат 17. Сағат 18-ді күн еңкейе деп белгілейді де, сағат 19-дарды екінті деп атайды. Сағат 20-ны күн бата дейді. Ал сағат 20:30-21 шамаларын ақшам уақыты деп атаған. Сағат 22-ні іңір десе, сағат 23-24 шамаларын ымырттың түсуі немесе ымырттың үйірілуі деген.

(«Иман» журналынан іріктеліп алынды)

АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Әр қатардағы артық сөз тіркесін тап. Себебін түсіндір.

- алтыға бес минут қалды, оннан жиырма минут кетті, ауылға барамын, үште келемін, таңертең айтты, екіде келемін
- таңертең келді, кешке қайтады, жетіде келеді, түсте барады, сәскеде қайтты
- қызғылт перде, жасылдау көйлек, қып-қызыл алма, уақыт жылдам, сарғылт жапырақ

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Төмендегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді жаз.

Қандай? ...
Қашан? ...
Нешеде? ...

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Әр сағаттың өлшем атауларын жаз.



АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

9 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: бүгін кешке досың екеуің киноға баруға уәделестіңдер. Жарты сағат бұрын кинотеатрдың алдында кездеспекші болдыңдар. Бірақ досың кездесуге келмеді. Алдын ала хабарласып, келе алмайтынын да ескертпеді. Не істейсің?

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Таңсәрі, тал түс, іңір, ақшам, күн шыға, күн көтеріле.

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Иоганн Вольфганг Гётенің «Уақытты босқа жіберіп алудан артық өкініш жоқ» деген нақыл сөзі бойынша диалог құрыңдар. Диалогте *қажет деп тапсаң, рұқсат етсең, қаласаң, қарсы болмасаң, керемет, тамаша, кешірім өтінемін* және т.б. сөз орамдарын пайдалан.

Үлгі: — Қарсы болмасаң, уақыт туралы мен де өз ойымды айтайын.
— Кешірім өтінемін, әрине, айтыңыз!

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
«Уақыт — керемет сый» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құрылуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 80-100 сөз.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ халқы уақытқа көп мән берген.
Уақытты босқа өткізбеу керек.

Уақыттың бос өткені...

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

басқару, кедергі, орындау, әрі, тиімді, нақыл

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Суреттер бойынша әңгіме құра. Әңгімеңде метафора, теңеулерді пайдалан.

Үлгі: Әлібек жаңа туған сәбидей тәтті ұйқының құшағында жатыр. Жарқырып таң да атты. ... .





ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажет сөзді қойып жаз.

Айзере жетінші сыныпта ... (оқыған, оқиды, оқыпты). Бүгін таңертең Айзере ерте ... (оянды, оянбақшы, ояныпты). Сабақ таңертеңгі ... (төртте, сегізде, үште) басталады. Ол мектепке сегізге жиырма минут ... (кеткенде, қалғанда, жеткенде) келді. Ол бүгін — ... (мектептен, мектепте, мектеппен) кезекші. Айзере сыныпқа ерте ... (келген соң, келді, келгенмен). Терезенің шаңын сүртті әрі гүлдерге су ... (құйды, құймақшы, құяды). Оның ағасы домбыра үйірмесін ... (басқарады, басқару, басқарыпты).

ТІЛДІК БАҒДАР

Салыстырмалы шырай

Бірдей сындардың бірінен екіншісінің артық немесе кем екенін салыстыру арқылы білдіретін сын есімнің шырайын салыстырмалы шырай деп атайды. Салыстырмалы шырай төмендегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады:

- -ырақ, -ірек, -рақ, -рек: *қаттырақ, жақсырақ, қызылырақ және т.б.*

Сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбыс болса, -рақ, -рек жұрнағы, ал соңғы дыбыс дауыссызға аяқталса, *-ырақ, -ірек* жұрнағы жалғанады.

- -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, - теу: *жасылдау, қызылдау, биіктеу, аласалау және т.б.* Сөздің соңғы дыбысы дауысты және *р, й, у* дыбыстарымен аяқталса, жуан буыннан кейін *-лау*, жіңішке буыннан кейін *-леу* жұрнағы жалғанады. Сөздің соңғы дыбысы *м, н, ң, л* болса, соңғы буынның жуан не жіңішке болуына қарай *-дау, -деу* жұрнағы, ал соңғы дыбыс қатаң болса, *-тау, -теу* жұрнақтары жалғанады.

Бұл жұрнақтар барлық сапалық сын есімге жалғанып, салыстырмалы шырай жасайды. Сондай-ақ кейбір сапалық сын есімдерге ғана жалғанып салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар бар.

Олар:

- -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -ғылтым -қылтым: *сарғылт, дымқыл, қызғылтым және т.б.*
- -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім: *ақшыл, көкшілтім және т.б.*
- -ғыш, -ілдір: *сарғыш, көгілдір және т.б.*
- -ақ, -қай, -ша, -ше: *бозаң, ұзынша, көкше, қоңырқай және т.б.*

Салыстырмалы шырай тұлғасындағы сөздер сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы: Ауылға баруға уақыт **аздау** (қалай? пысықтауыш) болып тұр. Үлкен көкшіл (қандай? анықтауыш) көзі мөлдіреп, күлімдеп тұр. *(Зейін Шашкин)* Жалғыз көз шүңет емес, *томпақша* (баяндауыш). *(Мұхтар Әуезов)*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Уақыт кімнің өмірі?
2. Сен уақытты тиімді пайдаланасың ба?
3. Уақытты тиімді пайдалануда саған не кедергі жасайды?
4. Уақытың босқа өтіп жатқан жоқ па? Қалай ойлайсың?

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Сын есімдерге салыстырмалы шырайдың тиісті жұрнақтарын жалғап, сөйлем құраңдар.

қызыл	-ірек
әдемі	-ғылт
сары	-дау
боз	-деу
терең	-рек
суық	-қай
таяз	-шыл
ақ	-лау
үлкен	-тау
қоңыр	-ше

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтін бойынша «Қосжазба» күнделігін толтырыңдар. Түсіндіріңдер.

Үзінді	Түсініктеме

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап айт.

1	пайдалана	а	бастап	1	мектеп	а	үйрендік
2	уақыт	ә	келмесе	2	қалай	ә	жүрміз
3	заңғар	б	өмірі	3	осы	б	жүрміз бе
4	өкінгің	в	біл	4	не	в	істер
5	келгеннен	г	өлшемдері	5	оқып	г	бос кеткені
6	тиімді	ғ	қалдырған	6	тыңдап	ғ	жылдарды
7	өсиет	д	пайдалану	7	жақсы	д	оқушысымыз
8	адамның	е	жазушы	8	өмірдің	е	пайдаландық

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі қате жазылған сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір.

1. Шамамен 800 миллион жыл бұрын, ерте замандағы тіршілік пайда болғанға дейін Жер бетін қалың мұздық басып тұрған дәуірте бір жылда 486 күн болыпты. 2. Ал 100 миллиондаған жылдар өткен соң — динозаврлар дәуірінде бір жыл 370 тәулікке дейін қысқарған. 3. Дәл қазір оның небәрі 365 күннан ғана тұратыны белгілі. 4. Неліктен бұлай? Өйткені ғасырлер өткен сайын ай гравитациясының әсерінен Жер ғаламшарының айналу жылдамдығы азайып келе жатыр. 5. Соның салдарынан күндер ұзарып (шамамен бір мыңжылдықта 1,7 миллисекундқа), ал жылдар қысқаруда. 6. Уақыт гравитация әсерінен өзгерістерге ұшырайды. 7. Мысалы, гравитация көзі болып табылатын Жер ортасына нысан неғұрлым жақын болған сайын, уақыт соғұрлым баяу жылжиды. 8. Мәселен, әлемнің ең биік шыңы — Эверестте бір жыл теңіз деңгейімен салыстырғанда 15 микросекундқа аз.

(«Ана тілі» газетінен)

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
7-тапсырмадағы мәтін бойынша бір мәселені анықтап, ол туралы көзқарасыңды жазбаша білдір. Ойыңды білдіру барысында жаңа сөздерді пайдалан.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Мәтіннен сын есімдерді тауып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Уақыттарды айт.

5:15, 16:20, 21:30, 9:25, 7:10, 11:55, 20:35.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
«Санмен жазылған уақытты екінші бағанмен сәйкестендір.

1	18:15	тоғызға 25 минут қалды
2	8:35	екіге он бес минут қалды
3	2:13	алтыдан он бес минут кетті
4	16:40	тура он екі болды
5	13:45	екіден он үш минут кетті
6	12:00	оннан он алты минут кетті
7	22:16	беске жиырма минут қалды

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Бір күндік жоспарыңды жаз.

Таңертең.
Сағат 7:00 ... .
Сағат 8:00 ... .
Сағат ....
Сағат ....
Сағат ....

ЕСТЕ САҚТА!

«Уақыттың бос өткені — өмірдің бос кеткені» деген нақыл бар.

Уақыт — адам өмірі.

Уақытты бағалайсың ба?

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

құру, санасу, өнімді, тапшы, асығыс, өту, шұғыл, жоспарлау

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен уақытты қалай пайдаланасың?
2. Уақытты үнемдей білесің бе?
3. Күнделікті істейтін жұмыстарыңды алдын ала жоспарлайсың ба?
4. Уақытты бағалайсың ба?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Суреттерді пайдаланып, мәтін құра. Олар уақыттарын тиімді пайдалана ма?









ТІЛДІК БАҒДАР

Күшейтпелі шырай

Бірдей сындардың бірінен екіншісінің не өте артық немесе өте кем екенін көрсететін сын есімнің шырайын ***күшейтпелі шырай*** деп атайды. Күшейтпелі шырайдың жасалу жолдары:

1. Сын есімнің алғашқы буынындағы дауысты дыбыстан кейін ***п*** әрпінің қосылып, қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *Бүгін дала сап-сары түске боялыпты.*

2. Күшейткіш үстеулер арқылы жасалады: ***тіпті, ең, аса, тым, нағыз*** және т.б. Мысалы: *Нағыз батырлар туралы деректі фильм көрдік.*

Ескерту! ***Ақ, көк*** сөздеріне күшейткіш буын қосылғанда, аппақ *(**ап-ақ** емес)*, көкпеңбек *(**көп-көк** емес)* болып бірігіп жазылады.

Соңғы жылдары ғалымдар асырмалы шырай да күшейтпелі мәнді білдіретіндіктен, шырайдың тек екі түрін көрсетіп жүр (салыстырмалы және күшейтпелі шырай).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда. Мәтіннен сын есімдерді тауып, қай шырайда тұрғанын айт. Оның жасалу жолын түсіндір.

Мен күнде алты жарымда тұрамын. Төсегімді жинап, 10 минут таңғы жаттығу жасаймын. Бетіқолымды жуып, асықпай таңертеңгі тамағымды ішемін. Мектебім үйден өте алыс болғандықтан, жетіде үйден шығамын. Жетіден бес минут кеткенде аялдамаға автобус келеді. Автобуспен 20 минутта мектепке жетемін. Сабақ сегізде басталып, екіде аяқталады. Сабақтан соң асханаға барып, тамақ ішемін.

Биыл қазақ тілінен қосымша сабаққа барып жүрмін. Қосымша сабақ қазақ тілін терең үйренуіме көмектесті. Мен қазір қазақ тілінде өте жақсы сөйлей аламын.

Аптасына екі рет қалалық кітапхананың оқу залында сабақтарыма дайындаламын. Болашақта нағыз бағдарламашы болғым келеді. Қазір нанотехнология туралы ақпараттармен танысып жүрмін.

Менің сүйікті ісім — спортпен айналысу. Сабақтан соң аптасына екі рет мектептегі жүзу бассейніне барамын. Бассейн кең әрі тап-таза. Маған суда жүзген ұнайды.

Кешке теледидардан жаңалықтар тыңдаймын, кино көремін. Кешкі жаңалықты көруге тырысамын. Себебі біз тарих сабағында жаңалықтарды талдап, ой бөлісеміз. Қазіргі кезде ғаламтордан аудиокітаптарды оқып жүрмін.

Үй шаруасына да көмектесемін. Өйткені ата-анам жұмыстан шаршап келеді. Ата-анама көмектесу — менің балалық парызым.

Түнгі он бірде ұйықтаймын.

Демалыс күндері достарыммен қыдырамын, кейде отбасыммен серуендеймін. Мен әр күнімді алдын ала жоспарлаймын. Демалыс күні алдағы аптаның жоспарын құрамын. Күнімді босқа өткізбеуге тырысамын. Өйткені уақыт бізге берілген сый деп есептеймін.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Мен күнде алты жарымда тұрамын.		
Төсегімді жинап, 20 минут таңғы жаттығу жасаймын.		
Мектебім үйге тым жақын болғандықтан, жетіде үйден шығамын.		
Биыл қазақ тілінен қосымша сабаққа барып жүрмін.		
Болашақта нағыз суретші болғым келеді.		
Қазір нанотехнология туралы ақпараттармен танысып жүрмін.		
Сабақтан соң аптасына екі рет орталықтағы жүзу бассейніне барамын.		
Қазіргі кезде ғаламтордан кино көріп жүрмін.		
Мен күнімді алдын ала жоспарлаймын.		

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті күшейткіш үстеулерді қойып, сөйлемді көшіріп жаз. Сөйлемнің мағынасы қалай өзгергенін түсіндір.

1. Ақкөңіл, ... қарапайым адамдар. *(Ғ. Мүсірепов)* 2. ... таза, тұнық ауа, ... көк аспан, ну орман, сылдырап аққан су. *(З. Шашкин)* 3. Уақыт — ... өткір ұстара. Байқамаса, оқыста тіліп кетуі мүмкін. *(Н. Оразалин)* 4. Уақытты босқа өткізу — ... ауыр шығын. *(Жорж-Луи Бюффон)* 5. Өнер — ... ұзақ, өмір — ... қысқа. *(Гиппократ)*

ТЫҢДАЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша болжам жаса. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтіндегі кейіпкер кім?
- Ол туралы не білесің?
- Шоқан бос уақытында не істеді?
- Ол Жоңғария туралы жинаған мәліметтерін пайдаланды ма? Қалай ойлайсың?
- Сен бос уақытыңды бағалайсың ба?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Уақыт туралы нақыл сөздерді оқы. «Ассоциативті қатар» әдісі арқылы негізгі тақырыпқа қатысты сөздерді теріп жаз. Не себепті ол сөздерді алғаныңды дәлелде.

1. Ақша қымбат, адам өмірі одан да қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат. *(А. В. Суворов)*
2. Ұқыптының уақыты мол. *(М. Әлімбаев)*
3. Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
   Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
   Менің жаным ашиды мына өмірді,
   Өтпейтіндей көретін адамдарға! *(М. Мақатаев)*
4. Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ. *(Анарыс)*
5. Уақыт — өткір алмас. *(Н. Оразалин)*
6. Тарих — төреші, уақыт — сыншы. *(Н. Оразалин)*

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Өзіңнің бір апталық жоспарыңды сағатпен жаз.


АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Диалогті толықтырыңдар.

— Сен таңертең нешеде тұрасың?
— … .
— Таңертең жаттығу жасайсың ба?
— … .
— Мектепке нешеде барасың?
— … .
— Мектепке немен барасың?
— … .
— Сабағың нешеде басталады?
— … .
— Сабақтан нешеде шығасың?
— … .
— Сабақтан соң не істейсің?
— … .
— Кешке не істейсің?
— … .

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Төмендегі пікірмен келісесің бе? Сен тағы не қосар едің? Өз пікіріңді дәлелдеп айт.



ЕСТЕ САҚТА!
Мен уақытымды бағалаймын.
Сен уақытыңды үнемдейсің бе?

Национальная академия образования

Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен...

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

әсершіл, қайрат-жігер, қас, зая, тексеру, зымырау, өкініш, күресу, жас ұрпақ

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Өмір деген не?
2. Сен өзіңнің болашақ өміріңді елестете аласың ба?
3. Абайдың «Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен» деген сөзін қалай түсінесің? Өмір су тәрізді тез ағып кете ме?
4. Өмірде қайрат-жігер қандай рөл атқарады?
5. Өмірді зая кетіру дегенді қалай түсінесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
«Қосжазба» күнделігін пайдаланып, уақыт туралы берілген дәйексөздерге түсініктеме жаз.

Дәйексөз	Түсініктеме
Қандай әрекет қылатыныңды ойлан, бірақ оны қалай орындайтыныңды көбірек ойлан. *(Иоганн Вольфганг Гёте)*	
Уақыт біреуге ұзақ, біреуге қысқа болып көрінуі мүмкін. Бұл оның қандай іспен, не тірлікпен толтырылғанына байланысты. *(Самуил Маршак)*	

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда. Мәтін бойынша жоспар құр.



Абай өмірі — ғажап өмір. Бесікте әнмен әлдиленген ол көшпелі елде, әртүрлі рулардың салтында әсершіл болып өседі. Абай он төрт жасынан бастап өлең шығарған. Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесінде оқыған. Абай медреседе уақытын зая жібермейді. Медреседе ол араб, парсы тілдерін үйренеді. Шығыс ақындарының өлеңдерін оқиды. Медреседе оқып жүрген жылдарының соңында Семейдегі орыс мектебіне түсіп оқиды. Кейін балалық шағында дұрыс оқи алмаған орыс тілін қайтадан оқи бастайды. Семейдегі Гоголь атындағы кітапханадан орыс тілінде шыққан кітаптарды көп оқиды. Осы кітапханада Е. П. Михаэлиспен танысады.

Абай ақындықты халықтың даналығынан, тапқырлығынан, шеберлігінен үйренді. Абай орыс мәдениеті арқылы Еуропа мәдениетімен танысты. Абайды қарапайым халықтың өмірі қатты толғандырды. Олардың өмірі үшін күресті.

Абай жас ұрпаққа көп көңіл бөлді. Жағымсыз қылықтан аулақ болуға шақырды. Жасы үлкенді құрметтеуге, достыққа адал болуға, білім-ғылымды үйренуге шақырды. Жастарға уақытты тиімді пайдалану керегін айтты. «Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен. Жақсы, жаман көргенің ойлай берсең, у екен», — деп, өзінің ішкі уайымын жазды. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар, қалан!» — деп өмірден өз орнын табуды өсиет етіп қалдырды. Ол «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, қолымды мезгілінен кеш сермедім!» — деп, «ғылым-білімді толық игере алмадым» деп өкінішін білдіреді.

(Тәкен Әлімқұловтан)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Берілген сын есімдерді кесте бойынша шырай түрі мен жасалу жолын көрсетіп, түсіндіріп жаз .

Сын есімдер	Шырай түрі	Жасалу жолы
біп-биік		
сарғыш		
тым алыс		
жұқарақ		
сарғылт		
өте күшті		
көгілдір		
жақсылау		
шымқай қызыл		
нағыз адал		

ОҚЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтіндегі сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Диалогті толықтырыңдар.

— Автор не себепті Абайдың өмірі ғажап өмір деп есептейді?
— ..... .
— Абай медреседе өз уақытын қалай пайдаланған?
— ..... .
— Сен мектептегі уақытыңды тиімді пайдаланып жүрсің бе? Қандай тілдерді білесің?
— ..... .
— Абай Е. П. Михаэлиспен қай жерде танысқан?
— ..... .
— Сен кітапханаға жиі барасың ба?
— ..... .
— Ақынды кімнің өмірі қатты толғандырды?
— .....
— Сен айналаңдағы адамдардың өмірі туралы ойлайсың ба? Не себепті?
— ..... .

ТЫҢДАЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Мәтін бойынша жоспар құр. Сұрақтарға жауап бер.

- Мақсат дегенді қалай түсінесің?
- Адам бойындағы қайрат-жігерін қайда жұмсауы керек?
- Уақыт кіммен санаспайды? Неге?
- Өмірді қалай өткізу керек?
- Өмір неге тоқтамайды?
- Уақытты не себепті алтынға теңейді?
- «Жастықтың бір күні сенің бүкіл өміріңе азық болады» дегенді қалай түсінесің? Ойыңды дәлелдеп айт.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!» деген өлең жолдары бойынша ойталқы өткізіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма. «Менің болашақ өмірім» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:


- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құрылуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 80-100 сөз.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Абай Құнанбаев туралы қосымша мәлімет жина. «Ол кім? Ол қандай ақын?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр.

Талаптар:

- көлемі — 4-6 сөйлем;
- сын есім сөздерді жиі пайдалан;
- міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



ЕСТЕ САҚТА!

Дүние ағып жатқан су. Абай адам өмірде өз орнын табу керектігін өсиет еткен.

Бір минут — бір кісінің өмірі

9—10 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.


1. Сағаттың адам өміріне қандай қатысы бар?
2. Өткен өмір дегенді қалай түсінесің?

ЖАҢА СӨЗДЕР

шырылдау, қадағалау, ермек, тоқсан, мысал, ұрлау, заман, құн

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
«Өмір» сөзіне кластер құра. Осы сөздерді пайдаланып, сөйлем құрап жаз. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәнерлеп оқы. Түсінгеніңді айт.

Сағаттың шықылдағы емес ермек

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмиша өмір өтпек, ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі — ұры **шықылдаған**,
Өмірді білдірмеген, күнде **ұрлаған**.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қарасып босқа бұлдыр.
Күн жайылып **ай** болды, он екі ай — **жыл**,
Жыл жайылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл.

(Абай Құнанбаев)

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Абайдың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңін қарасөз арқылы берілген нұсқасымен сәйкестендір.

Сағаттың шықылдағы емес ермек, Һәмиша өмір өтпек, ол білдірмек. Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас, Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.	Сағаттың сыбдыры – жай ғана дыбыс емес, ол өткен өмірдің белгісі. Оның әр шықылы адам өмірінен бір сәттің өтіп кеткенін еске салады. Бұл дыбыс кейде көңілді түсіреді, кейде оны тыныштандырады. Ақыл иесі, яғни ойлы адам, бұл дыбыстың мәнін анық түсінеді – сағаттың шықылдауы шын мәнінде бос әурешілік екенін байқайды.
Сағаттың өзі — ұры шықылдаған, Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған. Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті, Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.	Уақыт өте береді: бірнеше күндер жиналып айға айналады, айлар бірігіп бір жыл болады. Жылдар өте келе адам қартайып, өмірінің соңына жақындайды. Адам баласы өмірде арқа сүйейтін, үміт артатын жастық шақ, қызықты дәурен болса да – ол бәрібір жалған, өткінші.
Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр, Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр. Ақыл анық байқаған қылығыңды, Қу шыққансып қарасып босқа бұлдыр.	Сағаттың шықылдауы – ермек емес, ол жай дыбыс емес. Ол үнемі уақыттың өтіп жатқанын ескертіп тұрады. Сағат тілі тоқтамайды – бұл адам өмірінің үздіксіз өтіп жатқанын білдіреді. Бір минут – адамның бір сәттік өміріне ұқсайды: ол өтті, өмірдің бір бөлігі артта қалды, ол енді ешқашан қайтып келмейді.
Күн жайылып ай болды, он екі ай — жыл, Жыл жайылып, қартайтып қылғаны — бұл. Сүйенген, сенген дәурен жалған болса, Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл.	Сағаттың шықылдауы – жай дыбыс емес, ол өмірді үнсіз ұрлап жатқан ұры сияқты. Сағат күн сайын, сәт сайын уақытты алып қашып, адам ғұмырын қысқартып барады. Өмірде тұрақтылық та, баяндылық та жоқ: бәрі келіп, кетіп жатады.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнің негізгі идеясы не?
2. Ақын не себепті өмірді сағатпен байланыстырған?
3. Абай неге сағатты ұрыға теңейді?
4. Сағат адамның өмірін қалай ұрлайды?
5. Ақынның «сағаттың сыбдыры — өткен өмірдің белгісі» деген ойын қалай түсінесің?

ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

1	сағаттың	а	минут	1	бұлдыр	а	қылығыңды
2	өмір	ә	жоқ	2	өткен	ә	болды
3	бір	б	шықылдаған	3	осы	б	жайылып
4	өміріне	в	шықылдағы	4	байқаған	в	болса
5	тағдыр	г	білдірмеген	5	ай	г	заман
6	ұры	ғ	жоқ	6	жыл	ғ	жоқ
7	өмірді	д	ұқсас	7	жалған	д	өмір
8	тиянақ	е	өтпек	8	жалғаны	е	сыбдыр

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

7 **-тапсырма.**
Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын түсіндір. Осы сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құра.

АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
«Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас» деген өлең жолы бойынша ой бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Берілген сын есімдерге қажетті шырай жұрнақтары мен күшейткіш үстеулерді жалға. Осы сөздерден сөйлем құра.

Ұзын, қысқа, тамаша, биік, жүйрік, асығыс, тез, сары, әдемі, адал, суық, көк.

АЙТЫЛЫМ

10 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: досың екеуің кездесуге уәделестіңдер. Сен кездесуге кешігіп келдің. Досың сені ұзақ күтіп, сен келгенше кетіп қалды. Не істейсің?

ЕСТЕ САҚТА!

Өміріңді өкінішпен өткізбе. Уақытыңды зая кетірмей, тиімді пайдалана біл! Бойыңдағы қайрат-жігерді игілікке жұмса!

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11 САБАҚ

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқып, тақырып қой. Жоспар құр.

Уақыт — адам өмірінің ақшалай құны. Уақыт — әркімнің өмірлік капиталы. Адамның босқа кеткен әрбір минуты отқа жаққан теңгемен тең. Адамның ақшалай уақыты — адамның өзіне байланысты. Біреудің бір сағаты мың теңге болса, енді біреулердікі — бір тиын.

Даналық жасқа байланысты емес. Елдің бәріне ортақ бір-ақ күнтізбе бар, тек оны әркім әртүрлі пайдаланады. Байларға да, қарапайым адамдарға да берілетін мерзім — тәулігіне жиырма төрт сағат. Дүниеде уақыт белгілегеннен артық демократия жоқ. Кім уақытын бағалай білсе, сол ғана табысты адамдардың қатарына қосыла алады. Адам уақытты бағалай білгенде ғана өзін-өзі қадағалап отырады. Күнделікті жоспарын құрады. Сол арқылы ең жаман дерт — еріншектікті жеңеді. Өзін нағыз адам етіп тәрбиелеп шығады.

(Баспасөз материалдарынан)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажетті сөздерді қойып жаз. Түсіндір.

1. Әйгерімнің қасы ... (зор, аса, өте) әдемі. 2. Театр біздің үйге (ең, тым, нақ) жақын болғандықтан, асықпай шықтық. 3. Ол қолына ... (ұзындау, тереңдеу, көкше) таяқ ұстап алды. 4. Басындағы ... (биігірек, шымқай қызыл, күштірек) орамалы жақсы жарасып тұр. 5. Азамат Әмірдің (аса, тіпті, ең) жақын досы еді. 6. Ауылды (нағыз, томпақша, тым) келген жігіт басқарады. 7. Омар Айшамен (тап-тамаша, жап-жақсы, тым кіші) ойнап жүр.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Төменде берілген сөйлемдердің бірін тақырып ретінде таңдап алып, мәтін құра. Мәтінде сын есімнің шырайларын пайдалан.


«Уақыт — керемет сый», «Уақыт — ағып жатқан су», «Уақыт — ақша», «Бір минут — бір кісінің өмірі», «Уақыт — қазына».

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Уақыт — әркімнің өмірлік капиталы» деген тақырыптың төңірегінде пікірталас ұйымдастырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
«Уақыт» сөзіне диаграмма құр. Осы сөздерді пайдаланып, әңгіме құра.



ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Жақша ішіндегі етістіктерді қажетті тұлғада қойып жаз.

Абай он төрт жасынан бастап өлең (шығару). Абай медреседе уақытын зая (жібермеу). Ол араб, парсы тілдерін (үйрену). Абай Семейдегі орыс мектебінде (оқу). Гоголь атындағы кітапханада Е. П. Михаэлиспен (танысу).

Ол Еуропа мәдениетімен (танысу). Оны қарапайым халықтың өмірі қатты (толғандыру). Абай жасы үлкен адамды құрметтеуге, білім-ғылымды үйренуге (шақыру). Қазіргі таңда Абайды дүниежүзі (білу). Оның өлеңдері көптеген тілдерге (аударылу).

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Абайдың туған жері туралы жасанды интеллект көмегімен фотоколлаж дайында. Абайдың туып өскен жеріндегі киелі орындар мен ескерткіштер туралы айтып бер.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жұмысың өнсін десең, өткенге өкінгің келмесе, әр минутыңды ұқыпты пайдалана біл. *(М. Әуезов)*
Минут ұрыс тағдырын шешеді. Сағат шайқас тағдырын шешеді. Күн бүкіл мемлекет тағдырын шешеді. *(А. В. Суворов)*

3 ТАҚЫРЫП

ЖЕРДЕГІ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Д. Дефо «Робинзон Крузо» романы (үзінді)

1—2 САБАҚ

Ғаламдық экология мәселелері

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ғаламдық, жұқару, шаң, қатерлі, құбылыс, талқылау, үндеу

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?
2. Сен тұратын жердің экологиялық жағдайы қандай?
3. Экологиялық қауіпті аймақ дегенді қалай түсінесің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Климат — бұл белгілі бір жердегі ауа райының көпжылдық режімі мен оның өзгеріп отыруы.

Климаттың өзгеруі — барлық жер бетінде немесе оның ірі аймақтарында климат жағдайларының өзгерулері.

Климаттың өзгерулері әртүрлі дәрежеде табиғи орта мен ауылшаруашылығы өндірісіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына әсер етеді.

Сұрақтар:

1. Климат деген сөзді қалай түсінесің?
2. Сен тұратын аймақтың климаты қандай?
3. Сен тұратын аймақтың климаты адам денсаулығына қалай әсер етеді?
4. Климаттың өзгеруі неге әсер ететінін диаграммаға жаз:



ratelek-forum.kz

ТІЛДІК БАҒДАР

Топтау сан есімдері

Заттың санын жекелеп емес, топтап көрсететін сан есім түрі топтау сан есім деп аталады. Топтау сан есімдері нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. Топтау сан есімдері дара және күрделі сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады.

Жасалу жолы	
Дара сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады	Күрделі сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады
екі+ден, төрт+тен, жүз+ден, бес+тен	*екі-екіден, он бес+тен, жүз-жүз+ден*

ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді көшіріп жазып, топтау сан есімдерін табыңдар.

Біз қазақ тілі сабағында екі-екіден бірігіп жұптық жұмыс орындадық. Әр жұп Қазақстанның әр аймағындағы экологиялық мәселелерді бөліп алды.

Алуа екеуміз кітапханаға барып, он-оннан кітап алып, ақпарат жинадық. Бірігіп тұсаукесер дайындадық. Сабақта тұсаукесерді көрсетіп, Қарағанды облысындағы экологиялық мәселелер туралы ақпаратты бөлістік. Бізге оқушылар екі сұрақтан қойды. Барлық сұраққа толық жауап бердік.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта.

Ғаламдық экологиялық мәселелер — ғаламдық, аймақтық және ұлттық мәселелер деп бөлінеді. Экологиялық қауіпті мәселелер: табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының **жұқаруы**, атмосфераның, мұхиттың, қоршаған орта мен судың ластануы және т. б. Бұл мәселелер тек қана барлық мемлекеттің қатысуымен, БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы) басқаруымен шешіледі.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жердің тозуы, **мұнай қалдықтары мен** мұхит, теңіз суларының ластануы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы **тіршілік жойылады**. Мәселен, балықтар мен итбалықтардың қырылуы. Осы мәселелердің алдын алу үшін мұнай өндіру құралдарына арнайы сүзгілер орнатылады. Ауаны тазарту қондырғылары орнатылады. Экологиялық мәселе біздің елімізде де бар. Арал теңізінің суы тартылып, экологиялық **апатты аймаққа** айналды. Суы тартылып, теңіздің түбі құрғап қалған. Құрғап қалған теңіз түбіндегі зиянды **тұзды шаңдар** желмен тарайды. Бұл **қатерлі құбылыс** ауаны ластап жатыр.

Экологияның әлемдік мәселеге айналуы ауаның ластануымен тікелей байланысты. Себебі ауада мемлекеттік шегара жоқ. Сондықтан атмосферадағы ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналды.

Қазір экология мәселесіне кеңінен көңіл бөлініп, көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Тіпті экологияны бұзғаны, ластағаны үшін арнайы айыппұл тағайындалып, оның қалыпқа келуіне назар аударылуда.

Сондықтан, досым, өзіңнің болашағың үшін, ең алдымен, қоршаған ортаның экологиясына көңіл бөл! Экология мәселесін **достарыңмен талқылаңдар**. Жер тұрғындарына **үндеу жариялаңдар**.

(«Экология» оқулығынан)

АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтін желісі бойынша суреттердің орналасуын ретімен айт.








ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Қалай ойлайсың, бірінші бағандағы сөздің мағынасы қандай? Екінші бағаннан тауып айт. Келесі бағанға сол сөздің орысша аудармасын жаз.

Сөздер	Мағынасы	Аудармасы
Ғаламдық	майда, ұсақ тозаң	
Шаң	жанды ағзалардың тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы	
Айыппұл	адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген құбылыс	
Экология	бір нәрсенің жұқаруы, жұқа қалыпқа түсуі	Экология
Жұқару	қылмыс жасап, жазалы болғаны үшін заттай төленетін ақы	
Қатерлі	барлық адамзаттың жалпы мүддесін қамтитын әлемдік проблемалар	

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер. Жауабыңды дәлелде.

1. Ғаламдық экология мәселелеріне не жатады?
2. Неге олар ғаламдық мәселе деп аталады?
3. Оларды қолға алу үшін не істеліп жатыр?
4. Өз еліңнің немесе туған жеріңнің экологиялық мәселесі қандай?

ОҚЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтіннен еліміздің экологиялық мәселесі туралы айтылған ой бөлігін тауып оқы. Ол туралы не білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Жақша ішіндегі екі сөздің дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

Қазір Арал теңізінің суы (тазарып/тартылып), теңіздің түбі құрғап қалған. Сондықтан ол экологиялық (апатты/таза) аймаққа айналды. Теңіз түбіндегі тұзды (сулар/шаңдар) желмен тарап жатыр. Бұл (қатерлі құбылыс/оқиға) ауаны ластауда. Ауада шегара жоқ. Сондықтан атмосферадағы ауаны қорғау (аймақтық/ғаламдық) мәселеге айналды.

Қазақстандағы осы экологиялық мәселені достарымызбен (талқылаймыз/ойластырамыз). Одан кейін халыққа Арал теңізін сақтау туралы (ереже/үндеу) жариялаймыз.

ТЫҢДАЛЫМ

10 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Тірек сөздер: ғаламдық жылыну, жаңбырдың мөлшері, ауылшаруашылығы, кері әсер ету, ауа алмасуы, төмендету, қатты ыстық, жауындар, үштен екі бөлігі, шөл дала, метрологиялық болжамдар.

1. Ғаламдық жылыну дегенді қалай түсінесің?
2. Ғаламдық жылыну қандай мәселелер тудырып жатыр?
3. Кейбір жердің қатты ыстық болуы, ал кейбір жерде тропикалық жауынның болу себебі не?
4. Ғаламдық жылыну Қазақстан климатына әсер етіп жатыр деп ойлайсың ба?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Қалай ойлайсың, төменде берілген мәселелердің ішінен нені қатерлі экологиялық құбылысқа жатқызуға болады? Себебін айт. Оны парталас досың да қатерлі құбылыс деп санай ма? Сұра.

Өзен-көлдердің жанындағы қоқыстар; ормандар мен ағаштарды жою; көліктердің көп болуы; аңдардың жойылуы; ғаламдық жылыну; ауадағы улы газдар; орман өрттері; химиялық қалдықтар; ауылшаруашылық және тұрмыстық қалдықтар; өсімдіктердің жойылуы; завод-фабрикалар; радиоактивті қалдықтар.

Үлгі: *— Менің ойымша, өзен-көлдердің жанындағы қоқыстар қатерлі экологиялық құбылысқа жатады. Себебі олар өзен мен көлдердің суын ластайды.*
— Асыл, сен қалай ойлайсың? Менің ойымша, ...

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Парталас оқушыдан алғашқы сабақта дайындалған «Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін» сақтауды өтініп, ұсыныс айт.

Үлгі: *Қәусар, сенен «Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін» сақтауды өтінемін. ... ...*

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма. Жағдаят:
Теңізді мұнай қалдығымен ластағаны үшін айыппұл төлейтінін айтып, бұйрық бер. Айыппұл мөлшерін теңгемен белгіле. Үлгіні негізге ал.

Үлгі: *Сіз аулаға қоқыс тастағаныңыз үшін айыпталасыз. Сізге айыппұл салынады. Айыппұл көлемі 10 000 теңге. Айыппұлды айдың соңына дейін төлеңіз!*

ЕСТЕ САҚТА!

Арал теңізінің суы тартылды. Ол экологиялық апатты аймаққа айналды. Суы тартылып, теңіздің түбі құрғап қалды. Құрғап қалған теңіздің түбіндегі зиянды, тұзды шаң желмен тарайды.

Экологиялық сауаттылық

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

қорытынды, көзқарас, күрт өзгеруде, жаратылыс, кейбір, үздіксіз, түсіндірейік

ТЫҢДАЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, дұрыс жауабын таңда.

1. 1936 және 2005 жылдар арасында Қазақстанда ауаның температурасы
а) төмендеген
ә) жоғарылаған

2. Ауа температурасы әрбір 10 жыл сайын
а) 0,31 градусқа жылынған
ә) 0,31 градусқа суыған

3. Соңғы 50 жылда Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі мұздықтар
а) көбейген
ә) азайған

4. Ғалымдар күн жылына берсе, орташа температура
а) жоғарылайды деп жорамалдайды
ә) жоғарыламайды деп жорамалдайды

5. Еліміздің 75% территориясы экологиялық
а) өзгеріске ұшыраған
ә) қалпын сақтап тұр

6. Мұздықтардың азаюы таулы өзендердің ағысына
а) әсер етпейді
ә) әсер етеді

7. Қазақстан Қырғызстан, Өзбекстан және Қытайға тәуелді
а) су мәселесі бойынша
ә) жер мәселесі бойынша

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Мәтіннен топтау сан есімдерін тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

Келесі аптада қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қалалық олимпиада болады. Жарысқа әр мектептен бір-бір топтан қатысады. Олимпиаданың шарты бойынша әр топта алты-алтыдан оқушы болуы керек екен. Назым апай жарысқа үш сыныптан екі-екіден алты оқушыны таңдап алды. Оның ішінде мен де бармын. Біз үздіксіз дайындалып жатырмыз. Әрқайсымыз төрт-төрттен Абайдың қара сөздерін жаттаймыз және олардың мағынасын түсіндіреміз. Абайдың білім алуға, өмірге деген көзқарасы ешкімге ұқсамайды.

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Сөздікті пайдаланып, қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта.



Досым! Халің қалай? Бүгін теледидардан өте маңызды хабар көрдім. Ол хабар маған қатты әсер етті. Сондықтан саған хабарлама жазып отырмын. Сенімен ой бөліскім келді. Өйткені еліміздің болашағы біздің қолымызда.

Біз экологиялық сауаттылық туралы не білеміз? Оны біз тек қоқыс тастамау деп түсінетін секілдіміз. Бүгінгі хабарды көріп, экологиялық сауаттылығым төмен екен деп **қорытынды** жасадым. Мен, шын мәнінде, осы мәселе туралы терең ойланбайды екенмін. Сенің **көзқарасың** қандай?

Қазіргі кезде ғылым мен техника дамып келеді. Бұл даму биосфераға тікелей ықпалын тигізуде. Жер шарындағы экологиялық жағдай **күрт өзгеруде**.

Байқайсың ба, еліміздің табиғаты да бұрын болмаған өзгерістерге ұшырауда. Көптеген аймақтың техногенді шөлейттенуі, топырақтың тозуы, су ресурстарының тартылуы, атмосфераның ластануы, ормандардың сиреуі, табиғаттың бүлінуі байқалуда. **Жаратылысқа** қатерлі табиғи **құбылыстар** мен **кейбір** өнеркәсіп апаттары жиілей бастады. Әрі улы қалдықтардың жинақталуы қоршаған ортаға **үздіксіз** зиянын тигізіп отыр.

Біз күнделікті өмірімізде қоршаған ортаны қалайша сақтап қаламыз, не істеуіміз керек деген сұраққа көп ойланбайды екенбіз. Экологиялық сауаттылықты қалай үйретуге болады? Еліміздің табиғатын қалай сақтауымыз керек? Не істесек болады?

Жауабыңды күтемін. Ақылдасайық! Қорытынды жасап, адамдарға экологиялық сауаттылықтың не екенін **түсіндірейік**! Еліміздің ертеңі біздің қолымызда.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Биосферада қандай өзгеріс болып жатыр? Мәтінді оқып, тізбектеп жаз.

1. Биосфераға ықпалын тигізуде;
2. ... , ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтіннің соңғы ойбөлігіндегі сұрақтарға жауап бер. Өз жауабыңды дәлелдеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Бос орындарға қажетті сөздерді жазып, сөйлемді толықтыр.

Қажетті сөздер: қорытынды, үздіксіз, күрт, өзгеруде, көзқарасы.

Бүгін теледидардан экологиялық сауаттылық туралы хабар көрдім. Одан кейін өзімнің экологиялық сауаттылығым төмен екен деп ... жасадым. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарасым ... өзгерді. Орманды қорғау, судың және атмосфераның тазалығын сақтау ... жүруі керек екен. Экология мәселесіне менің достарымның ... қандай екен?

Қазіргі кезде ғылым мен техника дамып келеді. Бұл даму биосфераға тікелей ықпалын тигізуде. Жер шарындағы экологиялық жағдай ... .

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.

Мен экология туралы шығарма жаздым. Шығармада экологияның зардаптарын мысал арқылы дәлелдеп жаздым. Қазақстан экологиясын сақтаудың жолдарын ұсындым.

- Қазақстан экологиясын сақтау үшін ол қандай сөйлемдер жазды деп ойлайсың?
- Өз нұсқаңды жаз.
- Екі нұсқадан кем болмасын.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Суретке қарап, жердің шөлейттенуі, топырақтың тозуы, судың тартылуы туралы әңгімеле.






МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта.
Асты сызылған сөздерге сұрақ қой.

Табиғат бұрын-соңды болмаған өзгеріс... ұшырауда. Көптеген аймақ техноген... шөлейттеніп, топырақ тозуда, су қоры тартылып жатыр, атмосфера ластанып, ормандар сиреді, табиғат бүлін... жатыр.

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Қоршаған ортаны қорғауға байланысты өзіңді толғандырып жүрген мәселелерді шешу жөнінде Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне 11-15 сөйлемнен тұратын хат жаз. Мәтінде айтылған идея мен сөздерді пайдалан. Ресми-іскерлік сала бойынша жазылған хаттың тілдік ерекшелігіне назар аудар.

ЖАЗЫЛЫМ



11 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» әдісіне салып жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаса.

АЙТЫЛЫМ



12 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. Парталас оқушыға алғашқы сабақта дайындалған «Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін» сақтауды өтініп, ұсыныс айт. Берілген сөздердің ішінен экологияға қауіп төндіретін заттардың бірін таңда. Оны үлгідегі заттың орнына қой. Сол затты лақтырмауын өтін.

Қажетті сөздер: химиялық қалдықтар, қағаз қоқыстар, тұрмыстық қалдықтар, ауылшаруашылық қалдықтары, радиоактивті қалдықтар, қуаттағыштар, пластик құтылар, пластик пакеттер және т.б.

Үлгі: *Аслан, «Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін» сақтауды өтінемін! Тұрмыстық қалдықтарды арнайы қоқыс жәшігіне таста!*

ЖАЗЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
Берілген мәселеге қатысты ақпарат жина. Келісетініңді немесе келіспейтініңді айтып, эссе жаз. Мәселе: Ауызсу құбырының шүмегінен су ішуге бола ма?

Кіріспе бөлім:
Ауызсу мәселесі.
Негізгі бөлім:
1. Ауызсу құбырының шүмегінен су ішуге болады.
Бұл пікірмен келіссең, ойыңды дәлелде.
2. Ауызсу құбырының шүмегінен су ішуге болмайды.
Бұл пікірмен келіспесең, ойыңды дәлелде.
Қорытынды бөлім:
Ойыңды қорытындыла.

Талаптар:
- *меніңше, менің ойымша* және т.б. сөздерді қолдану;
- көлемі – 80-100 сөз.

ЕСТЕ САҚТА!

Қоршаған ортаны қалай сақтап қаламыз, не істеуіміз керек? Экологиялық білім мен тәрбиені қалай беруге болады? Еліміздің табиғатын қалай сақтауымыз керек?

Ауызсу қоры не себепті азаятынын білесің бе?

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

тасқын, жылыну, болжам жасау, жоғарылау, қолайсыз, аптап, қапырық, үскірік, сынап бағанасы

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап,сұрақтарға жауап бер:

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. Ғаламдық климаттың негізгі өзгеру себебі қандай?
3. Табиғи апаттар ненің әсерінен болып жатыр?
4. Ғалымдар қандай болжамдар айтқан?


АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Жаңа сөздерді суреттермен сәйкестендір.
Осы сөздерді пайдаланып, сөз тіркестерін құрап айт.

Ауызсу, жарамсыз, теңіздегі тасқындар, мал жайылымы, көмір қышқыл газы, бу.


1


2


3


4


5


6

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.

Алуа:
— XXI ғасырда су қорына байланысты қандай үлкен мәселелер бар?
Дана:
— Алуа, XXI ғасырда су қорына байланысты мәселелер өте көп. Соның бірі — ауызсудың азаюы.
Алуа:
— Әлемде таза ауызсу қорының азаюы немен байланысты? Қазақстанда ауызсу мәселесі бар ма? Біз пайдаланатын ауызсудың сапасы қандай?
Дана:
— Әлемде таза ауызсу қорының азайып отырғанын мамандар мен ғалымдар теңіздегі тасқындармен байланыстырады. Біздің елімізде де ауызсу мәселесі бар. Қазақстанда ауызсудың 20%-ға жуығы жарамсыз.
Алуа:
— Ғаламдық жылынуға байланысты Қазақстанда не өзгеруі мүмкін?
Дана:
— Ғалымдар әлемдік жылынуға байланысты Қазақстанда өзендердің ағысы өзгеруі мүмкін деп болжам жасайды. Жаңа аномалды табиғи құбылыстардың пайда болуы да мүмкін.
Алуа:
— Ғалымдар су қорының төмендеуін жердегі температураның жоғарылауымен байланысты дейді. Температураның жоғарылауы су қорына қалай әсер етеді?
Дана:
— Соңғы кезде атмосферада көмір қышқыл газы көп бөлінуде. Көмір қышқыл газы температураны жоғарылатады. Жердегі су бу болып ұшып, су қоры төмендейді. Су қоры төмендегенде жазда аптап ыстық, қапырық болады. Ал қыста үскірік суық болып, сынап бағанасы төмендейді.
Алуа:
— Рақмет, Дана! Сізден көп мәлімет алдым. Сонда энергияның көп бөлінуінен жердегі су қоры азаяды екен. Су азайса, жерден өнім шықпайды. Сондықтан суды орынды пайдаланып, ауызсуды үнемдеу қажет.

Көркем Горизонт

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді оқып, бос орындарды толықтырып жаз.
Күрделі сөздердің дұрыс жазылуына мән бер.

1. XXI ғасырдың үлкен мәселесі — ... .
2. Әлемде таза ауызсу қорының азаюы ... байланысты.
3. Су қорының төмендеуінен болатын қолайсыздықтар: ... , ... , ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтіннен мына сөйлемдерді тауып оқы. Өз сөзіңмен түсіндір.

1. Ғаламдық жылынудан Қазақстанда болуы мүмкін өзгерістерді анықтайтын сөйлем.
2. Ғаламдық жылынудан Қазақстанда болуы мүмкін өзгерістерді анықтайтын сөйлем.
3. Су қорының төмендеу себебін анықтайтын сөйлем.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Төмендегі сөздерді тағы қандай сөздермен тіркестіруге болатынын айтып жаз.

№	Тірек сөздер	Ұсынылған сөздер	Қолдануға болатын тіркестер, мысалы
1	ауызсу	қоры,тау бөктері, тапшылығы, қысқарған, тазалығы	- ластанды - ...
2	жарамсыз	су, мұздықтар, тамақ, жорамал, киім	
3	теңіздегі тасқындар	жиіледі, шығыны, көбейді, әсер етеді, дамып келеді	
4	көмір қышқыл газы	бөлінеді, әсер етеді, жақсы ықпал етеді, тарайды, атмосфераға ұшады	
5	бу	көтеріледі, қатады, төмендейді, жоғарылайды, болып ұшады	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. XXI ғасырда су қорына байланысты түйткілді мәселелер бар.
2. Жалпы әлемдік деңгейде таза ауызсу қоры азайып отырғанын мамандар теңіздегі тасқындармен байланыстырады.
3. Қазақстанда ауызсу мәселесі қиындық тудырып отырған жоқ.
4. Қазақстанда ауызсудың сапасы жақсы.
5. Әлемдік жылынуға байланысты болашақта Қазақстандағы өзендердің ағысы өзгеруі мүмкін.
6. Ғалымдар су қорының төмендеуін жердегі температураның жоғарылауымен байланыстырады.
7. Атмосферада көмір қышқыл газы көп бөлінбейді.
8. Жердегі су бу болып ұшады.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Бос орындарға жаңа сөздерді қойып жаз.

Ғаламдық ... Қазақстан климатына да әсер етеді. Ғалымдар елімізде өзендердің ағысы өзеруі мүмкін деген ... . Сонымен қатар жердегі температура ... , судың қоры азаяды. Жердегі судың қоры төмендесе, ол адамға және барлық табиғатқа ... .

Жаңа сөздер: *жылыну, болжам жасайды, қолайсыз, жоғарыласа.*

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
3-тапсырмадағы диалог бойынша 2 үнқатымды монологке айналдырып жаз.

Үлгі: *Ауызсудың азаюы — XXI ғасырдағы үлкен мәселе. Ауызсудың азаюы мына мәселелермен байланысты...*

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Ауызсуды тазалаудың қай түрін таңдар едің? Ойыңды дәйектеп айт.

А. Ауызсуды қайнату арқылы тазалау;
Ә. Ауызсуды сүзгі арқылы тазалау.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Достарыңнан үйде, мектепте ауызсуды үнемдеу керегін талап етіп, өтініш жаз. Мәтінде «өтінемін» деген сөзді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.
«Ауызсу қорының азаюы — экологиялық мәселе» тақырыбында 80-100 сөзден тұратын эссе жаз. 5-6-сабақта айтылған ақпараттарды пайдалан.

Кіріспе бөлім:
Ауызсу қорының азаюы қайдан пайда болып отырғанын дәлелдеп жаз.
Негізгі бөлім:
1. Ауызсу қорының азаюынан туындаған мәселелерді анықта.
2. Осы мәселеден шығудың жолын айт. Мысалы: көмір қышқыл газын бөлуді азайту не тоқтату, ..., ...
Қорытынды бөлім:
Ойыңды қорытындыла. Ауызсу қорын үнемдеу үшін өзің не істейтініңді жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.
3-тапсырмада берілген диалогті оқып, жоспар құр. Жоспарға сүйеніп, өз сөзіңмен баянда. Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Елімізде ауызсу мәселесі қиындық тудырып отыр. Пайдаланатын судың 20%-ға жуығы жарамсыз. Атмосферада көмір қышқыл газы көптеп бөлінуде. Көмір қышқыл газы көбейген сайын температура жоғарылайды.

Д. Дефо «Робинзон Крузо» (үзінді)

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

қол үзу, қайғыға ұшырау, ажал, кеменің шөгуі, өзгеріссіз, тосын, өсіп-өну

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқып, әр сөйлемге бірнеше нұсқада сұрақ құрастыр.



Даниэль Дефо

Ағылшын жазушысы Даниэль Дефо «Робинзон Крузо» деп аталатын жалғыз романымен әлемге әйгілі болды. Д. Дефо адам аяғы баспаған аралда жалғыз өзі өмір сүрген адамның тіршілігі туралы жазады. Робинзон Крузо өмір сүру үшін неше түрлі амал жасайды.

Кеме теңізде апатқа ұшырап, Р. Крузо белгісіз аралда жалғыз қалады. Сол аралда 28 жыл бойы жалғыз болады.

Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» романы әлем әдебиетінің ең озық үлгілерінің біріне айналды.

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Берілген сөйлемдердің мағынасын есіңе сақта.

Арал — түгелдей сумен қоршалған құрлықтың бір бөлігі. Құрлыққа қарағанда, аралдың ауданы шағын келеді.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

Сен Дефоның орнында болсаң, шығарманы қалай атар едің?

Елсіз аралға тап болсаң, қандай сезімде болар едің? Алғашқы әрекетің не болар еді?

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Суретке қарап, мәтін құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді түсініп оқы. Сөздікті пайдаланып, жаңа сөздердің мағынасын анықта.

Тағдыр мені көз көріп, құлақ естімеген, адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкеліп тастады. Мен үшін **тосын** өмір. Құтыламын деген сенімім жоқ.

Мен дүниеден қол үзіп, айдалада қалдым. Арылмас қайғыға ұшырадым.

Мен бүкіл адамзат баласынан алыс қалдым. Мен қоғамнан қуылған жәндікпін.

Менің киім-кешегім аз. Біраз уақыт өткен соң киетін киімім де қалмайды.

Мен аңнан, адамнан қалай сақтанамын? Менде сақтанатын қару жоқ. Менімен сөйлесетін және маған ақыл айтатын, жұбататын ешкім жоқ. Мұнда адамның **өсіп-өнуі** қиын.

Бірақ барлық жолдастарым суға кетіп, апат болғанда, мен тірі қалдым.

Тек мен ғана кемедегі бүкіл адамнан бөлініп жалғыз қалдым. Ажал тек мені есіркеді. Мені ажалдан құтқарған нәрсе, мүмкін, бұдан да құтқарар.

Бірақ мен аштан өлген жоқпын. Адам баласы тамақ таба алмайтын, ел жоқ, күн жоқ жапан далада өмір сүріп отырмын. Күндер **өзгеріссіз** өтіп жатыр.

Бірақ мен киімсіз өмір сүретін жерде тұрамын. Бұл жерде ауа райы қолайлы, **үсік** болмайды.

Мен тұрған аралда Африканың аралдарындағыдай адам жоқ. Әлі күнге дейін жыртқыш аңдар кездескен жоқ. Егер Африканың аралдарының бірінде қалсам қайтер едім?

Бірақ құдайдың құдіреті шөккен кемені жиекке жақындатып әкелді. Кемеден өзіме күнделікті керекті заттарды алып үлгердім. Өле-өлгенше тамақ тауып ішуіме болатындай мүмкіндік берді.

Дүниежүзінде адам баласының мұнан артық ауыр жағдайға тап болуы екіталай. Бірақ мұнда тұрмыстың жаман жағы ғана емес, жақсы жағы да бар.

Аралдағы тұрмысыма үйрене бастадым. Бұрын мен минут сайын кеме көріне ме деп теңізге қарайтынмын. Енді үмітімнен күдер үздім. Өз тіршілігімді жеңілдетуге жағдай туғыздым.

(Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» романынан)

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Үлгі: *адамның сыртқы бейнесі — адамның киім киісі, киім кию әдебі.*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. Тағдыр мені көз көріп, құлақ естімеген, адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкелді.
2. Мен дүниеден қол үзген жоқпын.
3. Арылмас қайғыға ұшырадым.
4. Мен бүкіл адамзат баласына жақындадым.
5. Мен қоғамнан қуылған жоқпын.
6. Менің киім-кешегім көп.
7. Менде сақтанатын қару бар.
8. Менімен сөйлесетін, маған ақыл айтатын адам жоқ.
9. Жұбататын адам бар.
10. Барлық жолдасым суға кетті.
11. Мен тірі қалдым.

АЙТЫЛЫМ

8 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: сен автордың орнында болсаң, романды қалай аяқтайтын едің? Робинзон Крузоның орнында болсаң, 28 жыл белгісіз аралда шыдай алар ма едің? Қазіргі заманда белгісіз аралда өмір сүрудің жолдарын ұсына аласың ба?



ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтінді екінші жақтан жаз. Етістіктерді тауып, астын сыз.

Кемедегі бүкіл адамнан бөлініп жалғыз қалдым. Ажал тек мені есіркеді. Мені ажалдан құтқарған нәрсе, мүмкін, бұдан да құтқарар.

Бірақ мен аштан өлген жоқпын. Адам баласы тамақ таба алмайтын, ел жоқ, күн жоқ жапан далада өмір сүріп жатырмын.

Оқулық-Горизонт

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып айт.

Қажетті сөздер: жерде, аңдар, аралдарының, кемені, адам, заттарды, мүмкіндік.

Мен киімсіз өмір сүретін ... тұрамын. Мен тұрған аралда Африканың аралдарындағыдай ... жоқ. Әлі күнге дейін жыртқыш ... кездеспеді. Африканың ... бірінде қалсам қайтер едім?

Бірақ Құдайдың құдіреті шөккен ... жиекке жақындатып әкелді. Кемеден өзіме күнделікті керекті ... алып үлгердім. Өле-өлгенше тамақ тауып ішуіме болатындай ... берді.

АЙТЫЛЫМ

11 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: Робинзон Крузоға бір күнде не істеу керегін айтып, бұйрық бер.

Үлгі: *Робинзон, сен бүгін балық аула! Одан кейін балықтан сорпа қайнат!*

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
«Кейіпкерге хат» ойыны. Робинзон Крузоға 12 сөйлемнен тұратын хат жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Тағдыр Робинзонды көз көріп, құлақ естімеген аралға әкеп тастады. Ол дүниеден қол үзіп, аралда қалды.

Көкжиек-Горизонт

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9—10 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Бір сөйлемге бірнеше нұсқада сұрақ дайындаңдар. Сұрақтарды келесі жұппен алмасып, диалог құрастырыңдар.

Үлгі: *Ғаламдық жылыну жаңбырдың мөлшеріне, ауылшаруашылығына кері әсер етуде.*

Сұрақтар нұсқасы:

1. Ғаламдық жылынудың жаңбырдың мөлшері мен ауылшаруашылығына қандай әсері бар?
2. Ғаламдық жылыну жаңбырдың мөлшеріне және ауылшаруашылығына әсер ете ме?
3. Жаңбырдың мөлшері мен ауылшаруашылығына ғаламдық жылыну қалай әсер етеді?

Қазақстан жерінің үштен екі бөлігі шөлейттенген. Полюстер мен экватордағы температураның әртүрлі болуына байланысты әлемде ауа алмасады. Полюстердің жылынуы ауа алмасуын төмендетеді. Сондықтан кей жерлерде қатты ыстық болады, кей жерлерде тропикалық жауын жауады. Еліміздің ауылшаруашылығы, энергетика, су қоры метрологиялық болжамдарға тәуелді.

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сөйлемдерді дұрыс жауабымен толықтырып оқы.

1. Қоршаған ортаның ластануынан
а) жер өзгеруде
ә) климат өзгеруде

2. Өндіріс ошақтары
а) ортаны ластауда
ә) ағашты ластауда

3. Жер климаты өзгеріп
а) апаттар көбеюде
ә) боран көп болуда

4. Әлемде
а) оқиғалар болуда
ә) құрғақшылық болуда

5. Ғалымдар климаттың өзгеруі
а) ормандардың оталуымен байланысты дейді
ә) қалалардың көп болуымен байланысты дейді

6. Мұздықтардың азаюы, су температурасының көтерілуі
а) аспанды өзгерткен
ә) ауа айналымын өзгерткен.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқып, жақша ішіндегі екі сөздің дұрыс нұсқасын жаз.

2003 жылы Еуропада жаз (аптап ыстық/қоңыр салқын) болып, сынап (бағанасы/көрсеткіш) 40 градустан асқан. Ғалымдар мұндай (оқиға/құбылыс) сирек кездеседі деген. Мұндай (белгісіз/

қолайсыз) құбылыс 200 жылда бір рет болады деген екен. Алайда ғалымдар болашақта жаздың ыстық болуы екі есеге өседі деп (сынақ/болжам) жасаған. 2040 жылы әрбір екінші жаз осылай ыстық болады деп болжам жасайды. Ол адамзат пен табиғатқа (қатерлі/ұнамайды).

Болашақта адамзатты қандай тосын құбылыстар күтіп тұрғаны белгісіз. Сондықтан табиғатпен санасып өмір сүру керек.

(А. Тұрапбайұлынан «Егемен Қазақстан»)

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

1. Бірінші баған. Ауызсу мәселесін шешудің қай жолы дұрыс деп ойлайсың? Жауабын таңда.
2. Екінші баған. Өзің дұрыс деп таңдаған жауапты негіздейтін идеялардың біреуімен сәйкестендір. Себебін түсіндір.
3. Соңында ауызсу мәселесін шешудің жолдары мен идеяларды пайдаланып, өз тұжырымыңды жаз.

№	**Ауызсу мәселесін шешудің жолдары**	**жауапты негіздейтін идеялар**
1	Суды қайнату арқылы ауызсу мәселесін шешуге болады.	Суды сүзгіден өткізу арқылы ауыр металлдарды, пестицидтер мен нитраттарды тазалайды.
2	Суды сүзгіден (фильтр) өткізу арқылы ауызсу мәселесін шешуге болады.	Суды химиялық жолмен тазалау арқылы қауіпті микроорганизмдерді жояды.
3	Суды дезинфекциялау арқылы ауызсу мәселесін шешуге болады.	Суды қайнату судағы бактериялар мен вирустардың көбін жояды.
4	Дәйектелген өз шешімің	

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Таза ауызсудың жетіспеуі адам денсаулығына қалай әсер етеді деп ойлайсың? Ойды жалғастырып 3-4 сөйлем жаз.

Әлемде 2,5 миллиард адам таза су ішпейді. Ол адамдардың денсаулығына өте қауіпті. ... ...

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сұрақтардың тұсындағы сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сұрақтарға жауап жаз.

1. Биылғы жаз қандай оқиғаларға толы болды?
2. Біз Алакөлде демалдық. Көлде ауа райы қалай болды?
3. Екі-үш күннен кейін жел соғып, қандай ауа райы басталды?
4. Жел болғанда, көлге түсуге бола ма?
5. Ауа райы болжамында алдағы екі күннің қандай болатынын айтты?

тосын
аптап ыстық
қолайсыз
қатерлі
жел

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сен аралға тап болдың. Не істейсің? Суретті пайдаланып, 8-12 сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр.



4 ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Б. Ұзақов «Жантаза»

Ұлы Дала өркениеті

1—2 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

дерекқор, бекініс, алыс-беріс, жандану, сүйену, өркендеу, қалашық

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ұлы Дала», «Аспан асты елі», «Күншығыс елі» деген имидждік атауларға қатысты не білесің?
2. Ежелгі сақтар, көшпелілер мәдениеті туралы айтылған қандай ғалымдардың еңбектерін оқыдың?
3. Геродот кім? Оның сақтар туралы айтқан пікірін білесің бе?
4. Суретке қара. Суреттердің Ұлы Дала өркениетіне қандай қатысы бар? Ғаламторды, өзге де дерекқөздерді пайдаланып, заттардың атауларын, қай ғасырға жататынын анықта. Сабақ тақырыбымен қандай байланысы бар деп ойлайсың?





ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Орысша-қазақша сөздікті» пайдаланып, орыс зерттеушісі Л. П. Окладниковтің ежелгі түркі мәдениеті туралы айтқан сөзін қазақ тіліне аударып жаз.
Ғалым айтып отырған «Древняя тюркская Сибирь» жер шарының қай бөлігі екенін әлем картасынан тап.

ТІЛДІК БАҒДАР

Одағай сөздер

Анықтамасы

Одағай — қазақ тіліндегі 9 сөз табының бірі. Одағайға адамның әртүрлі көңіл күйін білдіретін сөздер мен жан-жануарларды шақыруға байланысты сөздер жатады.

Одағай сөзге тән белгілер:

1) лексикалық мағынасы болмайды;
2) оқшау сөздің бір түрі болғандықтан, сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді;
3) сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмайды.

Одағайдың түрлері		
Көңіл күй одағайлары шаттану, таңырқау, ренжу, өкіну, қуану мәнінде қолданылады.	**Жекіру** одағайлары тыйым салу, жекіру мәнінде айтылады	**Шақыру** одағайлары хайуанаттарды, жан-жануарларды қуу, шақыру мәнінде жұмсалады.
Мысалдары		
пәлі, алақай, пай-пай, уһ, әттеген-ай, қап.	*тәйт, тек, жә.*	Қазақ тілінде жылқыны *құрау-құрау, моһ-моһ;* сиырды *ауһау-ауһау, әукім-әукім;* қойды *пұшайт-пұшайт;* түйені *көс-көс;* ешкіні *шөре-шөре;* итті *кә-кә* деп шақырады.

Одағайдың тыныс белгілері

1. Одағайлар сөйлем ішінде келсе, үтірмен оқшауланып тұрады: Ұлы Даланың тарихы, ойпыр-ай, неткен терең еді!
2. Қос сөзден жасалған одағайлардың ортасына дефис қойылады: Пай-пай, Отырар кітапханасының байлығына сөз жетпес!

Ескерту: Одағайлар басқа тілге аударылмайды. Өйткені одағайлар — ұлттық танымнен тығыз байланысты, табиғаты ерекше сөздер.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
«Жарнама». Жұптық жұмыс. «Ұлы Дала» тарихына қатысты өздеріңе ұнайтын кітаптың біріне жарнама жасаңдар. Талаптар: кітаптың қысқаша мазмұны; кітаптың маңызы; оқудың пайдасы; оның бағасы; жеңілдіктер туралы айту; автордың тұрақты оқырманы болып сөйлеу; метафора сөздерді қолдану: өмір азығы, білім қазығы, жарық ой, терең мағына, сырлы әлем және т. б.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Мәтіндегі деректер мен жер-су атауларын жазып ал. Жазбаң бойынша мәтінде не туралы айтылғанын баянда. Автордың пікіріне қатысты өз көзқарасыңды айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Мәтінді оқыңдар. Қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестері бар бір сөйлемді одағай сөзбен толықтырып, айтыңдар.

Үлгі: *Неткен ғажап, Ұлы Далада сол кездің өзінде үш жүзден аса қала болған екен!*

Ұлы Дала өркениеті дамуының бірнеше факторы болды:

Біріншіден, Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі **құрлықтың** басын қосты. Ол Еуропа мен Азияның қақпасы болды.

Екіншіден, Дала өркениеті біздің жыл санауымыздан 1000 жыл бұрын пайда болды. 7000 км жер **қамтылды**. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңыншы жылдың соңында **түркі жұрты** ең жүйрік аң — жылқыны қолға үйретті.

Үшіншіден, Ұлы Дала Әмудария мен Сыр арқылы Қытай-парсы, Үнді, Араб өркениеттерімен **тоғысты**.

Төртіншіден, дала баласы табиғи ортамен толық гармонияда өмір сүрді. Оған **шығармашылық** эволюция тән болды.

Бесіншіден, Ұлы Дала арқылы «Ұлы Жібек жолы» **сауда жолы** жанданды. Бір ғана Сырдарияның бойында 300-ге жуық қала мен бекініс болды. Яғни көшпенді дала мәдениеті мен қала өркениеті қатар дамыды.

Алтыншыдан, металлургия дамыды, аң стиліндегі зергерлік өнер өркендеді.

Жетіншіден, осы Ұлы Далада салтанат құрған Түркі елі (Түркі қағанаты 551-744 ж.) Еуразия сахарасындағы тұңғыш империя еді. Сол дәуірде түркі жазуы пайда болды.

Сегізіншіден, 545 жылы Бумын қағанның ордасына Қытай **елшісі** келді. Сол кезден бастап Түркі елі халықаралық **мәртебеге** ие болды.

(Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі — этномәдени пайымдау»)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Берілген сөздердің орыс тіліндегі аудармасын тауып жаз. Сол сөздерді қатыстырып, құрамында одағай бар сөйлем құрастыр. Оларды мазмұнына сай интонациямен айт.

Үлгі: Пах, шіркін, түркі жұртының өркениеті қандай зор болған!

қазақша	орысша
жанданды	
бекініс	
алыс-беріс	
дерекқорға сүйену	
түркі жұрты	
шығармашылық	
сауда жолы	
қалашық	
өркендеу	

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -жағдаяттық тапсырма.
Жағдаят: сенің мектебіңде «Ұлы Дала — өркениет бастауы» атты мерекелік іс-шара өткелі жатыр. Сол шараға байланысты құттықтау хат жазу саған тапсырылды. Ресми құттықтаудың жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, мәтін жаз. Онда оқшау сөздерді қамты, олардың тыныс белгілерін дұрыс қой.

Құттықтау хат

Құрметті оқушылар!

Сіздерді «Қала күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жыл сайын қала күніне орай өткізілетін іс-шарада керемет өнер көрсеткендеріңіз үшін алғыс білдіреміз!

Сіздерге кемел келешек, нұрлы болашақ тілейміз!

Құрметпен мектеп ұжымы

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
«Ұлы Дала өркениетінің даму факторлары» тақырыбында сызбаны толықтырып жаз. Мәтінде көрсетілген 8 фактордың ішінде өзің ең маңызды деп санайтын біреуіне талдау жаса.

Ұлы Дала өркениетінің даму факторлары

1. 2. 3.

4. 5. 6.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Диалог. «Тарихшымен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтіннің мазмұны бойынша тележурналист пен тарихшы ғалымның шағын сұхбатын көрсетіңдер. Диалогте көңіл күй одағайларын (Япыр-ай, неткен керемет! Қайран, бабалар! Түһ, қандай тамаша дерек! және т.б.) орынды кірістіріп отырыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Қазақстан картасын алып, аталған жерлерді белгілеңдер. Олардың ішінен біреуін таңдап, дереккөздерден соған қатысты ақпарат жинаңдар. Ақпараттарды Ұлы Дала өркениетімен сабақтастырып, шағын мәтін құрап жазыңдар. Күрделі сөздердің дұрыс жазылуына мән беріңдер.

Есік, Шілікті, Берел, Бесшатыр, Тасмола т.б. обалары; Жалаулы көмбесі (б.з.д. V—III ғғ.), Қарғалы көмбесі (б.з.д. I ғ. — б.з.д. I ғ.), Шілікті обасы (б.з.д. VI—V ғғ.), Берел (б.з.д. V—III ғғ.), Покровка (б.з.д. — V ғ.), Тарасу (б.з.д. VI—V ғғ.) ескерткіштерінен табылған көне археологиялық алтындар қамтылады.

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Ұлы Даланың ежелгі мәдениетіне қатысты сәулет ескерткіштерінің каталогін жаса. Каталогте сәулет өнерінің суреті, атауы, орны, уақыты, қазіргі жайы туралы қысқаша мәлімет көрсетілсін. Сан есімдерді қолдан.



12 -тапсырма.
Астанадағы «Ұлттық мұражай» сайтына кіріп, Ұлы Дала өркениетіне қатысты қандай экспонаттар бар екенін анықта. Өзіңе қызықты болған деректерді жазып ал.





ЕСТЕ САҚТА!

Ұлы Дала өркениеті — жалпыадамзаттық тарихтың құрамдас бөлігі.
Дерекқорға сүйенсек, Ұлы Далада 300-ден аса қала, қалашық пен бекініс болған. Металлургия мен зергерлік өнер өркендеген. Шығыс пен Батыс арасындағы алыс-беріс Ұлы Дала арқылы өткен.

Отырар — өркениет ордасы

3 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

билік, монша, кәріз, қирау, ойрандау, діни, рух

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.


1. Әлемдегі ең үлкен кітапханалар туралы не білесің?
2. Қазақстанның ежелгі қай қаласында ең атақты кітапхана болған?
3. Отырар қаласы қайда орналасқан?
4. Төмендегі суретте көрсетілген қазба жұмыстарына қатысты қандай мәлімет білесің?



ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Сөзжұмбақты шешсең, ортадағы бір бағанда орта ғасырдағы рухани орталық болған қаланың аты шығады.

1. Ең қасиетті сөз
2. Ең құнды сыйлық
3. Кітапханада отыратын адам
4. Отырарға жақын өзен
5. Отырардың көне атауы
6. «Мекен», «үй» сөзінің синонимі



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтіннің идеясын, мақсатты аудиториясын анықта. Өз пікіріңді дәлелдеп айт.

Ежелгі Қазақстан қалаларының ішінде Отырардың аты екі жайтқа байланысты ерекше айтылады: 1) ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған қала ретінде кеңінен **танымал**; 2) әлемдегі ең ірі кітапхана орналасқан мәдени орталық ретінде белгілі. Алғаш рет Отырар және Фараб атаулары біздің заманымыздың IX ғасырындағы **жазба деректерде** кездеседі.

Отырар XIII ғасырдың ортасында Батыс пен Шығыс арасын жалғап жатқан Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда орталығына айналды.

«Шығыстың гүлдену дәуірі» тұсында араб халифтары Харун әл-Рашид (786-809) пен Мамун (813-833) **«Даналық үйін»** («Байт әл-Хикма») ашады. Аса бай кітапхана, расытхана ашады. Ғылымның барлық саласына арналған кітаптарды бір орталыққа жинап, ғылыми-зерттеу, аударма, кітап шығару істерімен белсене айналысады. Әр қаланың өз «Даналық үйлері» ашылады. Жібек жолының бойымен керуен бастаған көпестер Отырар қаласының әкіміне ең құнды сыйлық ретінде кітап сыйлауды **дәстүрге айналдырды**. Тіпті бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды.

Отырар қаласына Мимун халиф ерекше көңіл аударған. Ол кітапханалар мен мектептер, **діни** орындар: медреселер мен мешіттер салдырды.

Отырар басшылары да тек **билік** құрған жоқ, халықтың жағдайын жасады. Қалада орта ғасырлардың өзінде ерекше **монша, кәріздер** болды. Кейін олардың бәрі жау қолынан **ойрандалды, қирады**.

(Т. Жұртбайдан)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінде қою қаріппен жазылған сөз бен сөз тіркестерін аудармасымен қоса дәптерге жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтін мазмұны бойынша жоспар жаз. Жоспарды дұрыс жазу үшін әр абзацтағы тірек сөздерді анықтап ал.

Көркиек.com

АЙТЫЛЫМ



6 -тапсырма.
Досың жазған конспектіге сүйеніп, мәтін мазмұнын қысқаша баянда. Отырар қаласының тарихына байланысты деректердің (қала әкіміне берілетін ең құнды сыйлық; ерекше монша, кәріздер; діни орындар; Отырардың қирауы және т.б.) біріне қатысты өз пікіріңді айт.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Шетелдік досың сенен Қазақ жеріндегі ежелгі мәдени ошақтар туралы сұрады. Досыңа Отырар туралы айтып бер. Сынып ең үздік сұхбат иелерін анықтасын.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

8 -жағдаяттық тапсырма.
Жас археологтер үйірмесінің мүшесісіңдер. Үйірменің бір жобасы «Отырар кешені» деп аталады. Осы үйірме жұмысын жандандыру жөнінде мектеп басшысына өтініш хат жазыңдар. Хатта төмендегі мәліметтерді қамтыңдар.

- Отырардағы алғашқы қазбаны 1904 жылы Ресейдегі Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері А. К. Кларе мен А. А. Черкасов жүргізді. Олар траншеялар салып, материал жинақтады.
- Одан кейінгі зерттеулер XX ғасырдың 40-жылдары профессор А. Н. Бернштамның басшылығымен жалғасты.
- 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып, оны К. А. Ақышев басқарды.
- 90-жылдары экспедицияға К. М. Байпақов басшылық жасаған.
- 2001 жылы ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапония бастауымен «Ежелгі Отырар қала жұртын консервациялау және сақтау» Қорының халықаралық жобасы жұмысын бастады.

ЕСТЕ САҚТА!

Отырар әлемдегі ең үлкен кітапханасымен де танымал. Ежелгі қалада монша, кәріздер болды. Олар кейін жау қолынан ойрандалып, қирады.

№100 орта мектебінің
директоры А.Манасқызына
7 "А" сынып оқушысы
Омар Маратұлынан

Өтініш

Сізден наурыздың 20-25 аралығында Астана қаласында өтетін республикалық мұражайлар көрмесіне қатысуыма байланысты дүйсенбіден бастап бес күнге сабақтан босатуыңызды сұраймын.

Омар Маратұлы
(қолы)

15 наурыз 2025 жыл
(күні, айы, жылы)

Ұлы Жібек жолы

4 САБАҚ


МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

сауда жолы, қоршау, наразы, опасыздық, ұстахана, тасымалдау, өндіру, жетістік, созылу

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма. **Картаға қарап, Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардың атын жаз. Осы қалалар туралы не білесің? Сауда жолы неге Ұлы Жібек жолы деп аталған?**



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма. **Мәтінді оқы.**

Ұлы Жібек жолы

I. Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдың ортасында Еуропа мен Азияны **біріктірген** Ұлы Жібек жолы пайда болды. Ұлы Жібек жолы — Қытай мен Еуропаны байланыстырған **сауда жолы**. Осы уақытқа дейін, негізінен, «лазурит жолы», «нефрит жолы» және «құндыз жолындағы» сауда **жанданды**. «Лазурит жолы» — Мысыр, Иран, Вавилон елдеріне Памир тауларында **өндірілген** лазурит тасы **тасымалданған** жол. «Нефрит жолымен» Қытай патшалары мен байшонжарларына арналып жасалатын зергерлік бұйымдарға қажетті гауһар тас, нефрит Қашқардан Қытайға тасымалданған. «Құндыз жолымен» бағалы **аң терілері** әртүрлі елге таралған.

II. Біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолы» өркендеді. «Дала жолы» арқылы Қытай жібегі мен Иран кілемі жеткізіліп тұрды.



Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасауына **мүмкіндік туғызып**, ондағы халықтарды біріктірді. Жолдың бұлай аталуына сауданың негізгі заты Қытайдан шығарылатын жібек мата себеп болды.

Еуропа мен Азияны біріктірген бұл жол адамзатты ғажайып **жетістіктерге** жеткізді. Дамыған елдердің саудамен айналысуына, ғылымның дамуына, **дін** мен мәдениеттің **қалыптасуына** ықпал етті.

III. Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткен. Ең негізгі сауда жолы Сырдария, Талас, Шу, Іле арқылы Қытайға **ұласқан**, Жолдың ендігі бір бөлігі «Яқсарт», «Сейхун» деп аталған Сырдария, Орал (Жайық) өзендерін **жағалап**, ары қарай Қара теңіз маңы, Византия мен Батыс Еуропа жерлеріне дейін **созылып жатты**.

Жібек жолы Орталық Қазақстан далаларына, Сарыарқа мен Ертіске, Алтай мен Моңғолияға қарай жалғасты. Осы жолдардың бойында Испиджаб, Усбаникент, Отырар, Түркістан, Тараз, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Жаңакент сияқты ірі қалалар болған. Бұл қалалардың өркендеуіне Ұлы Жібек жолының тигізген әсері мол.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Жигсо». «Бөлшекте, бүтінде!» Шарты: сынып 3 топқа бөлінеді. Топ мүшелері №1, №2, №3 болып белгіленеді. 1-кезеңде топтағы оқушылар мәтінді 3-ке бөліп оқиды (№1 — 1-бөлікті; №2 — 2-бөлікті; №3 — 3-бөлікті). 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлері бойынша бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған бөліктің мазмұнын, тілдік құралдарды бірігіп талдайды. Оны өздері білетін өзге де мағлұматтармен толықтыруға болады. Нәтижесінде өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) мәтіннің сол бөлігінің мазмұнын жинақтайды. 3-кезеңде сыныптың алдында өздерінің жұмысын қорғайды.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
1	Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің арасын қоршады.		
2	Ұлы Жібек жолы бойында тек қытай жібектері сатылды.		

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
3	Ұлы Жібек жолы Қазақстан жерімен де өтті.		
4	Ұлы Жібек жолын өркендетуге Батыс Еуропа наразы болды		
5	Ұлы Жібек жолында ұстаханалар көп болды.		
6	Ұлы Жібек жолының ежелгі қалалардың өркендеуіне ықпалы болмады.		

ЖАЗЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Төменде берілген зат есімдерге көмекші есімдерді жалғап, күрделі сөзге айналдыр.
Көмекші есімдер: жаны, үсті, бойы, маңы.

Қала, өзен, Ұлы Жібек жолы, керуен, сауда жолы.

АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтіннің мазмұны бойынша 3 сұрақтан жазып, өзара диалог құрыңдар. Диалогте Ұлы Дала өркениетінің дамуындағы Жібек жолының маңызы туралы өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Пікірлеріңді дәлелдеу үшін нақты деректер келтіріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Көне қалалардың орнынан табылған күміс ақшаның атынан қазіргі ұрпаққа хат жаз. Өз тарихыңды баяндағанда, осы сабақта өткен жаңа сөздерді орынды қолдан.

- көлемі 80-100 сөз;
- сапалық және қатыстық сын есімдерді көбірек қолдану;
- метафора, теңеу сөздерді қолдану.

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
«Ұлы Жібек жолы» тақырыбында өтілген материалдарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Ақпаратты немесе тапсырмаға төмендегі белгілерді қойыңдар. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

«V»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы, керағар	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

ЕСТЕ САҚТА!

Ұлы Жібек жолы Қазақ жерімен өткен. Кейін Жібек жолына қатысты тарихты отарлаушы елдер опасыздықпен өшірген. Бірақ сауда жолының дәстүрі қайта жанданып отыр.

Б. Ұзақов «Жантаза»

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жабық, аждаһа, кері бұрылу, ақсақал, кенет, сұңғақ бойлы, инабаттылық

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Аңыздарға сенесің бе?
2. Неге аңыздың бірнеше нұсқасы болады? Мысалы, Айша бибі мен Қарахан туралы аңыздың 21 нұсқасы бар.
3. Тылсым кейіпкерлер туралы әңгімелерге қызығасың ба? Олар туралы қандай фильмдер көрдің?
4. Бүгінгі сабақтың тақырыбы не туралы деп ойлайсың?

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Оқыған ертегілерің мен көрген кинофильмдеріңдегі тылсым әлемнен келген кейіпкерлердің аттарын жаз. Өзің таңдаған кейіпкердің сыртқы тұлғасын сипатта. Мінездеме бер. Мәтінде одағай сөздерді қолдан.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына қатысты деректерді баянда.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. Жазушы Б. Ұзақовтың «Жантаза» шығармасының мазмұн желісінен берілген үзінділерді оқы. Аждаһа мен сұлу қыз бір кейіпкер болуы мүмкін бе? Шығарманың соңын болжап айтыңдар.

— Ауылды **аждаһа** аралағанына бір жұма болды. Әр күні түстен кейін қой-қозы, бота, тайды жұтады да, жоқ боп кетеді. Атқан оқ дарымайды. Әзірге адамға ауыз салған жоқ, — деді садақ

ұстаған жігіт. — Ойбай... Әне... Тағы келді, — деп сөзін жалғастырды жігіт. — Аждаһа Күлән деген... жесір әйелдің... үйінің жанындағы... ескі құдықтан шығады.

Жанғожа қылышын алып, солай қарай жүрді. Қасындағы адамдар жан-жаққа қашты. **Мақұлық** үйдің арт жағында тұрған құлынды жұтқалы тұр екен. Жанғожа жылдам құран оқыды да, **ақырып**, қасына жетіп барды.

Лезде **айбатынан** айырылған мақұлықтың көзінен жас ағып, сылқ етіп алдына жата кетті.

— *Ағарған* әкеліңдер! — деді сосын одан отты жанарын алмастан...

Жанғожа зерен кеседегі сүтті алып, мақұлықтың басына шашып жіберді.

Мақұлық көзінен жас тамшылаған күйі Жанғожаға бір қарады да, **кері бұрылып,** ақырын-ақырын жоқ боп кетті.

Жанғожа екі күн ақсақалдың үйінде жатты. Аждаһа қайта оралмады. Үшінші күні еліне қайтты.

Түн. Жұлдыздар жымыңдайды. Кенет алдынан ақ отау көрінді. Айналасында қаз-қатар тізілген сансыз шам жанып тұр. *Он сегіз мың ғаламның* **тылсымын** кім түсінер дейсің?! Әдемі ақ отаудың жанына барғанда іштен ханшадай киінген сұңғақ бойлы қыз шықты. **Инабаттылықпен** басын сәл иіп сәлем берді:

— Жолаушы, алған бағытыңыз алыс көрінеді. Бір түн қонақ боп тынығып алыңыз!

Жанғожа құранды ердің басында байлаулы тұрған сусын құятын ыдысын алған соң, атын қоя берді. Ыдыстағы суға жуынып алды. Қыздың соңынан үйге кірді де, *төрге озды*. Дастарқан жайнап тұр екен.

(Б. Ұзақов)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. «Қайта өңде!» Мәтін мазмұнын диалогке айналдырып жазыңдар. Онда одағай түрлерін қолданыңдар. Диалог кімдердің арасында болатынын өздерің ақылдасыңдар. Сынып ең үздік диалог авторларын анықтасын.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Б. Ұзақовтың «Жантаза» шығармасын оқыңдар. Өз болжамдарыңның дұрыс-бұрысын талдаңдар. Шығарманың неге «Жантаза» деп аталғанын дәйектеп айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі үш кейіпкердің портретін жасау үшін кестені толтыр.

Кейіпкер	Сыртқы келбеті (өз болжамың)	Қасиеттері/мінез ерекшеліктері	Әрекеттері	Қорытынды
Жанғожа				
Пері-Қыз				
Хабаршы жігіт				

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Өзің білетін ертегі кейіпкерлерінің қайсысына қандай метафоралар мен теңеу сөздер сәйкес келеді деп ойласың? Бағанға жаз.

Кейіпкер	Тән белгілер
«Аладдин» мультфильміндегі Жын	
«Қар ханым» ертегісіндегі Қар ханым	
«Құйыршық» мультфильміндегі Құйыршық	
«Қаңбақ шал» мультфильміндегі Дәу	
«Алтын сақа» ертегісіндегі Мыстан кемпір	







Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7—8 САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Төменде берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңдар.

1. Қазақстан аумағындағы тарихи қалалар қай жерде орналасқан? Не себепті?
2. Осы аймақта қандай ескерткіштер бар?
3. Тараз қаласының басқа қалалардан қандай ерекшелігі бар?
4. Ежелгі қалаларда қандай өндіріс орындары жұмыс істеді?



ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Дереккөзді пайдаланып, Қазақстан жерінде бой көтерген ғашықтар кесенелерінің бірі туралы материал жинаңдар. Оны слайд арқылы көрсетіп, махаббат туралы аңыз бен ақиқат жайлы презентация жасаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. Дереккөзден Ұлы Жібек жолындағы өзің қалаған көне қалалардың біріне қатысты ақпарат жинап, «Көне қала сыр шертеді...» деген тақырыпта постер дайындаңдар. Оны сыныпта талдаңдар.

Талаптар:

- сөйлеу уақыты 3-4 минуттан аспасын;
- көркем безендірілсін;
- сызбалар, диаграммалар, суреттер қолданылсын;
- стилі тұсаукесерге сай болсын;
- тақырып бойынша игерген жаңа сөздер қамтылсын.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Жұбыңмен талда!». Берілген тақырыптың бірін таңдап, ойталқы жасаңдар. Бір мәселеге екі түрлі көзқараспен қарап, пікірлеріңді білдіріңдер.

Талаптар:
- диалогте міндетті түрде тақырып бойынша өткен жаңа сөздер мен одағайлар қолданылсын;
- диалогте ұстанатын қақтығыс стилін өздерің таңдаңдар;
- жағдаятқа сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданыңдар.

Ойталқыға ұсынылатын тақырыптар:
Тарихи жадты жаңғыртып отыру — парыз.
Өткенге емес, тек келешекке қарау маңызды.
Ұлы Далада көшпенділіктен гөрі қала мәдениеті басым болған.
Ұлы Дала өркениетінің мұрагерлері — тек қана қазақтар.

Қақтығыс стильдері
Жалтару стилінде мәселе де, қарым-қатынас та маңызды емес.
Шегіну стилінде мәселеден гөрі өзара қарым-қатынасты сақтау маңыздырақ.
Бәсекелестік стилінде қарым-қатынастан гөрі мәселе маңыздырақ.
Ымыраға келу/бейімделу стилінде тіл табыса білу маңызды.
Ынтымақтастық стилінде қарым-қатынасты сақтау да, мәселені оң шешу де маңызды.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Пікірлеріңді «Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып айтыңдар.

Пікір. «Қазақстанның ежелгі қалалары. Ұлы Жібек жолы» тақырыбы бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

1. Көненің көзі — өнеге сөзі.
2. Тегін білмеген түбін білмейді.
3. Өткенге топырақ шашсаң, болашақ сағаң оқ атады.



5 ТАҚЫРЫП ТУҒАН ӨЛКЕ ПУБЛИЦИСТИКА БЕТТЕРІНДЕ

«Туған жер» бағдарламасы туралы не білеміз?

1—2 САБАҚ


МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жер байлығы, бағдарлама, жүзеге асыру, өлке, айнадай, орман, таудың етегі

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Төмендегі сөздерді «Туған жер» ұғымымен байланыстырып айт.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Суретке қара. Тірек сөздерді қолданып, табиғатты сипаттап жаз. Мәтінде оқшау сөздерді қолдан.

Қажетті сөздер:
туған жер,таудың басы, биік, айнадай жарқыраған, көлдің айналасы, судың шеті, сұлулық, суреттің ортасы, жап-жасыл, таудың етегі, судың беті, орманның іші, көкпеңбек, ағаштардың арасы, тұмса табиғат, көркем


Алтай өңірі

ТІЛДІК БАҒДАР

ЫҢҒАЙЛАС САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Күрделі ойды білдіретін сөйлемдер — **құрмалас сөйлемдер**. Құрмалас сөйлемнің құрамында ең кемінде екі сөйлем болады. *Құрмалас сөйлемдер* баяндауыштарының жасалуына қарай *үшке* бөлінеді:

1. **Салалас құрмалас сөйлем** (Наурыз айы *басталды да*, мерекелер көбейді.)
2. **Сабақтас құрмалас сөйлем** (Наурыз айы басталып, мерекелер *көбейді.*)
3. **Аралас құрмалас сөйлем** (Наурыз айы басталған соң, мерекелер де көбейді, ел де *қуанып жатыр.*)

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы сөйлемдер бір-бірімен әртүрлі мағыналық байланыста болады.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ой мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде болса, ол **ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем** деп аталады.

Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары бір мезгілде, қатар болған әрекеттерді білдіреді. Ыңғайлас салалас сөйлемдер екі түрлі жолмен жасалады:

1) Сөйлемдер бір-бірімен ешқандай жалғаулық шылауларсыз жасалады. Мысалы: Көктем **келді**, дала кілемдей **құлпырды**!

2) Сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (**және, да, де, әрі**) арқылы байланысады. Мысалы: Көктем **келді** *де*, дала кілемдей **құлпырды**!

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Екі бағандағы сөйлемдерді сәйкестендіріп, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрап айт.

Саша осы жерде туды,	оның тауын да, тасын да құрметтейді.
Бағдарлама қабылданды,	керекті ақпаратты жазып алдық.
Шын патриот өз елін сүйеді,	өнер де маңызды.
Оқушылар үшін білім де қымбат,	осы жерде өсті.
Бүгін газет оқыдық та,	соған сай жоспар жасалды.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.
Өз сөзіңде екпін түрлерін орынды қолдан.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Тыңдалған мәтіндегі тірек сөздерді анықта. Сол тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта. Төмендегі жоспардың жүйесін реттеп жазып, мәтін мазмұнын баяндап айт. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді пайдалан.

Жоспар:
1. «Туған жер» бағдарламасының мақсаты.
2. Ерекше сезім.
3. Қазақ жерінің байлығы.
4. «Туған жер» бағдарламасының әзірленуі.



ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Тыңдалған мәтіннің өзектілігін анықта. Публицистикалық материалдардан қосымша ақпараттарды тауып, «Туған жер» бағдарламасы туралы постер әзірле.

Орнекиев.Орг.КЗ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сызба түрінде берілген ақпаратты түсініп оқы. «Туған жер» бағдарламасының бөлімдері мен бағыттары туралы түсінгеніңді өз сөзіңмен таратып айт.



«ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ 11 БАЗАЛЫҚ БАҒЫТЫ

- **«Тәрбие және білім»**
  1. «Өлкетану»
  2. «Отаным — тағдырым»
  3. «Саналы азамат»
  4. «Кітап — білім бұлағы»
- **«Атамекен»**
  5. «Әлеуметтік бастамалар картасы»
  6. «Жомарт Жүрек»
- **«Рухани қазына»**
  7. «Туған жер — туған ел»
  8. «Қасиетті Қазақстан»
  9. «Қазақстанның мәдени жетістіктері»
- **«Ақпарат толқыны»**
  10. «Ақпараттық қолдау»
  11. «100 жаңа есім»

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Сұраққа жазбаша жауап бер. Кестеде берілген қай бағыттарға атсалыса аласың? Жауабыңда төмендегі қыстырма сөздерді іріктеп қолдан.

Қажетті сөздер: меніңше, бағымызға қарай, біріншіден, екіншіден, сөйтіп, расында, мүмкін, сірә, шығар, кесте бойынша, қорыта айтқанда және т.б.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Сұхбат мәтінін рөлге бөліп оқыңдар.

Журналист: «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әр өлкеде арнайы шаралар ұйымдастырылуда. Мысалы, «Архив құжаттарындағы Ақмола облысы» ішкі бағдарламасы аясында «Жас зерттеуші» клубы құрылды. Клубта оқушылар туған жердің тарихына, өлкенің әйгілі адамдарына қатысты деректермен қалай жұмыс жасайды?

Талапкер Уәлиев, облыстық мемлекеттік архивтің қызметкері:

— Оқушылар «Жас зерттеуші» клубының аясында өздерінің тырнақалды еңбектерін жазды, сөйтіп, ғылымға алғашқы қадамдарын басты. Ізденіс жасауды үйреніп жатыр. Біздің архивтің мамандары оқушылармен жұмыс жасайды, оларға өздерінің кәсіби көмектерін көрсетеді.

Журналист: Клуб мүшелерінің айтуынша, архив құжаттарымен жұмыс жасай отырып, олар Ақмола облысына қатысты құнды мәліметтерді білуге мүмкіндік алады. Оқушылар ғылыми-зерттеу жобаларының тақырыптары аясында облыстық архивте жұмыс жасай ма?

Никита Филатов, №11 мектептің оқушысы:

— Біздің облыстық мемлекеттік архивіне рақмет айту керек. Өйткені олар бізге өте жақсы мүмкіндік беріп отыр. Біз архивтің құжаттарымен таныстық. Жалпы бізге, клуб мүшелеріне, өлкенің тарихы қызық. «Туған жер» бағдарламасының аясында біздің мектептен 100-ден астам оқушы Қазақстанның киелі жерлеріне саяхатқа барды. Түркістан, Отырар, Сауранға бардық. Олар Қазақстанның ұлы, киелі жерлері. Саяхат маған өте ұнады.

Журналист: Клуб мүшелері өздерінің зерттеу жобаларын конференцияларда қорғайды, достарымен бірге талқылайды. Бұл дарынды оқушылардың өз мүмкіндіктерін дамытады да, олардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуге көмектеседі.

(«Астана ақшамы» газетінен)

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Ол үшін төменде берілген күрделі атаулардың мағынасын түсін. Мәтіндегі ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді тауып жаз.

«Туған жер» бағдарламасы	«Архив құжаттарындағы Ақмола облысы»	«Жас зерттеуші» клубы	Ғылыми-зерттеу жобасы	Облыстық мемлекеттік архиві	Патриоттық сезімге тәрбиелеу

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Жас зерттеуші» клубының жұмыс бағыттарын кесте түрінде жаз.

АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Рөлдік ойын. Мәтінде берілген ақпаратты «Қазақстан» телеарнасының журналисі ретінде жаңалықтар топтамасында баяндап айт. Жаңалықтар мәтінінде ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолдан.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
«Туған жерді қадірлеу отбасынан бастала ма?» тақырыбында эссе жаз. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептеріңді айқын көрсет.

Талаптар:
- ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолдану;
- тақырып бойынша өткен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану;
- көлемі – 80-100 сөз.

АЙТЫЛЫМ

14 **-тапсырма.**
Өзің тұратын өлкедегі тарихи ескерткіштер немесе киелі орындар туралы жарнама жаса. Жарнамаға қойылатын талаптар:

- таңдаған нысанның маңызын, ерекшелігін нақты көрсету;
- оны «Туған жер» бағдарламасына сәйкестендіре жарнамалау;
- өзге өңірлердегі оқушыларды шақыру үшін қажетті этикалық сөз орамдарын қолдану;
- жарнама тілінің тартымды болуы.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

15 **-тапсырма.**
Сабақ тақырыбына сәйкес келетін туған жер, атамекен, Отан туралы 6 мақал-мәтел немесе нақыл сөзді тауып жаз. Өзіңе ұнаған екі даналық сөздің мағынасын таратып айт.

Туған өлке туралы телехабарлар

3–4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

аймақ, қоршаған орта, даму, телехабар, сүйіспеншілік, мұра, көрермен, жоба

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Туған өлке дегенді қалай түсінесің?
2. Сенің туған өлкең Қазақстанның қай аймағында орналасқан?
3. Туған өлкеңнің табиғаты қандай?
4. Туған өлкеңде қандай тарихи орындар бар?
5. Туған өлкең жайлы қандай телехабарларды білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Ыңғайлас құрмалас сөйлемдердің екінші компонентін жаз.

1. Балалар тағы да ойланып алып еді, ...
2. Алыстағы тау жақтан ағаштың сыбдыры естілді, ...
3. Орманға қалай жетуді мен әлі ойланған жоқпын, ...
4. Елімізде «Туған жер» бағдарламасы әзірленді, ...
5. Менің туған өлкем Қазақстанның шығыс аймағында орналасқан, ...

ТІЛДІК БАҒДАР

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

Қарсылықты салалас сөйлем. *Құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі іс-оқиға екіншісіндегі іс-оқиғаға қарама-қарсы болатын салаластың түрін қарсылықты салалас дейміз.*

Жалғаулықты қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер *бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де* деген шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: *Қазіргі ауылдардың тұрмыс-тіршілігі жайлы телехабарлар бар, алайда ол хабарларда кейбір мәселелер нақты айтылмай келеді.* Жалғаулықты салалас құрмаластардың арасына үтір қойылады.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып та байланыса береді. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемнің баяндауыштары көбіне антоним сөздерден және болымды-болымсыз формадағы сөздерден жасалады. Мысалы: *Атаның баласы болма, — адамның баласы бол.* Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігі үтір мен сызықша арқылы ажыратылады. Мысалы: *Көктем шықты, — ауада суық ызғар бар.*

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Тыңдалған мәтін желісі бойынша тест тапсырмаларын орында.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелді тап.
А) Ел жаусыз болмас, жер таусыз болмас.
Ә) Халық сөзі қаһарлы.
Б) Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.
В) Өз үйім — өлең төсегім.

2. *Кең* **сөзінің антонимін тап.**
А) ұлан-байтақ
Ә) даңғыл
Б) тар
В) үлкен

3. Патриоттық сезіміміздің негізі — ... .
А) туған жерге деген сағыныш
Ә) туған жерге деген ән
Б) туған жерге деген сезім
В) туған жерге деген сүйіспеншілік

4. Мәтінде айтылған сөз тіркестерін тап.
А) әсем жер, таулы қырат, қалың орман
Ә) шұрайлы жерлер, биік таулар, кең өзендер
Б) аласа таулар, терең өзендер, сарқырамалар
В) шөл дала, ұшқан құстар, тау өзендері

5. Көп нүктенің орнына мәтінде айтылған сөзді қой.
Қарапайым ауыл тұрғындарының өмірі ... тығыз байланысты.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Берілген шылауларды пайдаланып, сөйлем құра.

Бірақ, және, алайда, да, дегенмен, де, сонда да, әрі, әйтсе де.

ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақстан телеарналары көрермендерге туған өлке жайлы түрлі хабар ұсынады. «Киелі Qazaqstan» жобасы Қазақстан аумағы бойынша саяхаттайтын әртүрлі адамдардың қатысуымен 9 фильмнен тұрады. Фильмдер сериясында отандық өңірлердің табиғи, тарихи, мәдени және сәулет ерекшеліктері көрсетіледі. Сондай-ақ Тәуелсіздіктің 30 жылындағы тарихи өзгерістер қамтылған. Жобаның мақсаты — көрерменге Қазақстанға тікелей саяхат жасауға, шексіз кеңістікті сезінуге, ерекше табиғат құбылыстары мен пейзаждарын тамашалауға мүмкіндік беру.

«Қазақстан» телеарнасындағы «Атамекен» бағдарламасы — Қазақстанның 20 аймағын түгел қамтитын телевизиялық тревел-шоу. Түсірілім тобы 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаланы аралап, көрерменді өңірлердің өзіне тән ерекшелігімен таныстырады. Әр бөлім бір облысқа немесе мегаполиске арналады. Аймақтың инфрақұрылымы, экономикалық жағдайы, индустриялық табысы, табиғат пейзаждары, тарихи ескерткіштері эфирде жан-жақты көрсетіледі.

Бағдарламаның басты мақсаты — аймақтарды таныстыру арқылы ортақ құндылықтарды дәріптеу, адамгершілік, еңбекқорлық сынды қасиеттерді үлгі ету және халықтың ауызбіршілігін насихаттау. Хабарға әр аймақтан танымал блогер түсірілімге қатысады.

Ал «Хабар» телеарнасындағы «Жеруйық» тележобасы Қазақстанның ірі және шағын қалаларының тарихы, құрылу себептері мен мақсаты, бүгінгі күні еліміздің дамуына қосып жатқан үлесі, қаланың айналасындағы қоршаған орта, табиғаты, аң мен құсы, өсімдік әлемі туралы көрерменге нақты мәлімет береді.

«Еларна» телеарнасы өз көрермендеріне «Өлкем-Qazaqstan-Welcome» бағдарламасын ұсынады. Бұл тележоба Қазақстанның әр аймағындағы көрікті жерлер туралы ақпарат береді.

(«Киелі Qazaqstan» Қазақстан Ұлттық телеарнасы порталынан)

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Төменде берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындаңдар.


1. Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, әліпби ретімен жазыңдар.
2. Мәтіннің идеясын бір сөйлеммен білдіріңдер.
3. Мәтіннен сендерге таныс және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңдар.
4. Мәтіндегі негізгі ақпаратты сурет, сызба және т.б. арқылы көрсетіңдер.
5. Мәтіннен келешекте пайдалы болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? Айтып беріңдер.
6. Сыныпта талқылауға тұратын, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді тауып, талқылаңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Жұмбақты шешіп, суретпен сәйкестендір.

Әртүрлі көк өседі,
Жайлауында қой көшеді.
Құтты мекен, көркем өлке,
Туған жерім қайда екен?



Қыста ақ, жазда жасыл,
Көктемде гүлдейді, жазда жайқалады.
Күні бойы күнге қарайды,
Ол не болар, тапшы байқа?



Қаулап ұшар, биік тауда,
Ән салады ертеден.
Ағаштарды аралап,
Ол кім? Біліп көр, шешкен.



Көз жетпес көк аспан,
Ұлы өзеннің жағасында.
Тарихы терең, қымбат жерім,
Өзім туған мекенім. Ол не?



Қолжазба-Форма

АЙТЫЛЫМ

9 **-жағдаяттық тапсырма.**
Теледидарда тікелей эфир арқылы туған өлке тарихын зерттеуші ғалыммен сұхбат жүріп жатыр. Мәтін мазмұнымен байланыстырып, оған қандай сұрақ қояр едің? Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді қатыстырып үш сұрақ дайында. Ол не деп жауап беруі мүмкін?

ЖАЗЫЛЫМ



10 **-тапсырма.**
Топтық жұмыс. Жергілікті телеарналардағы туған өлкеге арналған телехабарлар туралы тұсаукесер дайында.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ



11 **-тапсырма.**
Сабақты талдау кестесін толтыр.

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан телеарналары «Туған өлке» туралы телехабарлар көрсетеді.

Көкжиек-Горизонт

Туған өлкедегі киелі жерлер

5–6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

киелі жер, нысан, әулие, тарихи оқиға, тұлға, жерленген, мұнара, кешен

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Түсіндірме, аударма сөздіктердің көмегімен «киелі», «әулие» деген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Киелі жер, әулие адам дегенді қалай түсінесің?
2. Сен тұратын аймақта киелі жер бар ма?
3. Әулие адамдар туралы қандай ақпарат білесің?

ТІЛДІК БАҒДАР

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

Түсіндірмелі салалас құрмаластың алғашқы сөйлемі жалпы мәнде айтылады, ал екінші сөйлемде оның себебі түсіндіріледі.

1) Мысал: *Қазақстанда киелі жерлер көп: тарихи оқиғалар болған, ұлы адамдармен байланысты, әулие адамдармен өмір сүрген қасиетті жерлер бар.*

Жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлем: *Қазақстанда киелі жерлер көп:*

Екінші сөйлем жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлемді түсіндіреді: *тарихи оқиғалар болған, ұлы адамдармен байланысты, әулие адамдар өмір сүрген қасиетті жерлер бар.*

2) Мысал: *Қазақстанда киелі жерлердің көп болғаны сонша — тарихи оқиғалар болған, ұлы адамдар мен әулие адамдар өмір сүрген қасиетті жерлер 5 томдық энциклопедияға енген.*

Жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлем: *Қазақстанда киелі жерлердің көп болғаны сонша —*

Екінші сөйлем жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлемді түсіндіреді: *тарихи*

оқиғалар болған, ұлы адамдар мен әулие адамдар өмір сүрген қасиетті жерлер 5 томдық энциклопедияға енген.

3) Мысал: *Қазақстанда киелі жерлердің көп болғаны сол — тарихи-мәдени ескерткіштердің бәрі 5 томдық энциклопедияға енген.*

Жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлем: *Қазақстанда киелі жерлердің көп болғаны сол —*

екінші сөйлем жалпы мәнде айтылған бірінші сөйлемді түсіндіреді: *тарихи-мәдени ескерткіштердің бәрі 5 томдық энциклопедияға енген.*

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқып, киелі жерлерді кестеге бөліп жаз.

Киелі жерлерге нені жатқызуға болады? Біздің ойымызша, олар төрт топтан тұрады: біріншісі — қазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалатын жерлер. Екіншісі — ислам дініне байланысты қасиетті саналатын нысандар. Үшіншісі — ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты киелі жерлер. Төртіншісі — адамның денсаулығына пайдалы жерлер. Бұлардың киелі аталатын себебі — адамдарға жақсылық сыйлайды, алдағы күнге сенімін арттырады. Қазақстанда киелі жерлер көп. Қазақстанда Киелі жерлер мемлекет қорғауында.

(Х. Әбжанов. «Ана тілі» газеті. 2017ж.)

Бірінші топтағы киелі жерлер	Екінші топтағы киелі жерлер	Үшінші топтағы киелі жерлер	Төртінші топтағы киелі жерлер

ТЫҢДАЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, берілген тапсырмаларды орында.

4.1 тапсырма. Ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін айт.
Қазақстандағы киелі жерлер: қазақ халқының тарихымен, табиғатымен, ұлы адамдарымен байланысты.
4.2 тапсырма. Дұрыс ақпаратты анықта.
Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен жасалды:
- «Қазақстанның әулие адамдарының биографиясы»
- «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»
- «Қазақстанның табиғи ландшафтарының географиясы»

4.3 тапсырма. Мәтіннен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына» нелер енгенін бөліп ал.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына» табиғи ландшафт объектілері, әр аудандағы кітапханалар, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ауылдағы мәдени ошақтар, жоталар, киелі діни нысандар және тарихи тұлғалар, жастарға арналған клубтар, оқу орындары, саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары, балалар орталықтары енген.

4.4 тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына» неше нысан енген?
2. Киелі нысандарды анықтау нәтижесінде не дайындалды?
3. Киелі нысандармен тағы қай жерде танысуға болады?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» энциклопедиясына Абайдың туған жері Жидебайдағы «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені енді. Кешен қазақтың ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына орай ашылды. Ол жерге Абайдың інісі, ақын, философ, тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлы да жерленген. Абай мен Шәкәрімнің зираты бір платформада орналасқан. Олардың арақашықтығы 140 метр. Сондықтан кешен «Абай-Шәкәрім тарихи-мемориалдық кесенесі» деп те аталады. Жобаны атақты сәулетші Бек Ибраев бастаған сәулетшілердің шығармашылық тобы жасады. Кешен 1993-1996 жылдар аралығында салынды. Кешен Семей қаласынан 180 шақырым жерде орналасқан.

Кесененің ұзындығы 200 метр, көлденеңі 60 метр. Екі мұнара бар. Бірінші — Абай мұнарасы. Биіктігі 38,5 метр. Екіншісі — Шәкәрім мұнарасы. Оның биіктігі 35 метр. Сонымен қатар кешенде «Орталық Азиядағы жазба мәдениет тарихы» мұражай орны, келетін адамдарға арналған қонақжай, амфитеатр, мешіт салынды. Мешіттің төрт күмбезі бар.

Жалпы композиция төрт бұрыштық мұнарамен аяқталады. Мұнаралардың арнайы бөлмесінде дұға оқылып, рәсімдер орындалады. Биіктен қарағанда кешен алып кемеге ұқсайды.

Жидебайда мемориалдық кешеннен 500 метрдей жерде Абайдың мұражай-үйі орналасқан. Жидебай — Абайдың әкесі Құнанбай әулетінің мекендеген қыстауы. Мұражай Абай өмір сүрген кездегідей сақталған. Мұражайда Абай қолданған заттар өз орнында тұр. Ақын өмірінің соңғы он жылы осы Жидебейда өткен. Осы жерде 70-тен аса өлең, Лермонтов, Крыловтан 25-26 аударма, 27 қара сөзін жазған және 2 ән шығарған.

«Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені – сәулет пен тарихтың бірегей объектісі, ол Қазақстанның рухани киелі жері болып табылады. Сонымен қатар әлемдегі ең үлкен космостық құрылыс. Жер бетінде мұндай ауқымды ескерткіш-зират жоқ екен.

(ҚР Ұлттық мұражайының сайтынан алынды)



«Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені





Абай мен Шәкәрім мұнарасы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Сөйлемдерді мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.

1. Жобаны сәулетші Бек Ибраев бастаған сәулетшілер тобы жасаған.
2. Жидебайдағы «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені ұлы Абайдың мерейтойына орай ашылды.
3. Келетін адамдарға арналған қонақжай, амфитеатр, мешіт бар.
4. Ол жерде Абайдың інісі, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы да жерленген.
5. Кешен Семей қаласынан 180 шақырым жерде орналасқан
6. Екі мұнара бар. Бірінші — Абай, екіншісі — Шәкәрім мұнарасы.

ОҚЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Кестедегі ұзындықтар мен биіктіктер кесененің қай бөлігіне тән екенін анықта. Кестені толтыр.

200 метр ұзындық	60 метр ұзындық	38,5 метр биіктік	35 метр биіктік

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Кешенде Абай мен Шәкәрім мұнарасынан басқа тағы не орналасқанын анықтап жаз.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Ұлы Абай жұмыс бөлмесінде қандай шығармаларын жазған.



Абайдың жұмыс бөлмесі



Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі



Мұражай-үйден кесенеге баратын жол.

МӘТІНСОҚЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мәтінді оқып, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді тап. Қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

Жидебайдағы Абайдың мұражай-үйі 5 бөлме, 2 дәліздан тұрады: ас бөлме, қонақ бөлме, жұмыс бөлме, алдыңғы бөлме, Еркежанның (жұбайы) бөлмесі және дәліз бөлмелер.

Абайдың бөлмесінде жазу үстелі бар. Сол үстелдің басында ақынның қанша шығармалары жазылған. Ақынның бөлмесінде еуропалық жиһаздар да бар: кітап шкафы, жазу үстелі, айна, қабырға сағаты, шкаф сөрелерінде ақынның сүйіп оқитын кітаптары. Бөлмеде ұлы Абайдың шығармашылық қалпы сақталған. Абай кіріп келіп, шағармашылығын қайта жалғастыратын секілді.

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Суретте берілген Абайдың мұражай-үйіндегі бөлмелерді мәтінде айтылған бөлмелермен сәйкестендір. Бөлмелерді сипатта.



Мұражай-үйдің алды



Ас бөлме



Дәліз бөлмесі



Қонақ бөлме



Абайдың жұмыс үстелі



Екінші дәліз



Жұбайы Еркежанның бөлмесі



Алдыңғы бөлме



Шошала

ТЫҢДАЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Абайдың-Жидебайдағы-мұражай-үйі сайтынан «Абай» интерактивті бейнежазбасын тамашалаңдар. Әсерлеріңмен бөлісіңдер.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Кестедегі үлгіге қара. Газет-журнал беттерінен туған жерге қатысты тақырыптарды тауып, жасалу жолына қарай топтап жаз.



№	Тақырыптың түрлері	Тақырып атауы	Авторы	Дереккөз
1	Мақал-мәтелге негізделген тақырыптар	Туған жерім — алтын бесігім	С. Әліпбай	Егемен Қазақстан, 2020 жыл 14 сәуір
2	Халыққа танымал көркем-әдеби шығарманың атауынан қойылған тақырыптар			
3	Ел арасына кең таралған өнер шығармаларының (өлең, ән жолдарынан немесе кинофильм атауларынан) үзінділерінен алынған тақырыптар			

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңдар. Диалогте екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айтыңдар. Сынып оқушылары ең үздік диалогті анықтасын.

1. Әлемде нақты бір елдерге берілген қандай имидждік атауларды (мысалы, «Күншығыс елі» деген сияқты) білесің?
2. «Ұлы Дала» имидждік атауы мен «Туған жер» бағдарламасының байланысы бар ма?
3. Киелі жерлерге не жатады? Олардың халық үшін қандай мәні бар?
4. «Рухани жаңғыру» идеясы аясында неліктен «Туған жер» бағдарламасы қаралып отыр?

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
«Атамекен», «Туған жер», «Киелі мекен» тақырыптарының біреуін таңдап, сұхбат құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Салалас құрмалас сөйлемдердің екінші компонентін жаз.

1. Мен өзімнің туған өлкем жайлы көптеген мәліметті білемін, бірақ ... ... 2. «Атамекен» бағдарламасы жайлы естіген емеспін, алайда ... ... 3. Саған ашып айтарым сол: ... ... 4. Ауыл адамдары екі мәселеге көбірек тоқталды: ... . 5. Туған жеріме жыл сайын барып тұрамын, әйтсе де ... ... 6. Астанада биыл көктем ерте шықты, — ... .

АЙТЫЛЫМ

5 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: теледидардан көрсетілетін «Туған жерім — байлығым...» ток-шоу бағдарламасына қатысуға шақырылдың. Не айтасың?

ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Дереккөзді пайдаланып, туған өлкеліңде бой көтерген тарихи мекен, мұражай, кесенелердің бірі туралы материал жинаңдар. Оны тұсаукесер арқылы көрсетіп, ұлттық сәулет, тарихи орын туралы аңыз бен ақиқат жайлы тұсаукесер жасаңдар.

ТЫҢДАЛЫМ

7 **-тапсырма.**
«Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені» бейнебаянын көріңдер. Әсерлеріңмен бөлісіп, диалог ұйымдастырыңдар.


ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің екінші компонентін сәйкестендіріп, сөйлемді толықтыр.

1. Энциклопедияда ұлы ақын Абайға байланысты тарихи нысандар бар:	**а.** данышпан ақын Абай Құнабаев, философ ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы жерленген.
2. Кешенде қазақтың екі ұлы ойшылы жерленген:	**ә.** аспаннан қарағанда алып кемеге ұқсайды.
3. Кесене аумағының үлкендігі сонша —	**б.** Жидебайдағы «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені, Абайдың мұражай-үйі бар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Топтық жұмыс. Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының сайтындағы Қасиетті Қазақстан өлкетану бөліміне кіріп, «Қазақстанның ұлттық қазынасы» парақшасындағы «Қасиетті Қазақстан» түймесін басыңдар. Ол парақшада Қазақстандағы киелі жерлердің картасы берілген. Картаны карап, тағы қандай жерлер «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына» енгенін анықта, тұсаукесер дайындаңдар. Сынып қа таныстырыңдар.



ҚР Ұлттық мұражайының парақшасы

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
«Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. «Туған жер публицистика беттерінде» тақырыбы бойынша не білдің?
2. Өзің үшін қандай маңызды мәліметтер болды?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Тізеңді бүк!
Біз туған жер,
Біз өскен жер — осы ара,
Қазақ жері... —
Алтын ұя...
Босаға!..

(Нұрлан Оразалин)

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ КҮТІМІ

Т. НҰРМАҒАМБЕТОВ «ОН ТӨРТ ЖАСАР ЖІГІТ» (ӘҢГІМЕ)

Спорт – денсаулық кепілі

1—2 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.** **Сен спорттың қай түрін, қандай спортшыларды білесің? Кестені толтыр.**

ЖАҢА СӨЗДЕР

саламатты, расында, дағдылан, асқорыту, рақаттан

Спорт түрі	Спортшылар
Ауыр атлетика	Илья Ильин
Жеңіл атлетика	Әмен Тұяқов

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.** **Сурет бойынша сипаттау мәтінін құра.**





ТІЛДІК БАҒДАР

ӨТКЕН ШАҚ

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы: *Ол спорт мектебін бітірді. Омар бала кезінде футбол ойнағанды жақсы көретін. Әмір қысқы демалыста коньки тебуге барыпты.*

Осы берілген мысалдардағы *бітірді, көретін, барыпты* деген етістіктер бітіру, көру, бару қимылдарының, яғни іс-әрекеттердің болып кеткенін білдіріп тұр.

Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ* болып үшке бөлінеді.

Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғанын білдіреді. Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады:

1) *-ған, -ген,-қан, -кен* тұлғалы есімшенің және *-ып, -іп, -п тұлғалы* көсемшенің жіктеліп келуі арқылы жасалады. Мысалы:


жақ	жекеше	көпше
I	*рақаттан-ған-мын, бер-ген-мін, рақаттан-ып-пын, бер-іп-пін*	*рақаттан-ған-быз, бер-ген-біз, рақаттан-ып-пыз, бер-іп-піз*
II	*рақаттан-ған-сың, бер-ген-сің, рақаттан-ып-сың, бер-іп-сің*	*рақаттан-ған-сың-дар, бер-ген-сің-дер, рақаттан-ып-сың-дар, бер-іп-сің-дер*
II сыпайы форма	*рақаттан-ған-сыз, бер-ген-сіз, рақаттан-ып-сыз, бер-іп-сіз*	*рақаттан-ған-сыз-дар, бер-ген-сіз-дер, рақаттан-ып-сыз-дар, бер-іп-сіз-дер*
III	*рақаттан-ған, бер-ген, рақаттан-ып-ты, бер-іп-ті*	*рақаттан-ған, бер-ген, рақаттан-ып-ты, бер-іп-ті*

1) *ған, -ген,-қан, -кен* тұлғалы есімшенің және *-ып, -іп, -п тұлғалы* көсемшеге *е* (еді, екен) етістігінің жалғануы арқылы жасалады. Бұрынғы өткен жақтың бұл күрделі түрінде *е* (еді, екен) көмекші етістігі ғана жіктеледі. Мысалы:

жақ	жекеше	көпше
I	*рақаттан-ған е-ді-м (е-кен-мін), бер-ген едім (екенмін), рақаттан-ып едім, бер-іп едім*	*рақаттан-ған-быз, бер-ген-біз, рақаттан-ып-пыз, бер-іп-піз, рақаттан-ған е-ді-к (е-кен-біз), бер-ген едік (екенбіз), рақаттан-ып едік, бер-іп едік*
II	*рақаттан-ған е-ді-ң (е-кен-сің), бер-ген едің (екенсің), рақаттан-ып едің, бер-іп едің*	*рақаттан-ған е-ді-ң-дер (е-кен-сің-дер), бер-ген едің-дер (екенсің-дер), рақаттан-ып едің-дер, бер-іп едің-дер*

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Диаграммада берілген сөздерді өткен шақта жекеше түрде жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Кестеде берілген сөздерді өткен шақта көпше түрде жаз.

	тәрбиелеу	даярлау
I жақ		
II жақ		
II жақ сыпайы форма		
III жақ		

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта.

Спорт — саламатты өмір салтының бір бөлігі. Сонымен бірге спорт — денсаулық кепілі. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден көңіл бөлген. Баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына айрықша мән берген. Халқымыздың спорттық ойындары — осының бірден-бір дәлелі. Ежелден садақ тарту, бәйге, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы спорттың басқа да түрлерімен шұғылдану арқылы өздерінің рухани байлығын жетілдіріп отырған. Әр өңірдің, әр аймақтың өз мергені, өз сәйгүлігі болған.

Атқа мініп, асық атып, бәйгеге шауып, теңге іліп өскен балалар шымыр, епті де икемді болып өскен. Спорт дегеніміз — адамдардың денсаулығы, еңбекке дайындығы. Спорт жасөспірімдерді әскери қызметке даярлауға, тәртіпке, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеуге көмектескен.

Балалар мен жасөспірімдер арасында спортты дамыту — бірінші кезекте тұрған мәселе. Осыған орай мектептерде, жоғары оқу орындарында көптеген спорт секциялары, үйірмелер жұмыс істейді. Жылдан-жылға спорт базалары көбейіп келеді. Ұлттық спорт түрлері де жақсы

Электронный формат

жолға қойылған. Атап айтсақ: қазақша күрес, тоғызқұмалақ, аударыспақ, бәйге, көкпар, қыз қуу, асық ату, бестас сияқты спорт түрлерінен арнайы федерациялар құрылған. Ресми жарыстар өткізіліп тұрады.

(«Ана тілі» газетінен)

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақалды анықта. Дәлелдеп айт.

1. Туған жердің ауасы да шипа.
2. Қағазға тіл бітірген қалам.
3. Ананың сүті — бал, баланың тілі — бал.
4. Шыныққан шымыр боласың.
5. Ата — балаға сыншы.
6. Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

Спорт денсаулықты жақсартады. Спорттың барлық түрі денсаулыққа пайдалы. Спортның ең көп тараған түрі — жеңіл атлетика. Оған әртүрлі қашықтықта жүгіру мен жүру, ұзындық пен биіктікке секіру, спорттық снарядларды лақтыру жатады. Жеңіл атлетикаден жарыс ашық және жабық (манеж) алаңдарда өтеді. Жарыс жеке, командалық және эстафеталық болып бөлінеді. Мен мектепте жүгіруге қатысамыз. Мектепішілік жарыста 100 метрге жүгіруден бірінші орын алдың. Ертөре биіктікке секіруден екінші орын алдыңыз. Ал Толя ұзындыққа секіруден үшінші орынды иеленді. Менің достарың спортпен айналысқанды жақсы көреді.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Әр қатардағы артық сөзді тап. Себебін түсіндір.
Сөздің қай буынына екпін түсіп тұрғанын айт.

- жақсарту, жүгіру, жату, күрес, лақтыру, жарыс, жүгіру, алу, иелену
- жеңіл атлетика, шыныңу, күрес, шахмат, дойбы, пайдалы, волейбол, шаңғы тебу.
- садақ тарту, жеңіл атлетика, бәйге, күрес, самбо, көкпар, асық ату, бестас, аударыспақ, қыз қуу.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғаға қойып жаз. Сөйлемге грамматикалық талдау жаса.

Тынымбай Нұрмағамбетов — (тақырып) да, жазу стилі де, (барлық) өзгеше, жаңаша жазушы (Жүсіпбек Қорғасбек). Тынымбай Нұрмағамбетовтің таза көркемдік дүниелері он том (болу). Ол — қазақ жазушыларының ішінде ең өнімді жазғандардың бірі және біздің прозамызды биік белеске

(көтеру) жазушы (Амангелді Кеңшілікұлы). Т. Нұрмағамбетов прозасы оқырман (таңдамау). Оның (жазушылық) көпке ортақ. Бәріне түсінікті тілмен, жалпыға ортақ оймен, қазақтың жаны дейтін құндылықпен оқырмандарын ізгілікке (шақыру). Оны эпикалық жазушы деп (айта алмау). Оның жанры: повесть пен әңгіме (Бағашар Тұрсынбайұлы).

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Берілген етістіктерге бұрынғы өткен шақтың тиісті жұрнақтарын сәйкестендіріп айт.

1	бөл	а	екенбіз	1	жақсы көрген	а	-ған
2	айтып	ә	-быз	2	мән бер	ә	-кен
3	алған	б	едік	3	дағдылан	б	екенсіңдер
4	болған	в	-ыпты	4	даярла	в	-іпті
5	айналысқан	г	-ген	5	көмектес	г	-ген еді
6	отыр	ғ	-сыңдар	6	ойна	ғ	-кен
7	рақаттанған	д	-сіңдер	7	тәрбиеле	д	-ғансыңдар
8	келген	е	еді	8	өс	е	-ғанбыз

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Кестеде берілген сөйлемдерге екі нұсқада сұрақ қой. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден көңіл бөлген.	Қазақ халқы неге көңіл бөлген?
	Қазақ халқы кімдердің тәрбиесіне көңіл бөлген?
Баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына айрықша мән берген.	
Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлері мен әртүрлі дене жаттығуларымен айналысқан.	
Әр өңірдің, әр аймақтың өз мергені, өз сәйгүлігі болған.	

АЙТЫЛЫМ

12 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: сен кеше досыңмен бірге футбол ойнауға бардың. Ол қақпаға бірнеше гол соқты. Сен мүлде гол соға алмадың. Не істейсің?

ЖАЗЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
Жұмбақты шешіп, суретпен сәйкестендір.

1. Жып-жылтыр, жалпақ бір
Жатыр көк айна.
Жүгіріп, жығылып,
Жұлынып, сонда ойнап,
Тек тайма!

2. Тепсең-ақ, секіріп,
Ұстатпай қашады.
Бір жерге бекініп
Тұра алмай сасады.

3. Даңғыл жол етемін,
Тілгілеп ақ қарды.
Шарықтап кетемін
Қапталды,
Шатқалды.

4. Табанға қанжар байладым,
Бетінде айна ойнадым.

1. 

2. 

3. 

4. 

ЖАЗЫЛЫМ

14 **-тапсырма.**
Берілген үлгіні пайдаланып, мектептегі баскетбол үйірмесіне қатысу үшін өтініш жаз.

№96 жалпы білім беретін коммуналдық
мектеп мекемесінің директоры
Р.Х. Жұмағалиеваға
7-сынып оқушысы Жанатбек Әмірден

Өтініш

Маған мектептегі домбыра үйірмесіне қатысуға рұқсат беруіңізді өтінемін.

Жанатбек Әмір
(Аты-жөні)
қолы

5 қыркүйек 2024 жыл
(күні, айы, жылы)

ЖАЗЫЛЫМ

15 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқасын қойып жаз.

1. Ақсүйек ойынын жарық айлы түнде немесе кешқұрым ... (бөлген, ойнаған, көрген). 2. Ойынға кепкен мал сүйегін ... (пайдаланған, тәрбиелеген, дағдыланған). 3. Қазақ күресінде балуандар түрегеп тұрып ... (төбелескен, жарысқан, күрескен). 4. Көкпар ойыны қазақ жігіттерінің ең сүйікті ойыны ... (болған, келген, рақаттанған). 5. Көкпар кең, жазық далада ... (бөлген, өткізілген, жүргізілген). 6. Қазіргі таңда көкпарға тігіліп жатқан сыйлықтар бұрын да ... (көрген еді, болыпты, айтыпты). 7. Расында, ата-бабаларымыз көкпарға бір үйір жылқы, 900-ге дейін қой, түйе ... (берген еді, бергенсіңдер, берген едік).

ЖАЗЫЛЫМ

16 **-тапсырма.**
Ольга Рыпакова туралы ақпарат жинап, тұсаукесер дайында. Оны сыныпта қорға.



ОЙТАРАЗЫ АЙТЫЛЫМ



17 **-тапсырма.**
Сөйлемдерді толықтырып айт.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

ЕСТЕ САҚТА!

Таңертең тұрып, жаттығу жасауға дағдылан. Жаттығу жасау — асқорытуға пайдалы.

Еңбек мұратқа жеткізер

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

еңкею, шалқаю, иілу, ояну, жастық, нұсқау, тәтті ұйқы

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен спорт, еңбек туралы қандай шығармаларды білесің?
2. Балаларға арналған қандай шығармаларды оқыдың?
3. Сен қай кітапты сүйіп оқисың? Не себепті?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Етістіктерге бұрынғы өткен шақтың жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра.

Еңкей, бар, шалқай, кел, иіл, рақаттан, дағдылан, оқы, біл, көр, айт, жаз.

ТІЛДІК БАҒДАР

АУЫСПАЛЫ ӨТКЕН ШАҚ

Ауыспалы өткен шақ есімшенің -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: *Әмір ауылға жиі баратын. Айша кішкентай кезінде жақсы билейтін.*

Ауыспалы өткен жақ жіктеліп те, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп те жасалады. *Еді* көмекші етістігімен тіркесіп жасалғанда, тек көмекші етістік қана жіктеледі.

Ескерту! Ауыспалы өткен шақтың күрделі түрінің шақтық мағынасы сөйлемдегі етістікпен тіркескен сөзден байқалып тұрады. Мысалы: *Ол қалаға келетін еді* десек, ауыспалы өткен шақта қолданылып тұр. Ол *қалаға ертең келетін еді* деген сөйлемде ауыспалы келер шақтың мағынасын білдіріп тұр.

жақ	жекеше	көпше
I	*еңкей-етін-мін, шалқай-атын-мын, иіл-етін-мін, сөйле-йтін-мін, жұмса-йтын-мын, еңкейетін е-ді-м, шалқай-атын е-ді-м*	*еңкей-етін-біз, шалқай-атын-быз, иіл-етін-біз, сөйле-йтін-біз, жұмса-йтын-быз, еңкейетін е-ді-к, шалқай-атын е-ді-к*

II	*еңкей-етін-сің, шалқай-атын-сың, иіл-етін-сің, сөйле-йтін-сің, жұмса-йтын-сың, еңкейетін е-ді-ң, шалқай-атын е-ді-ң*	*еңкей-етін-сің-дер, шалқай-атын-сың-дар, иіл-етін-сің-дер, сөйле-йтін-сің-дер, жұмса-йтын-сың-дар, еңкейетін е-ді-ң-дер, шалқай-атын е-ді-ң-дер*
II сыпайы форма	*еңкей-етін-сіз, шалқай-атын-сыз, иіл-етін-сіз, сөйле-йтін-сіз, жұмса-йтын-сыз, еңкейетін е-ді-ңіз, шалқай-атын е-ді-ңіз*	*еңкей-етін-сіз-дер, шалқай-атын-сыз-дар, иіл-етін-сіз-дер, сөйле-йтін-сіз-дер, жұмса-йтын-сыз-дар, еңкейетін е-ді-ңіз-дер, шалқай-атын е-ді-ңіз-дер*
III	*еңкей-етін, шалқай-атын, иіл-етін, сөйле-йтін, жұмса-йтын, еңкейетін е-ді, шалқай-атын е-ді*	*еңкей-етін, шалқай-атын, иіл-етін, сөйле-йтін, жұмса-йтын, еңкейетін е-ді, шалқай-атын е-ді*

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді тағы бір рет тыңдап, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Тынымбай Нұрмағамбетов 1947 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қосүйеңкі ауылында туған.		
1968 жылы Қызылорда қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы Педагогикалық институттың орыс тілі және әдебиеті факультетін бітірген.		
1981 жылы М. Горький атындағы Жоғары әдебиет курсын бітірген.		
Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының сценарийлік коллегиясында, «Қазақ халқы» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет еткен.		
1979 жылы осы жинақтың орыс тіліндегі нұсқасы үшін Бүкілодақтық М. Горький атындағы жастар сыйлығын алған.		
Жазушының бірнеше шығармасы ағылшын тіліне аударылып, жеке кітап болып басылды.		
Жаңақорған ауданының құрметті азаматы.		
«Парасат» орденінің иегері (2006).		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Қиясжан-н...

Тәтті ұйқыда жатқан Қияс Айбол бригадирдің қарлыға шыққан үнінен **оянып** кетті. Көзін уқалап-уқалап қойып, іргесі түрулі керегеден сыртқа қарап еді, таң атып қалған екен. Керегенің көзінен Айболдың сары атының тұяқтары **көрінді**. Бала жылы төсекті қимай, аз-кем жатқысы келіп еді, тағы да Айбол шал жайшылықтағыдай мейірімді жұмсақ даусымен: «Қиясжан, тұра ғой. Кешегі атыздарға тезірек барып су салмасаң, сепкен дәнімізді қарға жеп кетер», — деді.

Қияс жастықтан басын **көтерді**.

— Төржан келін, қалайсың? — Айболдың даусы дәл іргеден таңғы ауамен ап-анық **естіліп** тұр.

Төржан әуелі ыңырси қозғалып, бір аударылып **түсті**.

— Шүкір-р, тәуірмін, қайнаға.

— Лайым тәуір бол, қарағым! Ауруға қарайлайтын заман да көзден бір-бір ұшты. Дүние мынау астан-кестен. Іске жарардың бәрі де майданға кетіп тынды. Егістің уақыты өтіп **барады**. Жарайды енді... Қайсыбірін айтарсың.

— Қиясжан, тұрдың ба?

— Тұрдым.

...Киініп болған соң, «апа, мен жұмысқа кетемін» деген ыңғаймен шешесіне қарады...

— Бара ғой, қарағым. Сусын, наныңды ала кет, — деп Төржан баласына іргедегі қызыл қауақты **нұсқады**. Бала шешесі нұсқаған жаққа бұрылып, қолына қызыл қауақты, дастарқанның бір шалғайына бөлек оралған нанды **алды**. ...Інісі Сауыт әлі оянған жоқ. Басы жастықтан аунап түсіп, бетін іргеге берген күйі тәтті ұйқының құшағында **жатыр**. Қияс сыртқа **шықты.**

(Т. Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінен үзінді)

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтін мазмұны бойынша тест тапсырмаларын орында.

1. Қиястың інісі
А) Айдабол
Ә) Төржан
Б) Сауыт

2. Айбол атаның атының түсі қандай?
А) қара
Ә) күрең
Б) сары

3. *Тәмді* сөзінің антонимі
А) жұмсақ
Ә) ащы
Б) дәмді

4. Өткен шақта тұрған сөз
А) көрінді
Ә) қарады
Б) оянып кетті

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Берілген мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

- Еңбегі аздың өнбегі аз.
- Еңбегіне қарай — құрмет,
  Жасына қарай — ізет.
- Еңбек — адамның екінші анасы.
- Қимыл шынықтырады.

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Мәтіндегі қою қаріппен берілген етістіктерді ауыспалы өткен шаққа қойып, сөйлемді жаз. Сөйлем мазмұнының қалай өзгергенін түсіндір.

Үлгі: Тәтті ұйқыда жатқан Қияс Айбол бригадирдің қарлыға шыққан үнінен **оянып** кетті.
Тәтті ұйқыда жатқан Қияс Айбол бригадирдің қарлыға шыққан үнінен **оянатын**.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



Т. Нұрмағамбетов

Тынымбай Нұрмағамбетовтің шығармаларында нәзік лиризм басым. Оның кез келген туындысында кейіпкерлермен іштей сырласып, жүздесіп, сөйлескендей сезімде боласың. Жазушы өз кейіпкерлерінің жан дүниесін, нәзік сезімін, сырын ашуда жасандылыққа бой алдырмайды. Олар туралы кесіп-пішіп ештеңе айтпайды. Олардың іс-қимылы, сөйлеген сөздері, монологтері арқылы бар болмысын танытады. Оқырман сол арқылы қай кейіпкердің қандай екенімен таныс болып, өз бағасын береді. Шығарма кейіпкерімен бірге қуанып, бірге жылап, бірге қобалжып, уайымдап отырады.

(С. Ержанова)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Етістік	Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
барыпты			
еңкейген еді			
рақаттанған			
шалқаятын			
иілген екен			
оянған жоқ			
тұрдым			
дағдыланыпты			
көмектескенсіз			
шыныққан едік			

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Тынымбай Нұрмағамбетов туралы ақпарат жинап, тұсаукесер дайындаңдар.
Ол кім? Оның қандай шығармалары бар?
Жазушы туралы кімдер қандай пікір айтқан?

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

12 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, «Шығу парағын» толтыр.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... үйрендім.

ЕСТЕ САҚТА!

Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Он төрт жасар жігіт» әңгімесі «Қош бол, ата!» деп аталатын кітабында жарияланған.

Еңбек етсең ерінбей...

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

бауыр, бүйрек, бұлшық, жүрек, иық, алақан, шаршау, үндемеу

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Спорт адам денсаулығына пайдалы ма?
2. Спортпен айналысу үшін адамда қандай қасиет болу керек?
3. Спорт адамның мінезіне қалай әсер етеді?

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

1. Дене еңбегімен үнемі шұғылдан... (-ған, -қан,-кен) адамның бұлшық ет талшықтары тез өс... (-ыпты, -іпті, -кен). 2. Күнделікті дене жаттығуларын жасау жүрек, бауыр мен бүйректің жұмысын жақсартуға көмектес... (-кен, -ған, -ген). 3. Аймақтық жаттығуларға иық, кеуде, қол бұлшық еттерімен жасалатын гимнастикалық жаттығулар жат... (-қан, -қансыз, -қан еді). 4. Дәрігерлер жүректің жұмысын жақсарту үшін түрлі жаттығулар жасауды ұсын... (-ыпсыз, -ыпты, -ып едім). 5. Мен бүйрекке тас жиналмауы үшін лимон қышқылы қосылған суды жиі іш... (-кенмін, -кенсің, -кен).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Түсінгеніңді баянда.

АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер. Мәтін үзіндісі бойынша оқиғаның дамуын болжап айт.

1. Әңгіме кім туралы?
2. Қиястың әкесі қайда?
3. Ол тарылықтың неше гектар жеріне жауап береді?
4. Ол тарылықты суаруды кімнен үйренді?
5. Ол су аққан жерді бітей алды ма?
6. Оның орнында сен болсаң, не істер едің?

Горизонт

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сөйлемдердегі жедел өткен шақта тұрған етістіктерді тауып, бұрынғы және ауыспалы өткен шаққа айналдырып жаз. Сөйлемнің мазмұны қалай өзгергенін түсіндір.

Үлгі: *Соғыс басталғаннан кейін балалардың Саянның әңгімесін тыңдауға мұршалары да болмай* ***кетті****. Соғыс басталғаннан кейін балалардың Саянның әңгімесін тыңдауға мұршалары да болмай* ***кетіпті/кеткен/кеткен еді****.*

1. Соғыс басталғаннан кейін балалардың Саянның әңгімесін тыңдауға мұршалары да болмай кетті. 2. Майданға кеткен жалғыз ағасының орнына Саянның өзі арба айдауға шықты. 3. Бұрынғыдай сиыр, ешкілерін арқандап қойып, шалғында аунап, Саянның әңгімесін тыңдап жататын заман көзден бұл-бұл ұшты. 4. Жаз бойы шым тасып, сенделіп кеткен Саян да үйіне келіп, бұрынғыша балаларды әңгімеге кенелдіріп тастады. 5. Ол бұл жолы балаларды шұбыртып ауыл сыртындағы қырманның орнына ертіп апарды. 6. Ағасы Жанарбектің соғысқа қатысқалы қанша немісті қырғанын және қалай қырғанын айтты. 7. Балалар Саянға телміре қараған күйі үнсіз отырып қалды *(«Он төрт жасар жігіт» әңгімесінен)*.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Қияс пен оның інісі Сауыттың диалогін оқы. Аға мен іні арасында қандай сыйластық бар? Айтып бер. Балалардың сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларына мән бер.

Сауыт бетінің терін алақанымен сүрткіштеп біразға дейін үнсіз отырды да, ағасы тамақтанып болған соң барып сөйлей бастады:

— Өзің шаршадың ба?

— Аздап қана.

— Көтерме құлап қапты ғой.

Қияс бұл жолы үндеген жоқ.

— Бүгін сиырды қойнауға арқандадым.

— Аударып арқандадың ба?

— Аудардым. Сосын қайтып келіп, апама шай қойып бердім. Шай ішіп, апам борша-борша боп терледі. «Кешегіден тәуірмін», — дейді.

Шешесі туралы айтқанда, Сауыт өзінше байсалды сөйлеп, ағасын жұбатпақ болған ниет танытты.

Қияс оның тершіген басынан жайлап сипап қойды.

— Енді үйге қайтасың ғой?

— Қайтайын.

(Т. Нұрмағамбетов)

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сенің інің/қарындасың/сіңлің бар ма? Сен оларға қандай қамқорлық жасайсың? Сауыт пен Қияс сияқты бір-бірлеріңе көмектесесіңдер ме? Көршіңмен осы тақырыпта диалог құрыңдар. Диалогте екпін түрлерін және *айтқаныңды орындайын, ашулана көрме, көңіліңе алмашы, ақ жарқын, сүп-сүйкімді, тәп-тәтті, қамқор, кішіпейіл* т.б. сөз орамдары сияқты сөйлеу этикеттерін орынды қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Т. Нұрмағамбетовтің «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінің толық нұсқасын оқы. «Еңбекқор Қияс» деген тақырыпта эссе жаз.

Кіріспе бөлім:
Ұлы Отан соғысы, соғыс уақытындағы балалардың өмірі туралы жаз.
Негізгі бөлім:
1. Қиястың тарылықты суару кезі жайлы жаз, повестегі нақты деректерді пайдалан.
2. Қиястың әкесінен үйренгенін қалай қолданғанын, оның еңбекқорлығын дәлелдермен жаз.
Қорытынды бөлім:
Ойынды қорытындыла. Қазіргі балалардың өмірімен байланыстыр.



ЕСТЕ САҚТА!

Күнделікті дене жаттығуларын жасау жүрек, бауыр, бүйректің қызметін жақсартады.

Еңбекпен келген жеңіс

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

іш, өкпе, құрама, бапкер, ұйқышыл, шалдығу, бел, өкше

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.









1. Қазақстанның қандай олимпиада жеңімпаздарын білесің?
2. Олардың ішінде кімді ерекше жақсы көресің? Неге?
3. Ол қандай спорт түрінен чемпион атанған?
4. Ол қазір қайда жұмыс істейді?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, сөйлемді жаз.

Бұл кезде Қияс жалғыз қабат шұлғау... әзер сыятын қолдан тігілген көне етігі... өкшесін босаға... тірей тартқыштап жатқан болатын. 2. Саян былшиған сары генерал... әр ұрған сайын өзгелер... айызы қанып, рақаттанып отырады. 3. Үшіншісі келе бергенде, іш... бір тебемін де, жалма-жан мылтығын тартып ала қоямын. 4. Он төрт жасар бала... тәп-тәуір шыныққан бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнап, күн... тотығып қарайған мойны мен білек терілерінде тер тамшылары моншақша жылтырайды. 5. Иығындағы әншейінде жеп-жеңіл сезілетін кетпені... өзі зіп-зілдей сияқты.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Мәтін бойынша жоспар құр.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді тағы да тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Жақсылық Үшкемпіров кім?
2. Ол қашан, қай жерде туған?
3. Ол қандай оқу орнын бітірді?
4. Ол спортта қандай жетістіктерге жетті?
5. Спорттағы жетістіктері қалай бағаланды?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Айбол ата «қарағым» деген сөзді айтқанда Қиястың неге жылағысы келгенін түсіндір.

...Өзіне таяп келіп, Айбол мейірбан дауыспен:

— Жарайды, қарағым, қалған атыздарыңды ертең-ақ суарарсың. Үйге қайта ғой. Өзің де шаршаған шығарсың, — деді. «Қарағым» деген кезде Қиястың көзінен жас та шығып кете жаздады.

— Қайтамын ғой, ата! — дегенде дауысы қалтырап та кетті.

— Бәрекелді, жігіт болды деген — осы. Мен бүгін келінді «балаң ержеткен екен» деп қуантайын.

... Қияс шаршау дегеннің не екенін бірінші рет бүгін ұқты. Іс үстінде ет қызуымен байқамаған екен. Ауылға келе жатып ол тұла бойының дел-сал боп, өзінің әбден қалжырағанын, шаршағанын білді. Иығындағы әншейінде жеп-жеңіл сезілетін кетпенінің өзі зіп-зілдей сияқты. Етігінің табанына тап бір қорғасын байлап қойғандай. Аяқтарын әр басқанда, жерден әзер көтереді. Бірақ ол сыр бермеуге тырысты. Іштей «шаршағанымды ешкімге білдірмеуім керек» деп түйді. Солай етті де. Ауылға жақындаған соң еңсесін көтеріп, жүрісін де дұрыстай бастады. Ауылдың шетінде бір топ бала жүр екен. Олардың жанынан өткенде Қияс иығындағы кетпенін де дұрыстап ұстап, өзін аса бір салмақты күйде танытты. Бұрын осындайда балаларға қосыла кетіп, бір ауық ойнап та кететіні бар еді. Бұл жолы олардың жарыса сөйлеп, біраз жерге дейін қабаттаса жүргеніне де мән берген жоқ. Қияс өзін дәл осы сәтте әкесіне ұқсатып келе жатты.

(Тынымбай Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінен үзінді)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Оқылым мәтініне сүйеніп, сұрақтарға сәйкес сөздерді жылдам жазыңдар. Кім бұрын және дұрыс толтырса, сол ұпай алады.

Кім?	Қандай?	Не істеді?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі етістіктердің қай шақта тұрғанын айт. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді тауып, талда.

Жақсылық Үшкемпіров — даңқты балуан, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы. Ол бес медалін жергілікті өлкетану мұражайына сыйлады. Бір ғасырдан артық тарихы бар бұл мұражайға кезінде хакім Абай да өз заттарын сыйға тартқан.

Жақсылық Үшкемпіров 1968 жылы Семейдегі малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, алғашқы жаттығуларын осында бастаған. Ол қазақ елін дүниежүзіне танытты.

Менің медальдарым кейінгі ұрпаққа үлгі болсын. Олимпиада чемпионы шығып, қазақты әлемге танытса, одан артық бақыт жоқ! — дейді ол.

(«Қазақ үні» газетінен)

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Өзің білетін спортшыларды кестеге жаз.

қазақ күресі	волей-бол	үстел теннисі	самбо	фут-бол	бас-кетбол	бокс	дзю-до	вело-спорт	жеңіл атле-тика	ауыр атле-тика	шах-мат


ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Қазақ халқының сөйлеу әдебінде қолданылатын қаратпа сөздерді пайдаланып, сөйлем құра. Олардың мағынасын түсіндір.

Қарағым, айналайын, ботам, шырағым, қалқам, батырым, қошақаным, қызым, балам, балапаным.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
«Қазақфильм» киностудиясында режиссер Тоқтар Қарсақбаев түсірген Жақсылық Үшкемпіровтің өмірі мен спорттағы жолы туралы «Жеңіске деген жігер» деректі фильм жайлы ақпарат жинап, тұсаукесер дайында.



ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

11 -тапсырма.
«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Жақсылық Үшкемпіров — қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9 САБАҚ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Хат жазған кездегі Қияс пен Сауыттың көңіл күйі туралы айтып бер.

Басқадан артық көруші, көкеміз Қайыпбек, қалай аман-есен жүрсің бе? Фашистерді шетінен қырып жатырсыңдар ма? Сенің солай болуыңа бұл жақтан апам — Төржан, сонан соң біз, Сауыт — екеуміз тілектеспіз. Көке, хатыңды алдық. Көке, хатты неге жиі жазбайсың? Апам тәуір болып келе жатыр. Айтпақшы, мен бүгін сағаның түбіндегі көтермені қайта соқтым. Ертең тарының бірінші суын беріп боламын.

Сауыт та аман-сау жүр. Бетімен ойнап кетпейді. Апам екеумізге шай қойып, көже істеп береді. Күбіні де өзі пісіре беретін болды.

Көке, өздеріңнің жағдайларың қалай? Фашистерді біраз қырған шығарсыңдар. ... Айтпақшы, Саянның ағасы Жанарбекті жау өлтіріп кетіпті ғой. Көке... Қалайша байқамай қалдыңдар, а?!

Көке, Саянның өзі «жақында соғысқа барамын» деп жүр. Жібермесе, қашып кетемін, әйтеуір, кетемін дейді. Ол бар ғой, көке... Ол барады. Сонан соң немістерге көресіні көрсетеді. Ол бар ғой, ол жеңіп келеді.

Көке, біз сені әбден сағындық. Қалайда аман-есен келші! Көке, мен хат жазып отырғанда, мына Сауыттың су шашып жібергенін қарашы!

Көке, ертеңнен бастап жұмысқа сенің кетпеніңді алып шығамын.

Қош бол, көке! Мен, Сауыт және апам.

(Т. Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінен)

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
***«Көке, мен хат жазып отырғанда мына Сауыттың су шашып жібергенін қарашы!»* — деп Қиястың жазғаны шын ба? Сауыт шынымен су шашып жіберді ме? Ойыңды дәлелдеп айт.**

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Қазақстанның үздік футболшысы Самат Смақовтан қалай сұхбат аласыңдар? Досыңмен ақылдасып, футболшы мен тілші арасындағы сұхбатты дайында. Спорттың адамның денсаулығына әсері туралы мағлұматты қамтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Төменде берілген етістіктердің қай шақта тұрғанын айт. Сәйкес бағанға қойып, сөйлем құра.

Рақаттанған едік, еңкейген еді, дағдыланыпты, шалқайған екен, баратын, оянған, келіпті, айтайын, пайдаланыпты, сөйлейтін, көмектескен едіңіз, өткізілген, берген еді, тұрдым, болыпты, басқарған, әңгімелескен едің, құрайтын, орындапты, көретін, тазалайтын, жығатын, шалдыққан.

Жедел өткен шақ	
Бұрынғы өткен шақ	
Ауыспалы өткен шақ	

ЖАЗЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтіннен етістікті тауып, бұрынғы және ауыспалы өткен шақта жіктеңіз.

Үлгі: *жүр*
Мен жүріппін/жүрген едім/жүретінмін
Сен жүріпсің/жүрген едің/жүретінсің
Сіз жүріпсіз/жүрген едіңіз/жүретінсіз
Ол жүріпті/жүрген еді/жүретін

ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Шетелдік досыңа Қазақстанның атақты спортшылары туралы хат жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Хат алу, киіп көру, әкесін сағыну, соғысқа бару, танымал болу, ұлттық команда, бапкер болу, даңқты балуан.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Қазақстан спортшылары туралы коллаж дайында. Сыныпта қорға.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мақал-мәтел

- Еңбегіңнен ел танып.
- Ердің атын еңбек шығарады.
- Кімнің ісі көп болса, соның күші көп.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

9 **-тапсырма.**
«Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Бөлім бойынша не үйрендің?
2. Етістіктің ауыспалы және бұрынғы өткен шақ түрлерін дұрыс қолдандың ба?
3. Бөлім бойынша қандай сұрақтарың бар?
4. Бөлімдегі қай тақырып саған ұнады?
5. Қандай тапсырмаларды орындауда қиналдың?

ҰҚСАТЫМ. СӘН. ТАЛҒАМ

Ақан сері «Жігіт сипаты, қыз сипаты»

1—2 САБАҚ

Киім кию мәдениеті

ЖАҢА СӨЗДЕР

жарасымды, сымбатты, ыңғайлы, талғам, бәсекелестік, ұқсастық, әсер ету

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен киімді өзің таңдайсың ба, әлде ата-анаңмен бірге таңдайсың ба?
2. Ата-анаңмен киім таңдаудағы талғамың сәйкес келе ме?
3. Киім таңдағанда қандай ерекшелігіне қарайсың?

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Берілген мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндір.

1. Кісінің кісілігі, киімінде емес, білімінде.
2. "Адамда бәрі әдемі болуы керек: беті де, киімі де, жаны да, ойы да" (А.П.Чехов).

ТІЛДІК БАҒДАР

МАҚСАТТЫ КЕЛЕР ШАҚ

Етістіктің мақсатты келер шақ формасы сөйлеушінің алда болатын істің болжалды әрі мақсатты түрде орындалатынына көзқарасын білдіреді.

1. Мақсатты келер шақтың жасалуы: етістік түбіріне *-мақ, -мек, -бақ, -бек, - пақ, - пек* қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мұнда әрекет жүзеге аспайды, бірақ соны орындау мақсаты көзделеді. Мысалы: мен **бар**+*мақ*+**қпын** (барған жоқ, бірақ баруды мақсат етіп отыр); сен **көр**+*мек*+**сің** (әлі көрген жоқ, бірақ көруге нақты мақсат қойып тұр); ол жаңа аяққиімін көрсет+*пек* (әлі көрсеткен жоқ, бірақ көрсетуді мақсат етіп отыр).

2. Мақсатты келер шақтың жасалуы: *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* көсемше тұлғасында (бар+ғалы ...) тұрған етістікке **жатыр, жүр, отыр, тұр** көмекші етістіктерін тіркеу арқылы жасалады. Мұнда сөйлеуші іс-әрекеттің жақын арада болуы тиіс екенін көрсетеді. Сөйлем ішінде қолданғанда, жіктік жалғаулары осы көмекші етістіктерге жалғанады. Мысалы: Мен сол оқиғаны **талқыла**+*ғалы* ***отырмын***. Бір жыл бұрын болған табиғи құбылысты **айт**+*қалы* ***тұрсың*** **ба**? Ол ыңғайлы киім ки+*гелі* ***отыр***.

3. Мақсатты келер шақтың жасалуы:

I жақта: **жекеше** түрде: *-айын, -ейін, -йын, -йін*; **көпше** түрде: *-айық, -ейік, -йық, -йік*; Мысалы: Сабақты мен **айт**+*айын*. Біз **айт**+*айық*.

II жақта: **нөлдік форма** (ешқандай жалғаусыз); Мысалы: Сен жылын_

III жақта: **жекеше** түрде де, **көпше** түрде де -**сын**, -**сін** қосымшалары жалғанады. Ол айт+*сын*.

Егер сөйлеуші алдағы уақытта жүзеге асырылатын іс-әрекеттің орындалуын талап етсе және оны өтеу қажеттігін жеткізуді мақсат еткенде мақсатты келер шақтың осы формасы қолданылады.

ТЫҢДАЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орында.

Сұрақтарға жауап бер.

1. «Адам көркі — шүберек» дегенді қалай түсінесің?
2. Қалай ойласың, мәтінді кім баяндап тұр?
3. Ол қандай киім кигенді ұнатады?
4. Оның себебі не? Тірек сөздерді пайдаланып жауап бер: ыңғайлы, еркін сезіну, қыспайды, жұмсақ, жеңіл, қалта.
5. Спорттық киімдер қандай матадан тігіледі?
6. Сен өзің күнделікті өмірде қандай киім кигенді ұнатасың?
7. Киімге көп ақша жұмсаған дұрыс па? Қалай ойлайсың?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір. Сөздікті пайдалан.

Киім кию мәдениеті

Адамның қоғамда өзін ұстауы мен киім киісінен де мәдениеті көрінеді. Адам өзінің киім киісімен халыққа өнеге көрсете алады. **Жарасымды** киім кию әдебі — адамдардың ақыл-ойы мен эстетикалық талғамының, еңбегінің жемісі. Адам ортасына қарай киім таңдайды. Тойға киетін киімді жұмысқа киіп бармайды. «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген мақал бар. Адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесіне байланысты туатыны рас. Бірақ одан қымбат киім киген адам ғана **сымбатты** болып көрінеді деген ой тумауы керек. Бұл жерде жарасымды, **ыңғайлы** киім туралы айтылып тұр.

Киім адамның ерекшелігін, **талғамын** көрсетеді. Киім кейде адамды **әсем**, кейде әдепсіз етіп көрсетеді, кейде талғамсыз етіп көрсетеді. Жарасымды киім киген адам қашанда өзіне-өзі сенімді болып көрінеді.

Киім адамды суықтан, ыстықтан, жауын-шашыннан қорғайды. Киіміне қарап адамның жасын, жынысын, қайда жұмыс істейтінін білуге болады.

Тігіншілер мен дизайнерлер жылда мыңдаған киім үлгісін ойлап шығарады. Соның арқасында адамдардың киімінде **ұқсастық** болмайды. Киімнің түрлері көп болса, әр адам өзіне тән стиль таңдай алады. Стиль әр адамның мінезі мен қызғушылығына байланысты болады. Тігіншілер көп болған сайын **бәсекелестік** болады. Ол киімнің сапалы болуына әсер етеді.

(Баспасөз беттерінен)

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мақсатты келер шақтың жасалу жолдарын салыстыр.

Жіктеу есімдігі	**Мақсатты келер шақтың** *-мақ, -мек, -бақ, -бек, - пақ, -пек* **формасы арқылы жасалуы**	**Мақсатты келер шақтың** *ғалы, -гелі, -қалы, -келі* **көсемше тұлғалы жұрнақтарына** ***жатыр, жүр, отыр, тұр*** **қалып етістіктерінің жалғану арқылы жасалуы**	**Мақсатты келер шақтың** *-айын, -ейін, -йын, -йін; -айық, -ейік, -йық, -йік* **формалары арқылы жасалуы**
Мен	түсіндір+ *мек*+пін	түсіндір+*гелі* ***отыр***+мын	түсіндір+*ейін*
Сен	түсіндір+ *мек* +сің	түсіндір+*гелі* ***отыр***+сың	түсіндір (нөлдік форма)
Сіз	түсіндір+ *мек*+сіз	түсіндір+*гелі* ***отыр***+сыз	түсіндір+*іңіз*
Ол	түсіндір+ *мек*	түсіндір+*гелі* ***отыр***	түсіндір+*сін*
Көпше түрде			
Біз	түсіндір+*мек*+піз	түсіндір+*гелі* ***отыр***+мыз	түсіндір+*ейік*
Сендер	түсіндір+*мек*+сіңдер	түсіндір+*гелі* ***отыр***+сың+дар	түсіндір+*іңдер*
Сіздер	түсіндір+*мек*+сіздер	түсіндір+*гелі* ***отыр***+сыз+дар	түсіндір+*іңіздер*
Олар	түсіндір+*мек*	түсіндір+*гелі* ***отыр***	түсіндір+*сін*

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Суреттегі балаларға ат қойып, оның киім киісін сипаттап, мақсатты келер шақ формасында жаз. Бір қыз балаға, бір ұл балаға ұлттық киімді/спорттық киімді киюге сыпайы түрде сөйлеу этикеті формаларын қолданып бұйрық бер.





Үлгі: Бұл — Алуа. Ол сәнді киім ки+***мекші***.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Дұрыс нұсқаны таңда.

1. Киім адамның ерекшелігін
а) мүмкін емес
ә) көрсетеді

2. Киім кейде адамды әдепсіз етіп
а) көрсетеді
ә) көрсетпейді

3. Жарасымды киім киген адам қашанда өзіне-өзі
а) басқаларға ұнайды
ә) сенімді болып көрінеді

4. Киім адамды суықтан, ыстықтан, жауын-шашыннан
а) қорғайды
ә) алып шығады

5. Киіміне қарап қайда жұмыс істейтінін
а) білу қиын
ә) білуге болады

6. Тігіншілер мен дизайнерлер жылда мыңдаған киім үлгісін
а) ойлап шығарады
ә) өзгеріссіз қалдырады

7. Киімнің түрлері көп болса, әр адамның өзіне тән стиль таңдауына
а) қиындық туады
ә) мүмкіндік туады

8. Стиль әр адамның мінезі мен қызығушылығына
а) қарамайды
ә) байланысты болады

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Төмендегі ойлармен келісесің бе, әлде келіспейсің бе? Ойыңды тұжырымдап айт.

1. Адамның қоғамда өзін ұстауы мен киім киісінен де мәдениеті көрінеді.
2. Адам өзінің киім киісімен халыққа өнеге көрсете алмайды.
3. Жарасымды киім кию адамдардың эстетикалық талғамының, еңбегінің жемісі емес.
4. Адам ортасына қарай киім таңдамайды.
5. Тойға киетін киімді жұмысқа киіп баруға болады.
6. Киіміне қарап адамның жасын, жынысын білуге болады.
7. Қымбат киім киген адам сымбатты болып көрінеді.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

Қажетті сөздер: сымбатты, жарасымды, талғам, ыңғайлы.

Кез келген адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесіне байланысты туады. Алайда қымбат киім киген адам үнемі ... болып көрінбейді. Сондықтан киім кию үшін де ... керек. Біріншіден, киім денеге ... болғаны жақсы. Екіншіден, ... болғаны дұрыс.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндір.

Адам баласы әдемі киімімен жақсы болмайды,
Әдеп білімімен жақсы болады.

Жаман базардан жақсы киім сатып ала алмайсың.

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
«Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген нақылды орыс тіліне аудар, мәнін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Мақсатты келер шақтың тиісті қосымшасын таңдап, сөйлемдерді аяқта.

Үш аптадан соң мектепте жаңа жылдық кеш бол+**мек/мақ**. Мен кешке жарасымды киім ки+**мек/пек**+пін. Менің достарымның бәрі сымбатты. Олардың талғамы жақсы. Біздің талғамымызда ұқсастық бар, бәріміз ыңғайлы әрі жарасымды киімді ұнатамыз. Жаңа жылдық кешке бәріміз әсем болып бар+мақ/мек+пыз. Сондықтан біз бір түсті киім ки+**ейін/ейік** дедік. Өкінішке орай, бәрімізге жарасымды бір түсті киім кездеспеді. Одан кейін әрқайсымыз өзімізде бар киіммен бар+**айық/йық** деп шештік.

АЙТЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
«Сәнгер» ойыны. Әр оқушы болашақта сәнгер болатынын айтады:

1. Қандай стильдегі киім үлгісі ұнайтынын;
2. Ол киім үлгісінің не себепті ұнайтынын айтады;
3. Өзі таңдаған бір киім үлгісінің суретін салады;
4. Оз ойын тірек сөздерді пайдаланып, мақсатты келер шақта баяндайды.

Киім үлгісінің стильдері:
романтикалық;
классикалық;
спорттық;
ұлттық;
еркін.

Тірек сөздер:

жарасымды,	талғам,
сымбатты,	киім үлгісі,
ыңғайлы,	киіну, тігу.

Үлгі: Мен болашақта сәнгер бол-мақ-пын. Маған классикалық стильдегі киімдер ұнайды.

Себебі ... ... болашақта классикалық үлгідегі киімдер тігемін.

ЕСТЕ САҚТА!

Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі дүниесінен хабар береді. Киім адамның болмысын, ерекшелігін көрсетеді. Жарасымды, қонымды киім киген адам қашанда өз-өзіне сенімді болып көрінеді.

Жарасымды да сәнді киінеміз

3–4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

сапалы, безендірілген, сән, түйме, түйреуіш, жең, күртеше

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер. Пікірлеріңді дәлелдеп айт.

1. Қандай үлгідегі киімді көп киесің?
2. Қандай түсті киімді ұнатасың?
3. Жаңа сән үлгісіндегі киім ұнай ма?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. Сен Қазақстан құрамасының спорттық киімін көрдің бе?
3. Қалай ойлайсың, спорттық киім неліктен көк түсті?
4. Мәтін кімнің атынан баяндалған?
5. Мәтіндегі аяқкиім таңдаудың өлшемімен келісесің бе?
6. Сен қандай аяқкиім киесің?
7. Өзіңе аяқкиімді қалай таңдайсың?

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Суреттегі Қазақстан құрама командасының спорттық киімін сипатта. Тірек сөздерді пайдалан: түс, жеңіл, жұмсақ, сапалы, талғам, жең, қалта, жарасымды, ыңғайлы, безендірілген.



Қазақ-Орыз

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтіндегі мақсатты келер шақта тұрған етістіктерді тап. Бос орындарға қажетті сөздерді жаз. Күрделі сөздердің дұрыс жазылуын ескер.

Қажетті сөздер: безендірілген, сапалы, сән, талғамың.

Кәусар өзіне аяққиім алмақ болып, анасымен дүкенге барды. Дүкенде сәнді аяққиімдер көп екен. Кәусар анасына:
— Анашым, ыңғайлы және ... кроссовки алайық, — деді.
— Жақсы. Сабаққа барғаныңа да ыңғайлы әрі жеңіл болады, — деп, анасы құптады.
Кәусар біраз жүріп, жылтыр тастармен ... , бауы жоқ, ақ кроссовкиді таңдады. Анасы:
— Сенің ... жақсы. Аяққа ыңғайлы әрі классикалық ... үлгісімен тігілген екен. Құтты болсын! — деді. Олар дүкеннен шығып, тамақтанбақ болып асханаға барды.



ТІЛДІК БАҒДАР

Болжалды келер шақ

Егер сөйлеуші сөйлемде айтылатын іс-әрекеттің болатынына нақты шек қоймай, тек болжалды түрде айтса, ол болжалды келер шақ деп аталады.

1. Болжалды келер шақ етістікке есімшенің **-ар, -ер, -р** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады (**айт+ар, кел+ер, дәйекте+р**). Жіктік жалғаулары осы есімше тұлғалы сөзге жалғанады. Мысалы: **Қазақ тілінде жақсы сөйлейтінімді дәлелде+*р*+*мін*. Сабақ айтқан кезде *ойынды* нақты айт+ар+сың.**

2. Тәуелдік жалғауы жалғанған -у тұлғалы тұйық етістікке «мүмкін/ тиіс/ керек/ қажет» тәрізді сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: **айт+*у*+*ым* қажет, түсіндір+*у*+*ің* керек, оқ+*у*+*ы* тиіс.**

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мақсатты келер шақ пен болжалды келер шақтағы етістікті салыстыр.

Жіктеу есімдігі	Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ
Мен	айт+***у***+*ым* керек	жаз+***бақ***+*пын*
Сен	айт+***у***+*ың* керек	жаз+***бақ***+*сың*
Сіз	айт+ ***у*** +*ыңыз* керек	жаз+***бақ***+*сыз*
Ол	айт+ ***у*** +*ы* керек	жаз+***бақ***
Көпше түрде		
Біз	көр+***ер***+*міз*	жүр+***мек***+*піз*
Сендер	көр+***ер***+*сіңдер*	жүр+***мек*** +*сіңдер*
Сіздер	көрт+***ер***+*сіздер*	жүр+***мек*** +*сіздер*
Олар	көр+***ер***	жүр+***мек***

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын сөздікті пайдаланып анықта.

Жарасымды да сәнді киінудің маңызы зор. Киім — талғам мен мінездің көрсеткіші. Сондықтан мен стиль туралы ақпарат жинадым. Сондағы білгенім — әр стильдің өзіндік ерекшелігі болады екен. Мысалы, классикалық стильдегі киімдер кедергі келтірмейді, ыңғайлы болады. Олар түстері қатты ашық емес, бірыңғай немесе ұсақ суретті, жоғары **сапалы** матадан тігіледі. Қарапайым аксессуарлар және әшекейлермен **безендіріледі**. Орташа өкшелі немесе өкшесіз аяққиімдер классикалық **сән** стиліне тән. Ал романтикалық стильде, керісінше, әдемілік немесе нәзіктікті әдеттегіден тыс бөліп көрсетеді.

Спорттық стиль — демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер.

Этностиль — ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер көп пайдаланылады.

«Талғамға талас жоқ» дейді. Әр адамның талғамы әртүрлі. Дегенмен киімді таңдағанда өзіне жарасымды, ыңғайлы болғаны дұрыс деп ойлаймын. Кей адамдар желбір салынған көйлектерді ұнатады. Маған ұнайтын көйлегім ұсақ гүлді матадан тігілген. Бірде сол көйлегімнің **түймесі** түсіп қалды. Оған дұрыс келетін түймені көп іздедім. Ертеңіне құрбымның туған күні еді. Сондықтан түйменің орнына сәнді **түйреуіш тақтым**. Көйлегім жұқа әрі **жеңі** қысқа болған соң, сыртынан **күртеше** кидім. Туған күнге әдемі болып бардым. Сол күн керемет өтті. Кейін түймесін қадап, қайта үтіктеп, тазаладым.

(Н. Қалкенқызы)

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтіннен стиль түрлерінің сипаттамаларын тауып, кестеге бөліп жаз.

Классикалық стиль	Спорттық стиль	Этностиль
Ыңғайлы, ...		

ОҚЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Мәтінді тағы бір рет оқы. Берілген жоспарды мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.

Жоспар:
1. Романтикалық стиль
2. Киімді талғаммен таңдау
3. Этностиль
4. Автордың көзқарасы
5. Классикалық стиль
6. Спорттық стиль

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін кімнің атынан баяндалған деп ойлайсың? Себебін дәлелде.
2. «Талғамға талас жоқ» деген сөздің орыс тіліндегі нұсқасын тауып, салыстыр. Айырмашылық не ұқсастық таптың ба? Түсіндір.
3. Мәтін мазмұнына тағы не қосар едің? Қандай стиль туралы айтқың келеді?

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мақсатты келер шақтағы сөздерді бір бағанға, болжалды келер шақтағы сөздерді бір бағанға бөліп жаз. Жасалу жолдарын түсіндір.

Барар, келмек, айтпақ, беруі керек, көрер, көрсетпек, жаттауы тиіс, төсер, отыруы қажет, жуар, салар, шығуы керек, шығар, сырғанамақ, сөндіруім керек, жатар, айтуың керек, санамақ, тығылмақ, айтыспақ.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Мәтінді дәптерге жазып, мақсатты және болжалды келер шақта тұрған етістіктерді анықта. Жасалу жолдарын түсіндір. Жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіндір.

Асыл жеңіл спорттық үлгідегі киімдерді ұнатады. Оның туған күніне Азамат ағасы классикалық үлгідегі шалбар мен жейде сыйламақ болды. Ағасы сапалы киімді бағалап, Асыл сыйлықты ұнатар деп ойлады. Осы оймен ағасы Асылға қоңырау шалды. Өзінің сыйлық алмақ ниетін айтты. Асыл ағасына киімді міндетті түрде киіп көруі керегін айтты. Азамат ағасы Асылды күтпек болып, далаға шықты. Жиырма минуттан кейін Асыл келді. Жейденің жеңі әдемі түймемен безендірілген. Шалбар да жарасымды. Асылда осы шалбар түстес күртеше бар. Сол күртешемен бірге киермін деп қатты қуанып, ағасына алғыс айтты.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Киім туралы қандай мақал-мәтел білесің? Білетін мақалыңды дәптерге жазып, оның мағынасын түсіндір.

Үлгі: Киім адамның көркін ашады. Киімі өзіне жарасымды болса, адам әдемі көрінеді.

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.
Сен киім дүкенінде сатушысың. Дүкенге анасымен қыз бала/ұл бала келді. Сенен қандай ыңғайлы киім бар екенін сұрады. Сен әртүрлі стильдегі киімдер бар екенін айт. Төмендегі сөздерді пайдаланып, киімді киіп көруіне сыпайы түрде ұсыныс айт.

— ... , мына ... киімді киіп көріңіз. Бұл киім ыңғайлы және ... болады.

Қажетті сөздер: спорттық, күнделікті, өтінемін, жарасымды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14 -тапсырма.
6-тапсырмадағы мәтін мазмұнына сүйеніп, суреттегі киім үлгілері қандай стильге жататынын анықтап, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазыңдар.









Ақан сері Қорамсаулы «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты»

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

бөрік, әсем, жеңілдік, жұмсақ, қалта, бау, тағу, айна, топтама, сұңғақ, көрсетілім

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің сыныптастарыңның, достарыңның мінездері қандай?
2. Олардың бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Суретке қарап, батырлардың бойында қандай қасиет болатынын айт.



Қазақтың батыры



Кенесары хан



Екі дүркін Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов



Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы



Кеңес Одағының Батыры Қасым Қайсенов

ОҚЫЛЫМ

3 **-тапсырма. Мәтінді оқы.**



Ақан сері Қорамсаұлы

Қорамсаұлы Ақан сері (1843—1913) — қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Ақан сері Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында туған. Әкесі Қорамса, шешесі Жаңыл қарапайым шаруа адамдары болған. Алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашып, кейін (1856—1859) Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) медресесінде оқыған.

Ақан сері өмірін өнер жолына арнаған. Халық Ақанның бойындағы қайталанбас биік өнерді жоғары бағалаған. Халық ақынның өлеңдерін сүйіп орындайды.

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4 **-тапсырма.**
Мәтінді мәнерлеп оқы.

Жігіт сыны

Жігіт боп, ғайһар тастай асыл болса,
Әлсізге жаны кілең ашыр болса.
Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас,
Не пайда шүберектей жасыл болса?!
Көзі де, көңілі де соқыр қараңғының,
Несі адам түк білмейтін масыл болса?!
Наркескен қайырылмайтын қылыш болса,
Мінез, ақыл, өнері дұрыс болса!
Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт,
Жорғадай тілі майда жүріс болса!
«Ақылды, сабырлы ер!» деп соны айтамыз:
Еткені берекелі жұмыс болса!
Бұл айтқан ақылымда жалған бар ма?
Көріңдер миға салып, бұрыс болса.
Бозбала шамшырақтай фанар болса,
Ішінде қалың топтың жанар болса.
Ақиқат адамдықтың белгісі сол:
Су берсең, балдай көріп қанар болса.
Ақылсыз кейбіреудің мінезі сол:
Бір сөзді екі қылып жамар болса.
Бұл саған айтқан, досым, өсиетім,
Жүре бер тыңдамай-ақ залал болса.

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Берілген сұрақтарға өлең жолдарынан жауап тауып оқы.

1. Асыл жігіт қандай болады?
2. Масыл жігіт қандай?
3. Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт қандай болады?
4. Ақылды, сабырлы жігіт қандай болады?
5. Адамдығы бар жігіт қандай болады?
6. Ақылсыз жігіт қандай болады?

Көркем-Оқимыз

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендір.

1. Әлсізге жаны кілең ашыр жігіт қандай болады?	а. Масыл жігіт
2. Көзі де, көңілі де соқыр қараңғы жігіт қандай болады?	ә. Асыл жігіт
3. Мінезі, ақылы, өнері дұрыс қандай жігіт болады?	б. Ақылды, сабырлы жігіт
4. Еткені берекелі жұмыс болатын қандай жігіт?	в. Бір сырлы, сегіз қырлы
5. Қалың топтың ішінде жанып тұратын қандай жігіт?	г. Ақылсыз жігіт
6. Бір сөзді екі қылып жамайтын қандай жігіт?	ғ. Адамдығы бар жігіт

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Тыңда.

Қыз сыны

Бірінші бір қыз келер ақша маңдай,
Жамағат — үлкен-кіші мақтағандай.
Анадан туғаннан-ақ болып дана,
Әлінше жақсыларды жақтағандай.

Құрбысын жауға бермес ол шаһбаз,
Жолдасын сары алтындай сақтағандай.
Жүреді теңін тауып ойнап-күліп,
Сыны жоқ жұмысының ақсағандай.

Екінші бір қыз келер тілі жорға,
Ұқсаған жұмақтағы бейне хорға.
Ажары, ақша беті сағымданып,
Жарасар құлағына алтын сырға.


*Сариев Шаймардан.*Қыз Жібек

Үшінші бір қыз келер қара шашты,
Күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.
Шомылған айдын көлдің аққуындай,
Отырар «ағажан!» деп кәрі-жасты.

(Ақан сері)

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Берілген сұрақтарға өлең жолдарынан жауап тауып, оқы.

1. Бірінші қыз қандай?
2. Екінші қыз қандай?
3. Үшінші қыз қандай?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Өленнен әр қыздың сипаттамасын тауып, сызбаны толтыр. Күрделі сөздердің жазылуына мән бер.



АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Өленді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тілі жорға, жұмақтағы хор қызына ұқсайтын қай қыз?
2. Құрбысын жауға бермейтін қай қыз?
3. Күлім көз, оймақ ауыз қай қыз?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Суреттерді өлендегі қыздардың сипаттамасымен салыстырып айт.





АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Ағаларыңның қандай болғанын қалайтыныңды суреттерге қарап, баяндап бер.









ЕСТЕ САҚТА!

Асыл жігіт ақылды, сабырлы, өнерлі болады. Жұмысы берекелі болады. Жаман жігіт екі сөзді, көзі де, көңілі де соқыр болады.

Ақ маңдайлы, хор қызы. Дана қыз. Құрбысын жауға бермейді. Тілі жорға. Күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.

Көркем

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7—8 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Кестені толтыр.

Тарихи тұлғалардың бойындағы ізгі қасиеттер	Қазіргі жігіттердің бойындағы өзің байқаған қасиеттер	Жігітке тән жақсы қасиеттер

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Кестені толтыр. Өз ойыңды жаз.

Қыз Жібек, Мәншүк, Әлияның бойындағы қасиеттер	Қазіргі қыздардың бойындағы өзің байқаған жақсы қасиеттер	Қызға тән жақсы қасиеттер

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3 **-тапсырма.**
Өзің білетін ер адам туралы (атаң, әкең, ағаң, інің, досың) мәтін жаз. Мәтінде ол адамның жақсы қасиеттері, мінезі, түрі сипатталсын. Өзің жазған сипаттау мәтініндегі кейіпкер мен Ақан сері Қорамсаұлы жырлаған «Жігіт сипатындағы» ер-азаматтың қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?

ОҚЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы.

Қазақтың сәнгер жігіті

Берік Ысмайылов — халықаралық дәрежеде кең танылған сәнгер. Қазақ жігіттерінің арасында мұндай өнермен айналысатындар сирек. Ол — модельер-конструктор. Ол «Берік Ысмайылов» авторлық сән салонының директоры. Омбы политехникалық институтын, Мәскеудегі «Любовь Красникова-Аксенева» авторлық мектебін бітірген.

Берік Ысмайыловтың әкесі де өнерлі адам болған. Өнер әкесінен дарыған. Оның дизайнер-конструкторлық өнері балалық шақтан басталған.

«Азаттық» радиосының материалдары бойынша

АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұнына сай сұрақтардың ретін анықта.

1. Берік Ысмайылов кім?
2. Сәнгерге өнер кімнен дарыған?
3. Сәнгердің дизайнер-конструкторлар дайындайтын мектебі қалай аталады?
4. Ісмер жігіттің алға қойған мақсаты қандай?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 **-жағдаяттық тапсырма.**
Мектепте "Көктем аруы" атты сән апталығы өткізілмек. Апталыққа сыныптағы барлық қыздар қатысуы керек. Құрбыңның апталыққа қатысуын өтініп, телефонға хабарлама жаз. Хабарламаны ұлттық сөз әдебіне сай оралымдармен толықтыр.

Қымбатты ... !
Келесі аптада «Көктем аруы» атты ... .
Сән апталығына ... .
Жарасымды ұлттық киіммен келуіңді ... .
... !

Ұлттық сөз әдебіне сай оралымдар: құрбым, өтінемін, досым, қатысуыңды сұраймын, рақмет.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
«Жастар киімі» тақырыбына бес жолды өлең дайында.

Бес жолды өлең құрылымы:
1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. Қазақстан ұлттық құрамасының спорттық киім үлгісін суреттеңдер. Ол киім үлгісі қай жылы дайындалды, дизайнері кім болғанын анықтаңдар. Жиналған ақпарат бойынша жұпқа бөлініп, диалог құрыңдар. Диалогте ұлттық сөз әдебіне тән формаларды қолдан.

АЙТЫЛЫМ

9 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: анаңмен киім дүкеніне келдің. Сатушыдан өзіңе шақ келетін, кешкі салтанатқа қажетті қандай киім бар екенін, оның түрі мен түсін, матасын, қай елдің өнімі екенін, киімнің өлшемін сұра. Өзіңе қажетті киімді суреттеп бер.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.
Киім киюде әр адамның өзіндік стилі болады.
Кей адам сәнмен киінгенді ұнатса, кейбір адам ыңғайлы, жеңіл киінгенді ұнатады.
Киім адамға жарасымды және ыңғайлы болғаны жақсы.

1-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ — ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫП-ҮЙРЕНЕМІЗ. ҮШ ТІЛДІ БІЛУ — ҮЛКЕН ӨНЕР.

М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі

1-2 сабақ. Көп тіл білгім келеді

көптілді — многоязычный
оқып-үйрену — изучать
бап — статья
аудару — переводить
сөздік — словарь
зерттеуші — исследователь
туған — родился, родной
тіл — язык
жетік — освоить хорошо
деңгей — уровень
меңгеру — усвоить, освоение
құпия — секрет

3-4 сабақ. Талаптыға нұр жауар

қызығушылық — интерес
орысша — по-русски
ағылшынша — на английском
жеңімпаз — победитель
байқау — конкурс
халықаралық — международный
білім — образование
дағды — навык
болашақ — будущее
қалалық — городской

5-6 сабақ. «Қазақ тілі» өлеңі

ой — мысль
тең — равен
білік — умение
терең — глубокий
солғын — бледно, медленно
ұлттық рух — национальный дух
жаңашылдық — новизна
әлемдік — всемирный
тұғыр — пьедестал
отаншылдық — патриотизм

7-8 сабақ. Біз отбасымызбен мемлекеттік тілде сөйлейміз

әңгімелесу — поговорить
аралас — смешанный
сұхбат — интервью, диалог
жолсерік — проводник
еркін — свободно
оқыту — учить
тілмаш — переводчик
сағат сайын — каждый час

9-10 сабақ. Тіл табыса білу – өнер

кейде — иногда
көңіл — внимание
мүлдем — совсем, совершенно, окончательно, буквально
қасиет —качество
өнер — искусство
мүмкіндік — возможность
қоғамдық — общественный
қарым-қатынас — отношение
әдеп — этика
ерекшелік — особенность

2-тақырып. УАҚЫТ — ҰЛЫ КҮШ

А. Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңі

1-2 сабақ. Уақыт — сый

қарай — по направлению; в сторону
арасы — между
уақыт — время
өлшем — мера
түс ауа — после полудня
ымырт — сумерки
таңсәрі — рассвет
талтүс — полдень
ақшам — вечер
таңсәрі — раннее утро

3-4 сабақ. Уақыттың бос өткені

басқару — управлять
кедергі — препятствие
орындау — выполнять
нақыл — притча
әрі — также
тиімді — выгодный, эффективный
салыстырмалы шырай — сравнительная форма
өлшемдері — меры

5-6 сабақ. Уақытты бағалайсың ба?

құру — создать
санасу — считаться
өнімді — продуктивный
тапшы — скудный
өту — проходить
шұғыл — срочно
асығыс — в спешке
яғни — то есть
жоспарлау —планировать
жүзу — плавать

7-8 сабақ. Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен

қайрат-жігер — воля
қас — брови
зая — напрасно
тексеру — проверять
әсершіл —впечатлительный
күресу — бороться
ғажап — чудесно
жас ұрпақ — молодое поколение
зымырау — мчаться
өкініш — сожаление
міндетті түрде — обязательно
шығыс ақындары —поэты Востока

9-10 сабақ. Бір минут — бір кісінің өмірі

шырылдау — звенеть, верещать
қадағалау — контролировать
ермек — утеха
тоқсан — четверть
мысал — пример
ұрлау — воровать
заман — время, эра
құн — цена, стоимость

3-тақырып. ЖЕРДЕГІ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР
Д. Дефо «Робинзон Крузо» романы (үзінді)

1-2 сабақ. Ғаламдық экология мәселелері

ғаламдық — глобальный
жұқару — истончаться, становиться тонким
шаң — пыль
қатерлі — опасный, злокачественный
итбалық — тюлень
құбылыс — явление
талқылау — обсуждать
үндеу — обращение
мұнай — нефть
апатты аймақ — опасная зона

3-4 сабақ. Экологиялық сауаттылық

қорытынды — заключение, итог
көзқарас — взгляд, отношение
күрт — резко
жаратылыс — существование
кейбір — некоторый (-ая, -ое, -ые)
үздіксіз — постоянно
түсіндіру — объяснять
зиян — вред

5-6 сабақ. Ауызсу қоры не себепті азаятынын білесің бе?

жылыну — согреться
болжам — прогноз
жоғарылау — идти вверх, подниматься
қолайсыз — неприемлемо, неудобно
аптап — жара
қапырық — духота
үскірік — заморозки
сынап — ртуть
бағана — столбец
тасқын — наводнение
ауызсу — питьевая вода
ғаламдық — глобальный

7-8 сабақ. Д. Дефо «Робинзон Крузо» (үзінді)

қол үзу — прервать
қайғыға ұшырау — попасть в беду
ажал — смерть
кеменің шөгуі — сесть на мель
құбылмалы — переменная
өзгеріссіз — неизменный
тосын — сюрприз
үдеріс — процесс
өсіп-өну — расти
арал — остров
үміт — надежда
жыртқыш аңдар — хищные животные
жәндік — насекомое
киім-кешек — одежда
ауыр жағдай — тяжёлая ситуация
жиек — край

4-тақырып. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Б. Ұзақов «Жантаза»

1-2 сабақ. Ұлы дала өркениеті

дерекқор — база данных
бекініс — крепость
алыс-беріс — взаимоотношение (бартер)
сүйену — полагаться
тоғысу — пересекание
елші — посол
өркендеу — процветать
қалашық — городок
жандану — 1) оживать; 2) перен. воодушевляться; 3) перен. процветать
шығармашыл — творческий
мәртебе — статус

3 сабақ. Отырар — өркениет ордасы

билік — власть
монша — баня
кәріз — канализация
қирау — рушиться
көңіл аудару — обратить внимание
танымал — известный
ойрандау — громить; опустошать
діни — религиозный
рух — дух
мешіт — мечеть

4 сабақ. Ұлы Жібек жолы

қоршау — огородить, окружить
наразы болу — выступать против, выражать несогласие
сауда жолы — торговый путь
тасымалдау — перевозить
өндіру — производить
жетістік — достижение
созылу — длиться
опасыздық — измена, предательство
ұстахана — кузница

5-6 сабақ. Б. Ұзақов «Жантаза»

жабық — закрыто
аждаһа — дракон
ақыру — орать, кричать
періште — ангел
кері бұрылу — разворачиваться
ақсақал — старик
кенет — вдруг
сұңғақ бойлы — стройный
инабаттылық — вежливость
қуғын — изгнание

5-тақырып. ТУҒАН ӨЛКЕ ПУБЛИЦИСТИКА БЕТТЕРІНДЕ

1-2 сабақ. «Туған жер» бағдарламасы туралы не білеміз?

жер байлығы — богатство земли
бағдарлама — программа
айнадай — как зеркало
орман — лес

таудың етегінде — у подножья гор
кәсіби — профессиональный
жүзеге асыру — осуществлять
өлке — регион

3-4 сабақ. Туған өлке туралы телехабарлар

аймақ — область
қоршаған орта — окружающая среда
даму — развитие
көрермен — зритель
жоба — проект
телехабар — телепередача
сүйіспеншілік — любовь
мұра — наследие

5-6 сабақ. Туған өлкедегі киелі жерлер

киелі жер — святое место
нысан — объект
әулие — святой
тарихи оқиға — историческое событие
кешен — комплекс
тұлға — личность
жерленген — похоронен
мұнара — башня

6-тақырып. СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ КҮТІМІ

Т. Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесі

1-2 сабақ. Спорт — денсаулық кепілі

саламатты — здоровый
расында — в самом деле
дағдылану — приучаться к чему-л.; привыкать (что-л. делать); повадиться;
асқорыту — пищеварение
рақаттану — наслаждаться
шұғылдану — заниматься
жасөспірім — подросток
икемді — способный
садақ — лук

3-4 сабақ. Еңбек мұратқа жеткізер

еңкею — наклониться
шалқаю — отклониться
ояну — просыпаться
жастық — подушка
атыз — грядка; участок
қауақ — посуда, сделанная из декоративного вида тыквы
ірге — нижняя часть кереге (у юрты); основание юрты
нұсқау — указание
тәтті ұйқы — сладкий сон
иілу — поклониться
сыртқа шығу — выйти наружу

5-6 сабақ. Еңбек етсең ерінбей

бауыр — печень
жүрек — сердце
бүйрек — почки
алақан —ладонь

шаршау — усталость
астан-кестен — беспорядок; переполох
үндемеу — молчание
аунау — переворачиваться
бұлшық — мышцы
иық — плечо
шалғай — далеко
ыңырсу — тихо стонать

7-8 сабақ. Еңбекпен келген жеңіс

іш — живот
өкпе — лёгкие
құрама — сборный
бапкер — тренер
ұйқышыл — сонливый
шалдығу, ауруға шалдығу — 1) надрываться, выбиваться из сил; 2) заболеть
бел — поясница
өкше — пятка
зілдей — тяжёлый

7-тақырып. ҰҚСАТЫМ. СӘН. ТАЛҒАМ. АҚАН СЕРІ «ЖІГІТ СИПАТЫ», «ҚЫЗ СИПАТЫ».

1-2 сабақ. Киім кию мәдениеті

жарасымды — подходящий
сымбат — фигура, стать, осанка
ыңғайлы — удобный
әсер ету — влияние
талғам — вкус
бәсекелес — конкурент
ұқсастық — сходство
тігінші — портной, швея

3-4 сабақ. Жарасымды да сәнді киінеміз

сапалы — качественный
безендіру — украшать
сән — мода
түйме — пуговица
безендіру — украшать
түйреуіш — булавка
жең — рукава
белбеу — пояс
күртеше — безрукавка
киіну — одеваться

5-6 сабақ. Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты»

бөрік — шапка
әсем — красивый, грациозный, изящный
жеңілдік — скидка
жұмсақ — мягкий
қалта — карман
бау — шнурки
тағу — пришить, прикрепить, прицепить
айна — зеркало
топтама — коллекция
сұңғақ — стройный (-ая, -ое, -ые)
көрсетілім — показ
әлсіз — слабый

ГЛОССАРИЙ

Тыңдалым — (аудирование) деген терминнің білдіретін мағынасы – есту арқылы түсіну. Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Тыңдай білу — тілдік қатынастарда аса қажетті біліктердің бірі.

Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқылым — графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Интенсивті оқылым — белгілі мақсатта берілген тапсырманы орындау үшін арнайы оқу. Ол мәтіндегі сөйлемдердің қолданылуын, грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқылады.

Экстенсивті оқылым — үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) өз еркімен оқу.

Рефлективті оқу — әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу.

Рецептивті оқу — пысықталған, өңделген ақпаратты оқу, берілген дайын ақпаратты оқып түсіну.

Көз жүгіртіп оқу — мәтіндегі жалпы мағынасын, идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Ақпаратты табу үшін оқу — мәтін ішіндегі нақты ақпаратты іздеп оқу.

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары.

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз — өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз — тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алу керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойын жеткізе алады.

Мәтіналды жұмыс мұғалімнің білім алушылармен сабақтағы жаңа мәтін бойынша жүргізетін бастапқы кіріспе жұмыс түрі.

Мәтінмен жұмыс жаңа мәтіннің мазмұнымен танысып, мәтіндегі негізгі ақпараттар мен ойбөліктерін түсіну кезеңі.

Мәтінсоңы жұмыс жаңа сабақта игерілген мәтін бойынша қорытынды тапсырмаларды орындау.

Тілдік бағдар қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын түсіндірудің жүйесі.

Көкжиек-Поиск

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редак. басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тіл кеңістігі: Мақалалар жинағы. 3 том. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 580 б.
3. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Астана: Фолиант, – 2022.
4. Асанова С.Ж., Птицина А.П. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық. 3-басылым. – Астана: Фолиант, 2016. – 176 б.
5. Сәрсенхан Б. Әміре феномені // Егемен Қазақстан. 2023 ж. 28 наурыз.
6. Жюль Верн. Әлемді 80 күнде шарлау: роман / Ж. Верн. Ауд.: А.Мауданова. – Қарағанды: Qasym баспа үйі, 2022. – 286 б.
7. Ілияс Жансүгіров. Құлагер: өлеңдер мен поэмалар / І. Жансүгіров. – Алматы: Атамұра, 2003. – 356 б.
8. Жұбанов А. Қ. Замана бұлбұлдары: қаз. әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер. – Алматы: Жазушы, 2000.
9. Жүнісов С. Ақан сері: роман. – Алматы: Жазушы, 2011. – 480 б.
10. Сағаттың шықылдағы емес ермек. https://7-su.kz/news/cat-11/23248/
11. Шойынбет Ж. Абай мұраларының электронды кітапханасы туралы... 17 Сәуір, 2020. Abai.kz

Көркемдік-техникалық

Мазмұны

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ — ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫП-ҮЙРЕНЕМІЗ
ҮШ ТІЛДІ БІЛУ — ҮЛКЕН ӨНЕР
М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі

1-2 сабақ. Көп тіл білгім келеді 4
3-4 сабақ. Талаптыға нұр жауар 10
5-6 сабақ. «Қазақ тілі» өлеңі 14
7-8 сабақ. Біз отбасымызбен мемлекеттік тілде сөйлейміз 18
9-10 сабақ. Тіл табыса білу — өнер... 23
11 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?..... 26

2. УАҚЫТ — ҰЛЫ КҮШ
Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңі

1-2 сабақ. Уақыт — сый 27
3-4 сабақ. Уақыттың бос өткені... 30
5-6 сабақ. Уақытты бағалайсың ба? 34
7-8 сабақ. Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен... 38
9-10 сабақ. Бір минут — бір кісінің өмірі 42
11 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?..... 45

3. ЖЕРДЕГІ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР
Д. Дефо «Робинзон Крузо» романы (үзінді)

1-2 сабақ. Ғаламдық экология мәселелері 47
3-4 сабақ. Экологиялық сауаттылық 52
5-6 сабақ. Ауызсу қоры не себепті азаятынын білесің бе? 56
7-8 сабақ. Д. Дефо «Робинзон Крузо» (үзінді) 60
9-10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .. 64

4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ
Б. Ұзақов «Жантаза»

1-2 сабақ. Ұлы Дала өркениеті 66
3 сабақ. Отырар — өркениет ордасы 72
4 сабақ. Ұлы Жібек жолы 75
5-6 сабақ. Б. Ұзақов «Жантаза» 78
7-8 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .. 81

5. ТУҒАН ӨЛКЕ ПУБЛИЦИСТИКА БЕТТЕРІНДЕ

1-2 сабақ. «Туған жер» бағдарламасы туралы не білеміз? 83
3-4 сабақ. Туған өлке туралы телехабарлар .. 89
5-6 сабақ. Туған өлкедегі киелі жерлер 94
7 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 100

6. СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ КҮТІМІ
Т. Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесі

1-2 сабақ. Спорт — денсаулық кепілі 103
3-4 сабақ. Еңбек мұратқа жеткізер 110
5-6 сабақ. Еңбек етсең ерінбей..... 115
7-8 сабақ. Еңбекпен келген жеңіс 118
9 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 122

7. ҰҚСАТЫМ. СӘН. ТАЛҒАМ
Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты»

1-2 сабақ. Киім кию мәдениеті 124
3-4 сабақ. Жарасымды да сәнді киінеміз 129
5-6 сабақ. Ақан сері Қорамсаұлы «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты» 134
7-8 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 139

Сөздік 141
Глоссарий 147
Әдебиеттер 149

Кэкэкмек-Горизонт

Оқулық

Оқу басылымы	Учебное издание
Оразбаева Фаузия Шамсиқызы Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы Рауандина Айтжамал Қалкенқызы Мукеева Бибігүл Қазбекқызы	Оразбаева Фаузия Шамсиевна Даулетбекова Жанат Турарбековна Рахметова Райгуль Садуакасовна Рауандина Айтжамал Калкеновна Мукеева Бибигуль Казбековна
Қазақ тілі мен әдебиеті Оқулық 1-бөлім	Қазақ тілі мен әдебиеті Учебник Часть 1
Негізгі орта білім беру деңгейінің (оқыту қазақ тілінде емес) 7-сыныбына арналған	Для 7 класса уровня основного среднего образования (с неказахским языком обучения)
Ғылыми жетекші П. Қ. Юсуп Әдіскерлер Б. Қ. Мукеева, Н. Қ. Ұзақбаева Редакторлар Г. Қ. Омарбекова, Г. Исмағұлова Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, Н. Буксикова Фотосуретші П. Михеев Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова Техникалық редактор Р. Шайсламов Беттеуші Р. Ойса, А. Қорабай, А. Галиева Шығарушы редактор Қ. Р. Мұқашева	Научный руководитель П. К. Юсуп Методисты Б. К. Мукеева, Н. К. Узакбаева Редакторы Г. К. Омарбекова, Г. Исмагулова Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, Н. Буксикова Фотограф П. Михеев Дизайн обложки Д. Н. Буксикова Технический редактор Р. Шайсламов Компьютерная верстка Р. Ойса, А. Қорабай, А. Галиева Выпускающий редактор К. Р. Мукашева
16.06.2025 басылымға жіберілді. 60×90 ⅛ форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз. Таралымы 140 000 İmak Ofset Basım Yayın A.Ş. басылған.	Подписано в печать 16.06.2025. Формат 60×90 ⅛. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Тираж 140 000 Отпечатано İmak Ofset Basım Yayın A.Ş.
«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050059, Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 235 Б тел. +7 727 341 08 93 www.kokzhiek-gorizont.kz	ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050059, г. Алматы, проспект Назарбаева, 235 Б тел. +7 727 341 08 93 www.kokzhiek-gorizont.kz